Naumov E.Ju. Kovarnoe obajanie dialoga // Prava cheloveka v dialoge kul’tur [The insidious charm of the dialogue] // Human rights in the dialogue of cultures / Materialy nauchnoj konferencii 26–28 nojabrja 1998 g. – M.: RGGU, 1998. – 105 s.

Rysbaeva S.Zh. Osobennosti formirovanija politicheskogo PR v Respublike Kazahstan (politologicheskij analiz)[Features of the formation of political PR in the Republic of Kazakhstan (political analysis)]: diss.kand.polit.nauk. – Almaty, 2008. – 161 s.

Sabitov E.T. Mezhdunarodnyj imidzh Kazahstana v zarubezhnyh stranah [International image of Kazakhstan in foreign countries]: avtoref.akad.step. d-ra filosofii (PhD). – Astana, 2009. – 34 s.

Sejsebaeva R.B. Risk v tehnologijah politicheskogo processa[Risk in the political process technologies]: diss.kand.polit.nauk. – Almaty, 2006. – 126 s.

Sharan P. Sravnitel’naja politologija[Comparative Political Science]: V 2 ch. – Ch. 1. – M.: Rossijskaja akademija upravlenija, 1992. –266 s.

Semigin G.Ju. Sub#ekty politiki. Politicheskaja jenciklopedija [Subjects of a policy. Political encyclopedia]: 2 t. Nacional’nyj obshhestvenno-nauchnyj fond; Ruk.proekta G.Ju. Semigin; Nauch.-red. sovet: pred. soveta G.Ju. Semigin. – T. 2. – M.: Mysl’, 1999. – S. 477–478.

Shabrov O.F. Politicheskoe upravlenie: problema stabil’nosti i razvitija.[Political governance: the problem of stability and development] – M.: Intellekt, 1997. – 12 s.

Shennon K. Raboty po teorii informacii i kibernetike.[Works on information theory and cybernetics] – M.: Izdatel’stvo inostrannoj literatury, 1963 – 829 s.

Solov’ev A.I. Politicheskaja kommunikacija: k probleme teoreticheskoj identifikacii [Political communication: to the problem of theoretical identification]// Polis. – 2002. – №3. – C 7-11.

Viner N. Kibernetika, ili Upravlenie i svjaz’ v zhivotnom i mashine.[Cybernetics, or Control and communication in the animal and the machine.] – M.: Nauka; Glavnaja redakcija izdanij dlja zarubezhnyh stran, 1983. – 124 s.

Viner N. Chelovecheskoe ispol’zovanie chelovecheskih sushhestv: kibernetika i obshhestvo. Chelovek upravljajushhij.[The human use of human beings: cybernetics and society. Man is the manager.] – SPb.: Piter, 2001. 124 s.

ҒТАМР 19.41.41

[1]Жақсылықбаева Р., [2]Тилеужанова Г.

[1]филология ғылымдарының кандидаты, доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: jak-rimma@mail.ru
[2]аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Gulhan_74@mail.ru

ЖУРНАЛИСТИКАДАҒЫ ҒЫЛЫМ ТАҚЫРЫБЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІ

Бүгінгі журналистикадағы ғылым тақырыбы заманға сай ғылыми-әдістемелік, логикалық-гносеологиялық, тарихи, психологиялық, ғылыми-шығармашылық салаларының жаңа бағыттарына негізделіп отыр. Мақала авторлары журналистикадағы ғылымды ізденіс, шығармашылық іс-әрекет, тәжірибе, мақсатқа жету тәрізді критерийлер арқылы нақтылап, дәлелдейді. Ғылым тақырыбының жаңа жетістіктерін, идеяларын ұтымды деректер мен нақты фактілер арқылы көрсетеді. Журналистік білім мен ғылыми танымның ара-жігін ажырата отырып, түрлі әдіснамаларды ұсынады.

Ғылыми мақаланың мақсаты журналистік ғылымды дамытудың қазіргі кезеңінде БАҚ-тың атқарып отырған рөлін айқындай отырып, публицистикалық материалдағы ғылыми жүйелеудің әдістері мен тәсілдерін талдау болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін мақала авторлары зерттеудің көркемдік, ғылыми-эмпирикалық және теориялық зерттеу әдістерін талқылап, жан-жақты тұжырым жасайды. Бұқаралық ақпарат құралдарын зерттеу әдістерінің жаңа тәсілдерін журналистік материалдарды талдау барысында айқын көрсетеді. Шетел журналистикасындағы ғылыми зерттеуге қатысты жарияланған материалдарды негізге ала отырып, Қазақстандық БАҚ-тағы зерттеулер сапасына ғылыми тұрғыда тұщымды ой мен пайымды пікір береді.

Мақалада қазақ ғылымына үлес қосқан ғалымдар еңбегіне бүгінгі күн тұрғысында баға беріледі. Сондай-ақ, ғылыми құжатқа, журналистік зерттеуге, ғылыми жаңалықтың негіздері мен тәжірибесіне қатысты бірнеше пайдалы ақпарат айтылады. Зерттеудің ғылыми әдіс-тәсіліне теориялық тұрғыда анықтама береді. Журналистикадағы ғылыми бағыттардың құрылымы мен мақсатына бүгінгі талапқа сай жазылған зерттеулер арқылы дәйекті тұжырым айтады. Заманауи журналистикада ғылыми зерттеулер жүргізудің қазіргі әдістері мен формалары қарастырылады. Ғылыми журналистиканың келелі мәселелеріне жан-жақты пікір білдіреді.

Түйін сөздер: ғылыми журналистика, баспасөз, зерттеу мақала, автор, әдіснама, теориялық ілім, ғалым-зерттеуші, тәжірибе, публицистика.

[1]Zhaxylykbayeva R., [2]Tileuzhanova G.

[1]Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty, e-mail: jak-rimma@mail.ru
[2]Senior Teacher, Al-Farabi Kazakh national university, Kazakhstan, Almaty, e-mail: Gulhan_74@mail.ru

New methods of researching scholarly issues in journalism

The science of today's journalism is based on modern trends in scientific-methodological, logical-epistemological, historical, psychological and scientific-creative spheres. The authors of the article clarify and prove the criteria in journalism, such as science research, creative activity, experience, achievement of goals. The new achievements and achievements of science reflect the ideas through rational data and facts. It offers a variety of methodologies, distinguishing between journalistic knowledge and scientific knowledge.

The aim of this research article is to analyzed the methods and methods of scientific systematization in journalistic material, defining the role of mass media at the present development stage of journalistic

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

science. In order to achieve this goal, the writer of the article discuss the artistic, scientific, empiric and theoretic methods of the research that make a comprehensive conclusion. New methods of media research are clearly reflect the analysis of journalistic materials. Taking into account the published materials on foreign journalism's research, he provides a sound scientific opinion and an opinion about quality of research in Kazakhstan's media.

In the article, the contribution of scientists who contributed to the Kazakh science is evaluated today. There is also a wealth of useful information on the science document, journalistic research, the basics and practice of scientific discoveries. Provides a theoretical definition of the scientific method of research. Structure and purpose of scientific directions in journalism is consistent with the current research. The existing methods and forms of scientific research in modern journalism are considered. It gives a comprehensive insight into the problems of scientific journalism.

Key words: scientific journalism, press, research article, author, methodology, theoretical doctrine, scientist-researcher, practice, publicism.

[1]Жаксылыкбаева Р., [2]Тилеужанова Г.

1кандидат филологических наук, доцент, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: jak-rimma@mail.ru

2ст. преподаватель, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: Gulhan_74@mail.ru

Новые методы исследования темы науки в журналистике

Научные темы в журналистике соответствуют современным ее требованиям и отражают новые направления научно-методического, логико-гносеологического, психологического и научно-исследовательского подходов. Авторы статьи доказывают присутствие науки в журналистике с помощью таких критериев, как научный поиск, творческий подход, опыт, задачи и цели.

Целью научной статьи является анализ методов и способов научной систематизации публицистического материала с определением роли СМИ на современном этапе развития современной журналистки. Для достижения этой цели авторы статьи исследуют художественные, научно-эмпирические и теоретические методы и предоставляют исчерпывающие выводы. Статья наглядно демонстрирует новые подходы к методам исследования средств массовой информации. Основываясь на опубликованных материалах, касающихся научного исследования в иностранной журналистике, авторы формулируют научный взгляд и выражают свое мнение о качестве исследований казахстанских СМИ.

Предложены разные методы разделения журналистского знания и науки журналистики. В статье дается оценка научным трудам ученых, внесшим значительный вклад в казахстанскую науку. Кроме того, в статье рассматриваются проблемы научной документации, журналистских исследований, теории и практики научных открытий. С теоретической точки зрения конкретизируются методы исследования. Обобщаются цели и задачи научных исследований журналистики на основе современных тенденций исследования журналистики. Рассматриваются существующие методы и формы проведения научных изысканий в современной журналистике. Дается разносторонняя характеристика актуальным проблемам научной журналистики.

Ключевые слова: научная журналистика, издательство, научная статья, автор, методы, теоретическое знание, ученый-исследователь, опыт, публицистика.

Кіріспе

Шындықты публицистикалық тұрғыда тану көп жағдайда журналистің жеке зияткерлік қасиетіне байланысты. Бұл – бүгінгі ғылыми журналистика негіздеріне де қатысты мәселе. Кезінде Платон өзінің Академиясының мандайшасына: «Кімде-кім геометрияны білмейтін болса, ол бұл үйге кірмей-ақ қойсын!», – деген жарнама жаздырып қойған екен. Аристотель Платонның атақты Академиясына шәкірт болады. Білімі толыса келіп, Аристотель Платонның кейбір негізгі қағидаларына қарсы шығады. Аристотель: «Маған Платон да, шындық та қымбат. Алайда адамгершіліктің қасиетті парызы шындықты жоғары ұстауға мәжбүр етіп тұр». Осыдан барып: «Платон маған дос, бірақ шындық одан да қымбат», – деген қанатты сөз шыққан (Көбесов А., 1971. 18 б).

Кезінде әл-Фараби қандай ғылым болсын, оның теориясына жетік болу үшін үш түрлі шарт керек екендігін атап көрсетеді, олар: 1. Ғылымның барлық түпкі негіздерін – принциптерін білу керек; 2. Сол принциптерден осы ғылымға жататын қажетті қорытындыларды, салдарларды шығара білу керек; 3. Осы ғылым жайлы бұрын-

соңды айтылған пікірлерді талдап, түзете білу керек», – дейді (Көбесов А., 1971. 49 б). Демек, әл-Фараби әрбір теорияның мақсаты ақиқатқа жету болып табылатынын, ал шындық дегеніміз ол – объективтік реалды нәрселерге сәйкес келетін сенім екендігін дәлелдеп береді. Бұл ой ғылымға қатысты барлық нәрселер және логикалық жолмен табылған барлық қорытындылар ақиқатқа, шындыққа сай келуге тиістігін көрсетеді.

Баспасөз зерттеушісі Г. Лазутинаның: «Теориялық міндеттерді шешу әдістерінің рөлін атқаратын журналистің білім жүйесі қаншалықты бай болса, оның ойы соншалықты тереңірек, дәлірек, кеңірек», – деген тұжырымы ойға оралады (Лазутина Г., 2000. С.30). Зерттеуші журналисте болуы тиіс әмбебап білімнің үш деңгейін көрсетеді. Алғашқы екі деңгейдің: философиялық, табиғат пен қоғам дамуының жалпы заңдылықтары және әлеуметтік-гуманитарлық білім әрбір журналиске аса қажет. Үшінші деңгей – нақты ғылыми пәндерден мәліметтер қамтылған білім БАҚ қызметкерінің белгілі бір салада – экономикада, техникада, өнерде және т.б. мамандануына байланысты талап етіледі.

Қазақстанда ұлттық ғылым тілінің қалыптасуы ХХ ғасырдың 10-30 жылдар аралығын қамтиды. 20-жылдардың басында А. Байтұрсынұлы жетекшілік ететін Халық ағарту комиссариаты сол шақтың оқығандарына ғылымның әр саласынан оқулық жазу мен орыс тіліндегі ғылыми еңбектерді аудару жөнінде тапсырыс берді. Нәтижесінде, Х. Досмұхамедұлы – анатомия, зоология, М. Дулатұлы, Ә. Ермекұлы, С. Қожанұлы – математика, Т. Шонанұлы – география, тарих, М. Жұмабайұлы – педагогика, Ж. Аймауытұлы – психология, Қ. Кемеңгерұлы – химия, тіл, тарих, Ж. Күдеріұлы – тіл, әдебиет, мәдениет, Ә. Бөкейханұлы – астрономия, география, М. Әуезұлы – әдебиет, С. Садуақасұлы – театртану, Е. Омарұлы – тіл және өзге де елшіл азаматтар ғылымның әр саласында еңбектер жазды (Қамзабекұлы Д., 2005. 73 б).

Негізгі бөлім

Журналистік ғылымды дамытудың қазіргі кезеңінде БАҚ-тың ақпараттық кеңістігінде қолданатын публицистикалық және ғылыми жазбалардың әдістері мен нысандарын біртіндеп бөлу үрдісі байқалады. Бұл жүйе БАҚ-тың қарқынды дамуы мен бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы публицистикалық материалдағы ғылыми жүйелеудің әдістері мен нысандарын анықтауды талап ететіндігімен түсіндіріледі. Ақпараттық кеңістік саласын зерттеуші А.А. Калмыков журналистік ғылыми-зерттеу әдіснамасын қолданудың екі саласын көрсетеді (Калмыков А., 2013. с. 272).

Біріншісі, әлеуметтік-мәдени және коммуникативтік феномен ретінде қалыптасқан пәндік саланы бұқаралық ақпарат құралдары жүйесімен анықтау. Бұл ұстанымнан зерттеу пәні әлеуметтік, саяси және психологиялық ғылымдар тақырыптарымен шектелетіндігін, зерттелетін материалға сәйкес әдіснаманы пайдалануды талап ететіндігін байқаймыз. Бұл әдіс сұхбатта, сауалнамада, сұрау салуда, сауалнаманың әлеуметтік түрлерінде, статистикалық талдауда, жаппай іріктеу әдісінде және т.б. жиі қолданылады. Осы пәндік салаға жоғарыда аталған ғылыми зерттеулердің мамандандырылған әдістері мен нысандарын пайдаланады. Олардың кейбірі зерттелетін нақты материалға бейімделеді, бірақ олардың көпшілігі алынған нәтижелерді іріктеу, жүйелеу және қорыту тәсілімен түсіндіріледі.

Екінші шығармашылық қызметтің ерекше түрі ретінде түсіндірілетін журналистиканың пәндік саласы жатады, бұл филология, лингвистика, өнертану, әдебиеттану және т.б. ғылымдардың әдіснамалық құралдарымен материал жинақтау мен зерттеуді алдын ала анықтайды. Ақпараттық кеңістікте бұл әдіс шығармашылық мәтіндермен сауатты жұмыс істеуді ұсынады. Сәйкесінше, аталған әдістерді қолдану журналистік міндеттерді шешуге, журналистік материалдардың сапасын арттыруға және журналистік кадрларды оқытуға арналған теориялық-әдіснамалық ғылыми кешенді құруға бағыттайды.

Осындай зерттеулердің ішінде журналистік шығармалардың жанрлық әзірлемелерді, менеджмент, экономика, БАҚ-тағы құқық салаларындағы ізденістерді, журналистік материалдарды (дизайн, жарнама, БАҚ маркетингі және т.б.) ұсынудың түрлі технологияларын атауға болады. Журналистік саладағы теориялық ғылыми-зерттеу жұмыстары негізінен жоғары оқу орындарында, мамандандырылған факультеттерде және оқу бағыттарында жүргізіледі.

Журналистік зерттеулерде аталған әдіснамалық бағыттардың ішінде көркемдік әдістің түрлері ерекше орын алады. Зерттеудің көркемдік әдісі ақпаратты алу және түсіндіру кезінде түрлі жанрлық нысандарды қолдана отырып, шығармашылықтағы шындықты тануды ұғындырады. Атап айтқанда, мәтіндер мен дискурстар түрінде эмпирикалық деректерді зерттеу әдістері мен нысандарының рөлін атқаратын журналистік шығармашылықтың мынадай талдамалы жанрларын атап көрсетуге болады, олар:

1) талдамалы: есеп, корреспонденция, сұхбат, сауалнама; 2) жалпы ғылыми: әңгімелесу, шолу, рецензия, мақала, эксперимент, болжам; 3) социологиялық: түйіндеме, сауалнама, мониторинг, рейтинг; 4) қолданбалы: журналистік тергеу, баспасөзге шолу, баспасөз-баяны, хат, ұсыныс; 5) лингвистикалық: контент-талдау, дискурс-талдау, конверсациялық талдау (Коновалова М.В., 2013. с.5).

Жоғарыда айтылғандардан басқа, жалпы ғылыми-эмпирикалық және теориялық зерттеу әдістері де қолданылады, олар: бақылау әдісі, дедуктивті және индуктивті әдістер, логикалық әдістер және т.б. Жекелеген БАҚ-тардың жұмыс істеуі мен қызметінің нәтижелерін салалық зерттеулерде, мәселен, медиаэкономиканың жекелеген аспектілеріне қатысты ерекше әдістер мен нысандары жасалды. Мысалы, нарықтық шолулар, медиа бақылау, жарнамалық медианың тиімділігі, жаңа өнім тұжырымдамасын тестілеу және т.б. олардың ішіндегі ең танымалы рейтингтер, контент-талдау, өзекті тақырыптардың мониторингі болып табылады. Жалпы, БАҚ-тағы зерттеулер сапасы оқырмандармен, тыңдаушылармен, көрермендермен де тікелей байланысты. Мысалы, баспасөз өз мақсатына жеткен дайын өнімнің белгілі бір мөлшерін шығаруда өз дамуының көрсеткішін көрсетеді. Коммуникацияның телевизиялық арналары үшін көрсеткіш қалалық үй шаруашылықтарындағы телеарналардың саны және ақылы теледидар қызметтеріне қол қойылған осындай үй шаруашылықтарының саны болып табылады. Радионың тиімділігін бағалау радиоқабылдағыштар санын жан басына немесе қол жетімді жиіліктерді есептеу арқылы бағалануы мүмкін.

Ойталқы

Журналистикадағы ғылыми көзқарас жаңа білім талдауына негіз болатын фактілерді жинау, жүйелеу және сыни талдауға байланысты. Бұл жерде медиа ағымдағы жағдайды және оның өзгерістерін байқау және сипаттау ғана емес, сонымен қатар, шынайы болжам жасауға мүмкіндік беретін жеке себеп-салдарлық байланыстарды құру да маңызды болып табылады. Менделеев айтқандай: «Ғылым өлшей бастаған кезден басталады».

Журналистиканы ғылым ретінде зерттеу тәсілі шығармашылық, мәдени, тарихи, әлеуметтік және басқа да пәндердің өзара байланысқан жүйесіне негізделуі тиіс. Мұндай жүйе тәжірибелік журналистиканы қалыптастырып қана қоймай, журналистика мен қоғамның өзара байланыс әсерін көрсетеді. Мұнда негізгі рөл журналистік теория пәніне берілген. Көптеген пәндік салаларға қарамастан, мәтін журналистік теорияның іргетасы болып табылады. Журналистика саласындағы зерттеулердің тағы бір маңызды медиаэкономика пәндік саласы болып табылады. Медиа-институттарды және олардың арасындағы ерекше экономикалық қатынастарды дамыту ғылыми зерттеулер үшін жаңа салаға жол ашады. Медиаэкономика мәтіні, контекст және коммуникация жүйесі арасында БАҚ жүйесінің бөлігі ретінде ерекше нысандарды ашады. Осы тәсіл барысында журналистиканы жеке әдіснамасы бар адамзат және қоршаған орта мәселелерімен айналысатын жеке гуманитарлық пән ретінде қарастыруға болады. Журналистиканың мәні мен құндылығын анықтаудағы барлық айырмашылықтарға қарамастан, бұл ғылым үшін ақпараттық, коммуникациялық және басқару теорияларының негізінде қалыптасты. Бұл ғылымдардың әдіснамасы мәтіндерді жасау, оны редакциялау, сақтау және тарату кезінде жиі қолданылады.

Журналистика саласындағы зерттеулер – ұзақ әрі күрделі үдеріс. Бұл үдеріс көп жағдайда білімді кеңейту бағытына қарай дамиды. Зерттеушілер жыл сайын журналистиканың жаңа теориялық және тәжірибелік аспектілерін көбірек зерттейді. Бұл барлық теорияның кешенін құрайтын зерделі зерттеулердің бар екенін жоққа шығармайды. Журналистикада ғылымда түрлі көзқарас басымдыққа ие болса да, бұрынғы соны тәжірибеге сүйенбей, өзара байланысы жоқ тақырыптарды дамытып, алға тартуда.

Шын мәнінде, Еуропа және АҚШ-та баспасөз дамуынан кейін журналистика мәселелері мен оның қоғамға әсеріне ғалымдар қызығушылық таныта бастады. Мысалы, Роберт Эдуард Прутц XIX ғасырдың ортасында «Неміс журналистикасының тарихы» атты кітабын шығарып, журналистика тек тәжірибелік қызмет ретінде ғана емес, қоғамның маңызды бөлігі ретінде болатындығын анықтады (Weaver D., Loffelbolz M. 2008. – p. 316).

Журналистика саласындағы алғашқы кешенді зерттеулер 1930 жылдары пайда болды. Қазір мұндай зерттеулер коммуникациялық теорияның негізі ретінде қарастырылады. Осылайша, көптеген жұмыстар медиалық ақпараттың аудиторияға әсеріне арналды. Сонымен қатар, журналистика мен БАҚ-қа қатысты тарихи зерттеулер пайда болды. Мұндай жұмыстар түрлі әлеуметтік күштер мен журналистік қызметтің өзара әрекеттесу мәселелерін зерттеді. Бұларда

талдамалықтан гөрі сипаттамалық зерттеулер басым болды. Мұндай жұмыстардағы назар жиі кейіпкер болған журналистің жеке сипатына аударылды. Сол кездегі зерттеушілердің басты ерекшелігі журналистикаға нормативтік тәсілді қолдануы болды. Зерттеушілер шынайы жағдайды сипаттап, содан кейін журналистің кәсіби қасиеттеріне ғана емес, оның жеке тұлғасына да қатысты талаптарды көрсетті.

Осы кезеңде журналистиканың барлық теориясына арналған қор жасаған зерттеулер жарияланды. Сол кездегі ең қызықты және ықпалды теориялардың бірі ақпаратты өңдеудің көп сатылы тәсілін сипаттайтын Д.М. Уайт ұсынған «әріптестер» тұжырымдамасы болды. Бұл теория және басқа да кейбір зерттеулер эмпирикалық деректерді кеңінен пайдалануға, оларды кішігірім деңгейде ғана емес, кең ортада талдауға мүмкіндік алды.

1970 жылға дейін журналистика мәселелеріне арналған барлық зерттеулер сирек болды әрі пікір бір-бірімен қайшылығы болды. Қандай да бір газеттің немесе басқа да БАҚ-тың ішкі редакциялық қызметін сипаттауға арналған көптеген бытыраңқы зерттеулер болды. Мәселен, Лео Ростеннің «Вашингтон корреспонденттері» еңбегін сапасы жағынан кейбір жұмыстармен салыстыру қиын.

1970 жылдан бастап журналистикадағы зерттеулер саны артты. 1976 жылы Дж. Джонстон, В.С. Славский және В.В. Боуман «Жаңа адамдар: американдық журналистердің әлеуметтік портреті және олардың жұмыстары» атты мақаласын жариялады (Johnstone J., 1976. – p. 250).

Бұл еңбек американдық журналистердің ұлттық ауқымдағы алғашқы зерттеуі болды. 1970 жылдан бастап басқа да сала зерттеулеріне назар аударыла бастады. Зерттеушілер аудиторияны зерттеуге және бұқаралық ақпарат құралдарының әсеріне қызығушылық танытты. Мұндай зерттеулер маркетинг тұжырымдамасында және басқа да қолданбалы пәндерде тәжірибелік қолданысын тапты. Алайда, бұл зерттеулер журналистиканы әлеуметтік институт ретінде терең түсінуге ықпал еткен жоқ. Сонымен қатар, қоғам мен БАҚ арасындағы өзара қарым-қатынас жиі дұрыс түсіндірілмегендіктен, журналистиканың рөлін тек ықпал ету механизмі деп ұғынды. Бұл тәсілдің қолданылуы елеулі сынға да ұшырады. Мысалы, П.Дж. Шумахер және С.Д. Риз осы тақырыпқа «Медиа ақпарат: БАҚ өніміне әсер ету теориялары» атты еңбегін арнады (Shoemaker P., 1996. – P. 233).

1990 жылдары журналистика мен коммуникацияның барлық аспектілеріне қатысты көптеген зерттеулер пайда болды. Дэвид Вивер мен Мартин Лоффебольц «Жаһандық журналистік теорияға шақыру» мақаласында журналистердің өз еңбегіне көзқарасы мен кәсіби мінез-құлқын, ақпарат берудің негізгі ерекшеліктерін, журналистер шығаратын хабарлардың түрі мен ерекшеліктерінің әлеуметке ықпалын атап өтті. 1990 жылдардағы зерттеулердің тағы бір маңызды ерекшелігі журналистер жұмысының түрлі сипаты қоғам мен экономиканың дамуы арасындағы өзара байланысты табу әрекетінен болды. Пиппы Норристің «Әйелдер, бұқаралық ақпарат құралдары және саясат» кітабы осындай зерттеуге мысал бола алады (Norris P., 1996. – P. 188) .

Қазіргі зерттеулерде журналистердің халықаралық қызметін зерттеуге, салыстырмалы талдау жасауға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл журналистикадағы ғылыми пән ретінде алға қадам болды, өйткені, алдыңғы зерттеулер тек Американдық эмпирикалық деректер мен ғалымдардың болашақтағы істеріне негізделді. Жаһандану, трансұлттық медиакорпорациялар мен жаңа технологияларды дамытуда әртүрлі тәжірибелік материалдарды пайдалана отырып, баспасөз бен журналистиканы мұқият зерттеуге мүмкіндік берді.

2000 жылдары кейбір ғалымдар журналистика саласындағы зерттеулерге жүйелі көзқарасты енгізуге тырысты, оған сәйкес барлық алдыңғы талдамалық оқиғалар мен олардың қорытындыларды бірыңғай білім кешеніне біріктірілуі тиіс еді. Мұндай жүйені жасау әрекеттері сәтсіз болды, өйткені, олар журналистикаға әлеуметтік және экономикалық әсердің көптеген мәселелерін, журналистің жеке сипаттамаларының түпкілікті өнімге әсері туралы сөз қозғамады. Жүйелі көзқараста зерттеушілер қоғамдағы журналистиканың орын алуына қатысты түрлі түсініктерге тап болды. Журналистиканы қоғамдағы әлеуметтік жүйе ретінде атап айтқанда, «бұқаралық ақпарат құралдары» немесе «аудитория» сияқты зерттеудің бір нұсқасында ғана қарастырды.

Қорытынды

Ғылым – қоғам, табиғат, ойлау туралы жаңа білімдерді алуға бағытталған зерттеу ортасы. Бүгінде ғылымның дамуы ғылыми мекемелердің пайда болуымен, экспериментті және зертханалық құралдармен тығыз байланысты.

Ғылымдағы әдіс – бұл қандай да бір мақсатқа жету үшін қажетті ғылыми-негізделген іс-әрекеттер жүйесі. Журналистикада шындықты зерттеу әдістерінің екі негізгі тобы бар: рационалды-танымдық (эмпирикалық және теориялық) әдістер мен көркемдік әдіс. Шындықпен тікелей байланыс нәтижесінде білім алуға негізделген эмпирикалық әдістемелерге бақылау, құжаттармен жұмыс, сұхбат және эксперимент жатады. Журналистік бақылау мақсатты, жүйелі болады. Әлеуметтік өмірде бұқаралық ақпарат құралдары үнемі өзгеріп отырады. Бұқаралық ақпарат құралдарын зерттеу әдістерінің жаңа тәсілдерін журналистік материалдарын талдау барысында пайдаланылуымыз мүмкін, бұл негізінен көбінесе дау-дамай сипатта болады. Публицистикалық мәтіндерде сараптамалық талдаудың кездесуі аудиторияға ерекше қызығушылық тудырады, қоғамның кең өзекті мәселелері оқырмандардың назарын аударады. Шығармашылықтағы ғылыми таным қоршаған ортамен тығыз байланысты. Шығармашылық адамның тәжірибелік қажеттіліктерін қанағаттандыратын бағыты мен алдына қойған мақсаты болады.

Қазіргі таңда елімізде рухани талғамы биік, түрлі ақпараттарды екі-үш тілде қабылдайтын, оны пайымдай да білетін, баға бере алатын сауатты оқырман қалыптасқан. Мұның өзі аудиторияны ұлғайтумен қатар ең бастысы – масс-медиа туындыларының мазмұны мен көркемдік сапасының деңгейін арттыра түсуді, ақпарат қабылдаушылардың ой-санасына, рухани биік талғамына сай келетін жарияланым жасауды талап етіп отыр. Сондықтан да, БАҚ халықтың ой-пікірін, ізденісі мен сұранысын қаншалықты деңгейде шынайы түрде зерттеп біле алса, жарияланымдарын да соншалықты деңгейде сапалы көрсете алады. Ол үшін журналистер ұдайы социологиялық зерттеулер жүргізіп тұруы тиіс. Оның нәтижесі өзекті мәселені дәл табуға, дөп басуға көмектесетіндігімен ерекшеленеді.

Әдебиеттер

Global Journalism Research: Theories, Methods, Findings, Future, edited by Weaver D., Loffelbolz M. – Chichester, Wiley-Blackwell, 2008. – P. 316.

Johnstone J. W. C, The news people: A sociological portrait of American journalists and their work – Urbana, IL: University of Illinois Press, 1976. – P.250.

Калмыков А.А. Медиалогия Интернета. – М.: Книж. дом «Либроком», 2013. – С.272.

Коновалова М.В. Основные методы исследование в современной журналистике /https://cyberleninka.ru. – 2013. С.5.

Көбесов А. Әл-Фараби. –Алматы: Қазақстан,1971. – 18 б.

Қамзабекұлы Д. Тіл саясаты: тағлым мен тәжірибе. – Алматы: Арда, 2005. – 73 б.

Лазутина Г. Основы творческой деятельности журналиста. – М., 2000. – С.30.

Маклюэн Г.М. Понимание Медиа: Внешние расширения человека. – М.: Канонпресс-Ц., 2003. – 464 с.

Norris P., Women, Media and Politics – Oxford University Press, 1996. – P.188.

Shoemaker, P.J., Mediating the message: Theories of influences on mass media content, 2nd edition. White Plains, NY: Longman, 1996. – P.233.

Тичер С. Методы анализа текста и дискурса. – Харьков: Гуманитар. центр, 2009. – 356 с.

References

Global Journalism Research: Theories, Methods, Findings, Future, edited by Weaver D., Loffelbolz M. (2008). – Chichester, Wiley-Blackwell,. – p. 316.

Johnstone J. (1976). The news people: A sociological portrait of American journalists and their work – Urbana, IL: University of Illinois Press. – p.250.

Kalmykov A. (2013) Medialogia Internet [Internet Medialogia].– M.: 2013. p.272.

Konovalova M.V. (2013) Osnovnyye metody issledovaniye v sovremennoy zhurnalistike [Basic research methods in modern journalism]. https://cyberleninka.ru.

Kobesov A. (1971) Al-Farabi. [Al-Farabi]. –Almaty: Qazaqstan. –p. 18.

Kamzabekuly D. (2005) Til sayasati: taglym men tazhiribe. [Language policy: education and practice]. – Almaty: Arda, -73 б.

Lazutina G. (2000) Osnovy zhurnalistskoi raboty. [Bases of creative activity of the journalist]. – M.: p.30.

Makljujen G.M. (2003) Ponimanie Media: Vneshnie rasshirenija cheloveka. – M.: Kanon-press-C. – p.464.

Norris P. (1996). Women, Media and Politics – Oxford University Press,– p. 188.

Shoemaker, P. J., (1996). Mediating the message: Theories of influences on mass media content, 2nd edition. White Plains, NY: Longman. – p. 233.

Ticher, S. (2009) Metody analiza teksta i diskursa. [Methods of text and discourse analysis]. –Har'kov: Gumanitar. centr,. – p. 35.

МРНТИ 19.01.07;14.35.09

[1]Дудинова Е.И., [2]Рожков А.В., [3]Мухамадиева Л.И.

[1]к.ф.н., доценты, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: Elena.Dudinova@mail.ru
[2]к.ф.н., доценты, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: Rozhkov.A.W@yandex.kz
[3]старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: Larissa_2300@mail.ru

ГЕНДЕРНЫЕ ИНДИКАТОРЫ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНОМ КОНТЕНТЕ ФАКУЛЬТЕТОВ ЖУРНАЛИСТИКИ КАЗАХСТАНА

В научной статье исследуются проблемы использования в образовательных программах факультетов журналистики принципов и компонентов гендерных индикаторов в рамках трансформации обучения на основе компетенций и факторов изменяющейся действительности. По мнению авторов, система создания компетентности выпускников, ориентированной на результаты обучения, должна принимать во внимание значимость гендерного подхода при изучении тем, дисциплин и объектов специальности.

Цель исследования – выявить возможные направления и формы корреляции образовательных и учебных программ с гендерным контентом, определить ступени внедрения гендерно-ориентированных курсов в образовательные модели подготовки и переподготовки журналистов.

При схоластическом походе к данной проблематике средства массовой информации способны тиражировать гендерные стереотипы и предубеждения, закреплять в общественном сознании гендерную асимметрию. В этой связи крайне актуальным становится обучение студентов факультетов журналистики навыкам стратегического гендерного анализа, определения гендерного баланса в СМИ, выявления «языка вражды». В статье также описан опыт тренинга для тренеров, проведенного кафедрой ЮНЕСКО, международной журналистики и медиа в обществе при поддержке Международной программы развития коммуникаций ЮНЕСКО/ООН в ноябре 2018 года по теме «Усиление учебной программы по гендерной журналистике».

Авторы статьи изучили тексты СМИ, а также опыт ряда зарубежных вузов по определению общего алгоритма действий по внедрению гендерной темы в образовательные программы и дисциплины. Выявили необходимость трехуровневого подхода к данной проблеме: первый блок программ должен объединять курсы, посвященные непосредственно истории, методологии и специфике гендерных проблем; второй – включает практику освещения данной темы в СМИ; третий, не менее важный уровень – изучение аспектов гендерного равенства непосредственно на журналистском производстве.

Ключевые слова: гендерное равенство, стереотипы и предвзятость, СМИ, образовательные программы, журналистика.

[1]Dudinova E.I., [2]Rozhkov A.V., [3]Muhamadieva L.I.

[1,2]Ph.D., associate professors, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
[1]e-mail: Elena.Dudinova@mail.ru
[2]e-mail: Rozhkov.A.W@yandex.kz
[3]Senior lecturer, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail:
Larissa_2300@mail.ru

Gender indicators in educational content of journalism faculties of Kazakhstan

The scientific article examines the problems of using the principles and components of gender indicators in the framework of the transformation of education based on competencies and factors of changing reality in modern educational programs of the faculties of journalism. According to the authors, the

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

system of creating competence of graduates, focused on learning outcomes, should take into account the importance of a gender approach when studying topics, disciplines and specialty objects.

The purpose of the study is to identify possible directions and forms of correlation of educational and training programs with gender content, to determine the steps for introducing gender-oriented courses in educational models for the training and retraining of journalists.

During the scholastic approach to this problem, the mass media are able to replicate gender stereotypes and prejudices, to reinforce gender asymmetry in the public consciousness. In this regard, it becomes extremely important to teach students of the journalism departments the skills of strategic gender analysis, the definition of gender balance in the media, and the identification of "hate speech". The article also describes the experience of training for trainers conducted by the UNESCO Chair, international journalism and media in society with the support of the UNESCO / UN International Program for the Development of Communication in November 2018 on the topic "Strengthening the curriculum on gender journalism".

The authors of the article studied the texts of the media, as well as the experience of a number of foreign universities in determining the general algorithm of actions for introducing a gender theme into educational programs and disciplines. They identified the need for a three-level approach to this problem: the first block of programs should combine courses devoted directly to the history, methodology and specifics of gender issues; the second one includes the practice of covering this topic in the media; the third, no less important level is the study of aspects of gender equality directly in the journalistic industry.

Key words: gender equality, stereotypes and bias, media, educational programs, journalism.

[1]Дудинова Е.И., [2]Рожков А.В., [3]Мухамадиева Л.И.

[1]ф.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Elena.Dudinova@mail.ru
[2]ф.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: e-mail: Rozhkov.A.W@yandex.kz
[3]аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: Larissa_2300@mail.ru

Қазақстанның журналистика факультеттеріндегі білім беру мазмұнындағы гендерлік көрсеткіштер

Ғылыми мақалада журналистика факультеттерінің қазіргі білім беру бағдарламаларында құзыреттіліктері мен шындықтың өзгеретін факторлары негізінде оқытуды трансформациялау аясында гендерлік көрсеткіштердің принциптері мен компоненттерін пайдалану мәселелері зерттеледі. Авторлардың пікірінше, оқыту нәтижелеріне бағытталған бітірушілердің құзыреттілігін қалыптастыру жүйесі пәндер, пәндер мен мамандық нысандарын оқып-үйрену кезінде гендерлік әдістердің маңыздылығын ескеруі керек.

Зерттеудің мақсаты – білім беру бағдарламаларын гендерлік мазмұнмен байланыстырудың мүмкін бағыттары мен формаларын анықтау, журналистерді дайындау және қайта даярлау үшін білім беру модельдері бойынша гендерлік бағдарланған курстарды енгізу қадамдарын анықтау.

Бұл мәселеге схоластикалық көзқарас кезінде бұқаралық ақпарат құралдары гендерлік стереотиптер мен түсініктерді тираждауға, қоғамдық санадағы гендерлік асимметрияны күшейтуге қабілетті.

Осыған байланысты журналистика факультетінің студенттерін стратегиялық гендерлік талдау дағдыларына, БАҚ-тағы гендерлік тепе-теңдікті анықтауға, «араздық тілін» анықтауға үйрету аса өзекті болып отыр.

Мақалада сондай-ақ, 2018 жылдың қараша айында ЮНЕСКО/БҰҰ коммуникациясын дамытудың халықаралық бағдарламасының қолдауымен ЮНЕСКО, халықаралық журналистика және қоғамдағы медиа кафедрасы өткізген тренерлерге арналған тренинг тәжірибесі сипатталған.

Мақала авторлары БАҚ мәтіндерін, сондай-ақ білім беру бағдарламалары мен пәндеріне гендерлік тақырыпты енгізу бойынша іс-әрекеттердің жалпы алгоритмін анықтау бойынша бірқатар шетелдік жоғары оқу орындарының тәжірибесін зерттеді. Осы мәселеге үш деңгейлі көзқарас қажеттігін анықтады: бағдарламалардың бірінші блогы тікелей гендерлік мәселелердің тарихына, әдіснамасына және ерекшелігіне арналған курстарды біріктіруі керек; екіншісі бұл тақырыпты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау практикасын қамтиды; үшінші, маңызды деңгей – тікелей журналистік өндірісте гендерлік теңдік аспектілерін зерттеу.

Түйін сөздер: гендерлік теңдік, стереотип, көзқарас, БАҚ, білім беру бағдарламалары, журналистика.

Введение

Результативность традиционных и новых медиа зависит, в частности, от такого фактора как гендерная грамотность. Ежедневная рутинная работа в СМИ и деятельность блогеров порой стирает границы между «мужским и женским», нарушая принципы гендерного баланса. Со временем такие трансформы становятся стереотипами и довлеют над мотивацией и сознанием журналистов, редакторов и блогеров. Поэтому столь важно транслировать медиаобразы, релевантные как текущей повестке дня, так и идеалам.

В современном Казахстане для этого создана объемная правовая база: страна присоединилась к 60 международным договорам по правам человека, в 2009 году были приняты Законы «О государственных гарантиях равных прав и равных возможностей мужчин и женщин» и «О профилактике бытового насилия». В 2017 году Казахстан занял 52 место в рейтинге из 144 стран мира по уровню равноправия полов согласно индексу гендерного равенства Всемирного Экономического Форума (Акмолдина Г.И., 2018). Женщины создают 40% ВВП, 29 – депутаты Мажилиса, многие возглавляют субъекты малого и среднего бизнеса (44%) (Абдыкаликова Г., 2018). На международный уровень выходит женское предпринимательство (Капитал, 2018).

Однако в стране мужчин-руководителей вдвое больше, чем женщин; разрыв в оплате труда составляет более 30% также в пользу мужчин; женщин хуже берут на работу и меньше платят; уровень женской безработицы выше и т.д. (Central Asia Monitor, 2018). По некоторым позициям мужчины зарабатывают в два раза больше женщин, занимая аналогичные должности (Forbes Kz, 2017).

Также остро «женский вопрос» стоит в коллективах современных медиа. Женщины меньше представлены в менеджменте отечественных редакций СМИ (особенно региональных), в меньшей степени воздействуют на концепцию изданий и каналов, которые, соответственно, чаще предоставляют миру мужской взгляд и понимание проблем. Увеличение числа женщин в СМИ не влияет на качество медиапродукта. Уровень представленности женщин в советах директоров СМИ также недостаточен. Довольно часто роль женщин в СМИ и отношение к их работе и комментариям не отвечает стандартам гендерного равенства. В штате медиакомпаний женщины-журналисты в меньшинстве. Последние чаще освещают «мягкие» новости, в то время как мужчины покрывают «жесткие» новости или основные новости дня, такие как политика, конфликты, финансы и преступления. Как отмечают исследователи: «К женщинам крайне редко обращаются за экспертным мнением. Такая ситуация способствует невидимости женской активности в различных сферах общества, создает гомогенный образ одного активного субъекта – мужчины» (Щурко Т., 2016). Основная масса публикаций превращается в поток «мужской» информации по всем названным критериям, кроме того, проблема углубляется типизированностью творческого осмысления и подачи фактов. Данный информационный поток дифференцируются в два основных направления: первое – близкий к реальному положению вещей, второе – сконструированный благодаря механическому воспроизведению гендерных стереотипов.

При изучении конкретных текстов СМИ исследователи указывают на факты трансляции гендерных стереотипов и предвзятости. Согласно международным исследованиям, «женщины составляют 24 процента источников в СМИ» (GMMP, 2015). «Большинство изданий видит в женщине либо героиню скандальной хроники, либо жертву реформ, либо секс-объект и «подругу бизнесмена» (Восток-Запад, 2003). Таким образом, женщина все чаще выступает как атрибут частной сферы, объект потребления, а мужчина становится полноправным субъектом сферы публичной.

На этом фоне кажется наиболее актуальным изучение вопросов гендерного равенства в рамках вузовских программ, так как неверное представление о социальном эгалитаризме, узкая трактовка гендерных проблем может привести к искаженному представлению о данном сегменте в мировоззренческом комплексе молодых казахстанцев.

Особенно важно, на наш взгляд, формирование четкого понимания сути гендерных противоречий у студентов факультетов журналистики, так как именно они, в последствии, буду ретранслировать свое понимание широкой аудитории. И если журналист не компетентен в данной теме, не обладает четкой позицией, то опасность распространения гендерной асимметрии усиливается. Средства массовой информации способны тиражировать гендерные стереотипы и предубеждения, закреплять в общественном сознании высокую терпимость к гендерному неравенству. Включенность гендерных проблем во все стадии

журналистского производства, их грамотное решение влияет на качество мировоззренческих траекторий, тиражируемых СМИ. В этой связи крайне актуальным становится обучение студентов факультетов журналистики навыкам стратегического гендерного анализа, определения гендерного баланса в СМИ, выявления «языка вражды».

Первоначальный срез спектра гендерных противоречий непосредственно в вузовской практике также представляется довольно разнообразным. Например, студенты факультета журналистики (результаты опроса 2018 года) обратили внимание на следующие гендерные искажения:

Разделение обучающихся по гендерным стереотипным ролям самими педагогами («Ему простительно, он же мальчик», «Девочкам надо не только учиться, но и скорее выходить замуж», «Дальше пишут мальчики, девочкам это неинтересно»).

Юношей охотнее приглашают и берут на практики, стажировки и работу после окончания вуза.

При выборе научного направления, дипломной работы преподаватели рекомендуют темы, релевантные гендерному полу (Мальчик не должен писать диплом о женских журналах).

В процессе обучения закладывается сознательное оценивание некоторых сфер, как сугубо мужских (или женских). Это происходит потому, что в качестве экспертов и тренеров приглашают только мужчин или только женщин.

В школьных программах доминируют мужские кейсы. Герои прошлого на 99% – мужчины. Мало информации о выдающихся женщинах.

Данные замечания определяют проблемы гендерного неравенства самых разных направлений и актуализируют необходимость включения данной темы в учебные планы факультетов журналистики. Представляется важным также определение общего алгоритма действий по внедрению гендерной темы в образовательные программы. В качестве базовой предлагается трехуровневый методический подход наполнения учебного контента гендерно-ориентированными программами. Первый блок программ должен объединять курсы, посвященные непосредственно истории, методологии и специфике гендерных проблем. Второй – включает практику освещения данной темы в СМИ. Третий, не менее важный уровень, – изучение аспектов гендерного равенства непосредственно в редакциях.

Надо также отметить, что на современном этапе фиксируется невысокий уровень представленности гендерной тематики в учебных программах. Исследования гендерного мировоззрения студентов факультетов журналистики показали высокий интерес к данной тематике. Однако 64% отметили присутствие гендерного неравенства и ассиметричных привилегий в процессе прохождения стажировок, а также непосредственно в периоды обучения в университетах (28%). Каждая пятая студентка (опрос 2018 года) призналась, что в период учебной или производственной практики чувствовала себя представителем конкретного пола, а не сотрудником редакции. В результате восстанавливаются искаженные гендерные нормы, ценности и уровень сознания.

В этой связи правильным будет не только внедрять гендерно-ориентированные курсы в учебные программы студентов факультета журналистики, но и разработать методику их оценки на предмет соответствия гендерным индикаторам.

Материалы и методы

В рамках изучения данной тематики правомерным будет обратиться к опыту коммуникации по вопросам гендерного равенства преподавателей факультетов журналистики Казахстана. Безусловно, с отношения педагогов и к теме, и к процессу внедрения гендерного контента начинается весь комплекс организационных шагов. Такая возможность представилась авторам исследования в ноябре 2018 года в процессе работы над Проектом «Усиление учебной программы по гендерной журналистике» кафедры ЮНЕСКО, международной журналистки и медиа в обществе, поддержанным Международной программой развития коммуникаций ЮНЕСКО/ООН. В рамках Проекта был проведен тренинг для тренеров, а именно педагогов из 15 вузов республики, имеющих факультеты и кафедры журналистики.

Подбор участников проходил с учетом важности равной представленности мужчин и женщин. Однако, ввиду меньшего количества мужчин, работающих в системе казахстанского образования, удалось добиться следующей представленности: мужчин – 5, женщин – 10. Надо отметить, что практически все участники являются заведующими кафедрами журналистики, координаторами образовательных программ, ведущими лекторами, а потому в большей степени могут воздействовать на внедрение темати-

ки гендерного равенства в учебные программы журналистики. Для эффективного усвоения программы тренинга использовались тематические фильмы и сюжеты телевидения, воркшопы, публикации традиционных и новых медиа по гендерной тематике на основе зарубежного и казахстанского контента. Участникам была дана возможность не просто знакомиться с материалами, подходами и мировым опытом, но и самим моделировать возможные конфликты и ситуации с использованием сюжетов отечественных и зарубежных медиа и блогеров. Поэтому в качестве активных форм применялись деловые игры, командная работа, творческие задания, решения кейсов, «мозговой штурм», обсуждение ситуаций, построение ассоциативных моделей, контент-анализ сюжетов и публикаций с точки гендерной корректности, уязвимости и вариантов соблюдения баланса.

В течение всего времени работы тренеры регулярно обращали внимание на то, что создание публикаций и сюжетов на коммерческие темы СМИ, связанные с тем, что мы живем и проявляем себя в обществе не просто как люди, а как мужчины или как женщины, будет актуально и востребовано аудиторией всегда. Но как делать это правильно? Нужно ли писать преимущественно или даже только о женщинах? Нужно ли писать о женщинах только хорошо? Как учесть специфику казахстанского общества? Проходившие дискуссии базировались именно на учете гендерно-чувствительных индикаторов ЮНЕСКО, которые тщательно рассматривались и комментировались.

Кейс-стори и «горячие» темы были рассмотрены с привлечением практических примеров и интерактивных форм, что позволило участникам, по их отзывам, намного продвинуться в понимании, и применением гендерных средств в информационно-коммуникационной сфере. Репрезентация и саморефлексия из преподавательской практики участников, с активным подключением обсуждений коллег, дали возможность понимать, в каком аспекте и насколько глубоко дисциплина «Гендер и СМИ» может внедряться на факультетах журналистики.

Таким образом, важнейшей стратегией тренинга стало не просто концептуальное изучение вопросов гендера в СМИ, а обеспечение преподавателей вузов Казахстана методическим и практическим инструментарием применения в образовательном процессе гендерно-чувствительных индикаторов ЮНЕСКО, поддержки инициативного внедрения курса и элементов дисциплины в предметы по журналистике, в дальнейшей перспективе – поддержка стремления по преодолению стереотипов и гендерных барьеров в СМИ. Проект позволил снизить у преподавателей журналистики стереотипное восприятие роли женщины и мужчины в обществе, гендерных стереотипов и гендерной предвзятости в соответствии с мировой практикой. На основании возросших компетенций, в рамках мероприятий МПРК и на основе актуальных публикаций ЮНЕСКО, преподаватели приступили к подготовительной деятельности по введению в образовательные программы вузов по журналистике гендерной тематики и гендерных подходов. Опыт и практика участников-преподавателей дали возможность понимать, в каком аспекте и

насколько глубоко может внедряться не только дисциплина, а возможно модуль или даже целое направление «Гендер и СМИ» на факультетах журналистики Республики Казахстан. Все участники в итоговом анкетировании заявили, что осознают, гендерный анализ должен выполняться на всех стадиях процесса развития и всегда нужно задаваться вопросом, насколько отличается влияние определенного действия в гендерном аспекте.

На данных диаграммах, согласно результатам анкетирования, представлены тренды изменения понимания участниками тренинга проблем гендера и СМИ.

Обзор литературы. Мировое научное сообщество не первое десятилетие активно обсуждает тему гендерного образования и роль СМИ в формировании паритетных отношений. Луиза Норт, профессор университета Дикин (Австралия), изучила журналистские образовательные программы 30 австралийских вузов и пришла к выводу: «ни одна программа не предлагает такой блок, который бы конкретно занимался изображением женщин в средствах массовой информации или, что важно, гендерным производством новостей и гендерной культурой редакции (Louise North, 2010). Автор также указывает: «Отсутствие основного образования по гендерным вопросам и культуре редакций в университетских курсах журналистики помогает поддерживать системное гендерное неравенство в отрасли».

International Confederation of Journalistic Unions, International Institute a variety of politics, the Unions of Journalists of Russia and Kazakhstan, the Association of Television and Radio Broadcasters of Kazakhstan and many others. In Kazakhstan, the real situation shows the shift of interest from printed to digital information. For example, the national company "Kazakh Information Agency" is an open joint-stock company, whose agency website, www.inform.kz, is published in Kazakh, Russian and English. A feature of the agency's language policy is that only in Kazinform news in Kazakh language is translated into Latin graphics and Arabic script. For Kazakh diasporas living abroad and not owning the Cyrillic alphabet, this factor is the main source of awareness of the events taking place in their historic homeland (Dictionary of foreign words and expressions, 2006).

Since October 1996, the Interfax-Kazakhstan news agency, which is part of the Interfax international information group, has been working in the market of political and economic information in Kazakhstan. The agency publishes news and analytical series in Russian, Kazakh and English, including operational political and business news feeds.

So, a brief overview of the main Kazakhstani mass media showed their congruence with the general trend of the global media culture. McLuhan's current metaphor has moved from the field of the theoretical construct to the real functional space, which illustrates the growing dynamics of the mass media in Kazakhstan.

References

A.V. Fedorov. (2008) Mediagramotnost i mediaobrozovaniye [Medialiteracy and Mediaeducation] Russia,vol.3,no 2, pp. 18-25

Bell, D. (1986) Social Framework of the Information Society // New Technocratic Wave in the West. – M.: Progress, New York, 453 p.

Bolts N. (2001) Appeal to the Europian reader // Alphabet media. Canada, no 7, pp. 3-4.

Brozhilinskaya N.V. (2002) Prestupnoye nasiliye v sem'ye i yego peredacha sredstvami massovoy informatsii [Criminal violence in the family and its transmission by mass media] Moscow, vol.2, p.23 // E.E. Pronin. (2014) Problemy mediapsikhologii [Problems of media psychology], Vladivostok, p 80

David Brock. (2015) Media culture: from modern to postmodern , United States, vol. 8, p. 148

David Brock. (2012) The Fox Effect, United States, page 31

Dictionary of foreign words and expressions (2006) Canada,. – 784 p.

Fedorov A. V. (2000) Terminologiya mediaobrozovaniya [Terminology of media education].no 2, pp. 33-38.

Fedorov.A. V. (2010) Slovar terminov po mediaobrozovaniu, mediapedagogike, mediagramotnosti, mediacompetentnosti [Glossary of terms on media education, media pedagogy, media literacy, media competence] vol 5,no 7, pp.80-105.

filosofija-obrazovanija-i-mediakultura-informacionnogo-obwestva[educational philosophy and media culture of the information society].html (appeal date: 10/11/2013).

Guy Debord Media Culture and its role in the development of the modern information society (2001), Paris, p. 101-115

Herbert Marshall – Eurasian Media Forum – [Electronic resource]. – Access mode: http: //www.eamedia.org/com/history (appeal date: 26.12. 2015).

Informatsionno-pravovaya sistema normativnykh pravovykh aktov Respubliki Kazakhstan [Information and legal system of regulatory legal acts of the Republic of Kazakhstan] – [Electronic resource]. – Access mode: http://adilet.zan.kz/rus 10/08/2015 (access date: 12/25/2015).

Information Society [Electronic resource] / V. A. Vozchikov.(2014) Access mode: http://www.dslib.net/soc-filosofia/

Kashkina, M. G. (2016) Media kul'tura informatsiya obshchestvo v aspekte filosofskogo diskursa [Media culture information society in the aspect of philosophical discourse] [Electronic resource] Moscow, p. 35-46 / M. G. Kashkina. – Access mode: http: // do.gendocs.com / docs / index-357055.html (appeal date: 10/15/2013)

Khamitova K (2019) BY M. MACLUEN SREDSTVA MASSOVOY KOMMUNIKATSII KAZAKHSTANA V KONTEKSTE "AKTUAL'NOY METAFORY [MEANS OF MASS COMMUNICATION OF KAZAKHSTAN IN THE CONTEXT OF "ACTUAL METAPHOR] Almaty, p. 68 // Youth Science Forum: Humanities: electr. Sat Art. on mat. XXXI Intern. stud scientific-practical conf. Number 2 (30). URL: https://nauchforum.ru/archive/MNF_humanities/2(30).pdf (access date: 03.02.2019)

Kirillova, N. B. (2015) Media-sreda rossiyskoy modernizatsii [Media environment of Russian modernization] / N. B. Kirillova (2017). – M.: Academic Project [Akademicheskiy proyekt], Moscow, p. 112-120

Kirillova N. B. (2008) Mediakul'tura: teoriya, istoriya, praktika [Media culture: theory, history, practice] Moscow: Acad. project,. 496 p.

McLuhan, M. (2003) Media Understanding: External Human Extensions, France, vol.4, p. 78-80

Neil Postman (1985) Internet as a new reality and phenomenon of modern civilization [Electronic resource], p. 56

O. N. Astafieva. – Mode Access: http://do.gendocs.ru/download/docs-306318/306318.doc

O.V. Novozhenina. – Access mode: http://iph.ras.ru/page 48878565.htm (appeal date: 10/16/2013).

Pavlovskaya O., Tulembaeva A.(2013) Klassifikatsiya SMI v Kazakhstane real'nost' i perspektivy [Classification of media in Kazakhstan reality and prospects]. Magazine "Thought" №12, Almaty, p. 95-102

Ryan Holiday (2012) Trust Me, I'm Lying , California, p. 10-16
Schneider G (2009) Crime and the media, Vancouver, p. 52
Vartanova E. L. (2015) Media sistema Rossii [Media system of Russia]. Moscow, 384 p.
W. James Potter (2008) Media culture: theory, history, practice / Academic Project, vol. 2,3, p. 61-82
W James Potter (2013) Media culture and some principles the formation of information and communication space. Los Angeles, vol.5,no 3,pp.35-120
W. James Potter (2013) Media culture of a person in the information society. Los Angeles, 44 p.
W. James Potter (2015) The book in the new media environment, Los Angeles, vol.3, p. 23

ҒТАМР 19.01.11

Есенбекова Ұ.М.

филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.
e-mail: ultmudde@mail.ru

МЕДИА ҚҰРАЛДАР АРҚЫЛЫ АДАМНЫҢ ТАҢДАУЫНА ӘСЕР ЕТУ: МЕДИАПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТ

Адам санасына оның еркінен тыс әсер ету тәсілдерін анықтау, олардан қорғану жолдарын ұсыну жаңа дәуірде маңызды проблемалар қатарында айтылып жүр. Психологиялық технологиялардың көмегімен әрбір адамның іс-әрекетін, мінезі мен таңдауын бақылау қиын емес. Оның санасын бұрмалап, қажетті шешім қабылдауға мәжбүрлеуге және бағыттауға болады.

Мақаланың мақсаты – жеке тұлғаның психологиялық көңіл-күйін, іс-әрекеттерін өзгертетін, адамның таңдау еркіндігін шектейтін технологиялық тәсілдердің әсерін зерттеу. Зерттеу жұмысының басты бағыты – полимәдениетті қоғамдардағы коммуникативтік қатынастарды, олардың даму жолдарын медиапсихологиялық тұрғыда талдау.

Зерттеу жұмысының ғылыми және практикалық құндылығына медиапсихологиялық құбылыстар мен бұқаралық медиада қолданылатын психологиялық тәсілдерді жүйелеп, түсінік берілуін жатқызамыз. Мақалада фактілердің өңін айналдыру, шындықты жасыру, жеңілдету концепциясы, сенсацияны қолдану сияқты қоғамдық сананы манипуляциялаудың басты тәсілдеріне толық түсінік берілді.

Тақырыпты талдау барысында сипаттау, бақылау және салыстыру сияқты эмпирикалық тәсілдермен қатар, шетелдік ғалымдардың еңбектеріндегі аксиомаларға сүйенген теориялық әдістер қолданылды.

Ғылыми мақаланың басты нәтижесі – қазіргі медиа құралдар арқылы адамға ұнамаған затты ұдайы жарнамалау арқылы оның бұрынғы көзқарасын өзгертудің әдістерінің жинақтап, талдануы. Адамның жақсы көретін тауарын кері жарнамалаудың көмегімен жағымсыз етіп көрсетуге болады. Осылайша, адам өз таңдауының өзгергенін байқамайды. Мақаланың қорытынды тұжырымында медиапсихологиялық тәсілдердің медиадағы аспектілері, адамның психологиясына әсері туралы гипотезаның дұрыстығы көрсетілді.

Мақаланың құндылығы – әртүрлі қоғамдарда қолданылатын психологиялық технологиялардан қорғану тәсілдерін көрсету, медиапсихология саласының маңызын түсіндіру. Цифрлық технологиялар ғасырында адамның санасына әсер ету әдістері жылдан жылға жетіліп келеді. Маркетологтар, жарнама берушілер мен саяси күштер тұтынушыға, адам мен қоғамға өзінің ықпалын ұдайы жүргізу үшін бұрынғыдан да күшті, таңдамалы медиапсихологиялық технологияларды қолданып жүр. Бүгінгі бұқаралық коммуникация құралдары арқылы таралатын осы технологияларды, олардан қорғану тәсілдерін журналистер білуі тиіс.

Журналистер күнделікті қызметінде ақпарат қалай таралады, оның адамға психологиялық әсері қандай болатынын кәсіби деңгейде талдауға қабілетті болуы маңызды. Өзінің кәсіби міндеті мен ел мүддесіне адал болып, шетелдік ақпараттық экспансияға қарсы қызмет етуде журналистің біліктілігі жоғары болуы қажет. Автор өз мақаласы журналистер мен көпшілік қауымға ақпараттың пайдасы мен зиянын, шындығы пен жалғанын ажырата білуге көмектеседі және қауіпті контенттен сақтандырады деп үміттенеді.

Түйін сөздер: психологиялық тұрақтылық, көңіл-күй тұрақтылығы, психологиялық қару, медиапсихология, психологиялық бұрмалау, жеңілдету концепциясы.

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

Yessenbekova U.M.
cand. sci (philology), associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Kazakhstan, Astana, e-mail: ultmudde@mail.ru

The influence of Human consciousness on Media: media-psychological aspect

One of the important problems of our time is to identify ways of influencing the human consciousness against its will and developing protective mechanisms against them.

With the help of psychological technology today it is not difficult to control the behavior, character and choice of each person. By manipulating consciousness, one can convince to make the necessary decision. The purpose of this article is to study the influence of technological approaches that govern the psychological attitude, behavior and freedom of choice of a person. The main focus of research is the study of communicative relationships in multicultural societies, their development under the influence of media psychological tools.

The scientific and practical value of the research consists in the system consideration of psychological phenomena and psychological approaches used in the mass media. The article provides a comprehensive overview of the methods of manipulating the public consciousness, transforming facts and hiding the truth, simplifying the concept of reality and using sensational events.

In the course of the analysis of the indicated topic, theoretical approaches based on the axioms of foreign scientists along with such empirical methods as description, control, and comparison were used.

The main result of the article is the synthesis and analysis of ways of influencing human consciousness through media advertising through the media. With the help of anti-advertising technologies, human sympathies can be changed in the opposite direction. At the same time, a person may not notice the change in their preferences. The conclusions of the article demonstrate the correctness of the hypothesis about the media aspects of media psychological approaches that influence the human consciousness.

The value of the article is to demonstrate ways to protect against psychological technologies used in developed societies, explaining the importance of media psychological technologies. In the digital age, methods of influencing human consciousness are improved every year. Marketers, advertisers, and political alliances use advanced technology to preserve their influence on consumers, social groups, and society. Journalists should be aware of these technologies distributed through the media and how to protect against them.

The value of the article is to demonstrate ways to protect against psychological technologies used in developed societies, explaining the importance of media psychological technologies. In the digital age, methods of influencing human consciousness are improved every year. Marketers, advertisers, and political alliances use advanced technology to preserve their influence on consumers, social groups, and society. Journalists should be aware of these technologies distributed through the media and how to protect against them.

Key words: equilibrium of psychological state, psychological weapons, media-psychology, psychological manipulations, concept of simplification.

Есенбекова У.М.
кандидат филологических наук, ассоциированный профессор, Евразийский национальный
университет им. Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана, e-mail: ultmudde@mail.ru

Влияние современных медиа на сознание человека: медиапсихологический аспект

Одной из важных проблем современности является выявление способов воздействия современных медиа на человеческое сознание вопреки его воле, выработка защитных механизмов. С помощью психологических технологий сегодня нетрудно контролировать поведение, характер и выбор каждого человека. Манипулируя сознанием можно заставить или убедить его принять необходимое решение.

Целью настоящей статьи является исследование влияния технологических подходов, которые управляют психологическим настроем, поведением и свободой выбора человека. Основным направлением исследования является изучение коммуникативных отношений в поликультурных обществах, их развитие под влиянием медиапсихологических инструментов.

Научная и практическая ценность исследования состоит в системном рассмотрении психологических явлений и психологических подходов, используемых в средствах массовой информации. В статье дается всесторонний обзор методов манипулирования общественным сознанием, преобразования фактов и сокрытия истины, упрощения концепции реальности и использования сенсационных событий.

В ходе анализа обозначенной темы, наряду с такими эмпирическими методами как описание, контроль и сравнение, были использованы и теоретические подходы, основанные на аксиомах зарубежных ученых.

Основным результатом статьи является обобщение и анализ способов влияния на сознание человека посредством медийной рекламы через средства массовой информации. С помощью антирекламных технологий симпатии человека могут быть изменены в противоположную сторону. При этом человек может и не заметить смену своих предпочтений. Выводы статьи демонстрируют верность гипотезы о медиааспектах медиапсихологических подходов, влияющих на человеческое сознание.

Ценность статьи заключается в демонстрации способов защиты от психологических технологий, используемых в развитых обществах, объяснении важности медиапсихологических технологий. В эпоху цифровых технологий методы воздействия на сознание человека совершенствуются с каждым годом. Маркетологи, рекламодатели и политические объединения используют передовые технологии, чтобы сохранить свое влияние на потребителей, социальные группы и общество. Журналисты должны знать об этих технологиях, распространяемых через медиа, и способах защиты от них.

Журналистам важно уметь анализировать особенности распространения информации, последующие психологические последствия. Журналист должен соответствовать требованиям времени при выполнении профессиональных обязанностей и выражать интересы общества. Автор надеется, что его статья поможет журналистам и общественности выявлять позитивность и вредоносность информации, скрытое содержание контента.

Ключевые слова: психологическое состояние, психологическое оружие, медиапсихология, психологические манипуляции, концепция упрощения.

Кіріспе

Жеке тұлғаның, әлеуметтік топтар мен бірлестіктердің олардың психологиялық жағдайын, психологиялық мінезін өзгертуге бағытталған, олардың таңдау еркіндігін шектейтін технологиялық тәсілдерді күнде кездестіреміз. Бұл тәсілдерді анықтау, олардан қорғану жолдары ақпараттық-психологиялық қауіпсіздік мәселелерінде жақсы қамтылған. Әрбір адамның іс-әрекетін, мінезі мен таңдауын оның еркінен тыс бақылауға болады. Оның санасын бұрмалап тиісті шешім қабылдауға мәжбүрлеуге және итермелеуге болады.

Бұның бәрі қазіргі кезде медиа құралдар арқылы психологиялық әсер ету технологиясының көмегімен мүмкін болатын құралдар. Адамға ұнамаған затты ұдайы жарнамалау арқылы оның бұрынғы көзқарасын өзгертіп, ұнайтын жасау психологиялық құралдардың көмегімен мүлдем қиын емес. Керісінше, адамның жақсы көретін тауарын кері жарнама беру арқылы жағымсыз етіп көрсетуге болады. Сөйтіп, адам өзінің жақсы көріп келген өнімінен бас тартады. Өз таңдауының өзгергенін байқамай да қалады. Осының бәрін адамның психологиялық ерекшеліктерін пайдаланып медиа құралдар жасайды. Сондықтан да, медиа құралдардың болашақтың ең жойқын қаруы деп аталуы өте орынды (Arthur Raney, 2011, Jordan Alexander H., Monin Benoit, Dweck Carol S., Lovett Benjamin J., John Oliver P., Gross James J., 2010, Абдеев Р.Ф., 2014).

Материалдар мен ғылыми тәсілдер

Мақалада 32 дереккөздерден алынған материалдар сарапталып, автордың жүргізген талдауына байланысты таңдап алынды. Сол материалдардың негізінде іріктелген, контент-сараптаудан өткен мәліметтер қорытынды тұжырым жасауға қолданылды. Медиапсихологиядағы тәсілдер мен оның ықпал ету механизмдерін зерттеу барысында Arthur, https://en.wikipedia.org/wiki/Media_psychology – cite_ref-8Katz, Blumer, Gurevitch, Rutledge, Westerholm сияқты шетелдік ғалымдардың ғылыми жұмыстарындағы басты гипотезалардың бәрін қазақстандық қоғам жағдайында қолдануға болмайтыны анықталды.

Психологиялық манипуляция – психологиялық қауіпсіздікті әлсіретуге бағытталған құрал. Манипуляция немесе сананы бұрмалау адамдардың жеке тұлғалық қасиеттерін өзгертіп, деформациялайды. Манипуляцияның 3 ерекше сипатын атауға болады:

Психологиялық сипаты, манипуляцияның нысанасы жеке тұлға;

Жасырын әсер етеді;

Арнайы әдістер қолданылады (Грачев М.Н., 2004, Westerholm, Russell, 2014, Малик Е.Н., 2007, Society For Media Technology&Psychology, 2017).

Манипуляцияны қолданатын күштер өз құрбандарына ешқашанда жақсылық ойламайды. Енді ақпараттық технологиялар мен адамның өмірін өзгерту үшін қандай манипуляциялық айла-шарғылар қолданылады деген сұраққа жауап берейік. Бұқаралық коммуникация құралдарында кең таралған бірнеше манипуляциялық (бұрмалау) тәсілдері бар. Солардың негізгі біреуіне тоқталайық.

Ақпараттың өңін айналдыру, бұрмалау деп – фактілердің өңін айналдырып, дұрыс фактілердің

ішіне өтірік пен қауесет қосып тарату әдісін айтамыз. Қазіргі қоғам тек өтіріктен тұратын, жалған фактілерден ғана құралған ақпаратты ажырата алатын деңгейде. Ақпаратқа күмәнданған оқырман немесе көрермен басқа бір ақпарат көзінен оның шын не жалған екенін тез анықтай алады. Сондықтан, қазіргі медиалар таза өтірік пен қауесеттен тұратын ақпаратты көп тарата бермейді. Бірнеше рет жалған ақпарат таратқан медиаға адамдар сенбей, ондай ақпарат көздерін қолданбайтын болады. Сөйтіп, ондай медиа өз аудиториясынан айырылып қалатынын біліп таза қауесет, өсектен бас тартып, оның орнына шын, өтірік фактілерді араластырып, бұрмалау арқылы өзіне қажетті пікір қалыптастырғысы келеді. Шындық пен өтіріктің арасын жылжыту арқылы, біріне-бірін сапырылыстырып өзінің мақсатына жеткісі келеді. Өтірік пен жалғанды аудитория білмей қабылдап қалатын деңгейде жасырып тарату әдістерін олар психологияның көмегімен меңгерген.

Әдебиетке шолу

Автордың мақаланы әзірлеу барысында таңдап алған ғылыми әдебиеттердің саны 32 болса, оның 2-еуі қазақ тілінде, 10-ы орыс, қалғаны ағылшын тіліндегі жұмыстар. Олардың ішінде, John, Newman, Williams, Hartholt, Lethin еңбектері, Norman Kent L. «Cyberpsychology: An Introduction to Human-Computer Interaction», Pamela Rutledge «Website». Pempek, Yermolayeva, Calvert «College students' social networking experiences on Facebook» атты іргелі зерттеулері бар.

Әлемдегі барлық ірі медиахолдингтердің шебер психологтардан құралған арнайы топтары бар (Влияние СМИ на политическую активность..., 2008, Шварценберг Роже-Жерар, 1992, Rutledge, P.B., 2013, Grieve; et al., 2015, Burns Kelli S., 2017).

Бұл мақалада қолданылған ауқымды ғылыми әдебиеттерді сараптай отырып, олардың автордың гипотезаларын дәлелдеуге нақты және дұрыс таңдап алынғанын көреміз.

Негізгі бөлім. Ойталқы

Полимәдениетті қоғам дегеніміз көп мәдениетті қоғам деген түсініктен құралғаны белгілі. Көпмәдениет қандай қоғамда қалыптасып жұмыс істейді? Қазақстан қоғамы тарихтың көп бұралаңынан келіп, көпэтносты болып қалыптасты. Біздегі орыс, украин, неміс, корей, өзбек пен ұйғыр этностарының өкілдері Қазақ жеріне әртүрлі саяси, тарихи себептермен қоныс аударған. Біреулері қуғын-сүргіннің, саяси репрессияның құрбаны болса, екінші біреулері кеңес заманында тың игеру, өнеркәсіпті дамыту деген ұрандармен Қазақстанға келіп тұрақтап қалды. Санақ бойынша Қазақ елінде 120-дан аса этнос өкілдері тұрады. Осыдан 15 жыл бұрын «Қазақстанда 100-ден аса ұлттар тұрады» деген тұжырымды барлық ресми, бейресми дереккөздерден естіп, қолданатынбыз. Қазақстан халқы Ассамблеясының концептуалдық құжаттарында 2001 жылдан бері «ұлттар мен ұлыстар» деген тіркестің орнына «этнос өкілдері» деген ғылыми жағынан да, саяси жағынан да әділетті анықтама айналымға енгізілді. Содан бері Ассамблеяның қабылдаған құжаттарында Қазақ елінде бір ғана ұлт бар, ол – қазақ ұлты. Қалғандары басқа этностың өкілдері деген тұжырым пайдаланып келеді.

Барлық ғылыми көздерде ұлт деген категорияның нақты анықтамасы бар. Ұлт дегеніміз – өзінің мемлекеттік шекарасының аумағында өмір сүріп отырған, тарихы мен тағдыры, тілі мен мәдениеті ортақ этносты айтамыз. Біздің жағдайымызда бұл анықтамаға тек қазақтар жатады. Басқа этнос өкілдерінің тарихи отандары бар. Олар ертең 100 жылдан бері қазақтармен бірге біздің тарихымыз да, тіліміз бен мәдениетіміз де бірге, біз де қазақ ұлтымыз десе ешқандай қарсылық болмауы керек. Қазақ ұлтымыз деген этностың өкілдерін біз қолдап, олардың өздерін солай атауына барынша ықпал етуге тиіспіз. Міне, мемлекеттің ұлттық саясаты осындай қағидалардан тұрады.

Ал, қазірше «қазақстандық ұлт» деген не, ондай ұлт құратын болсақ қазақ тілінен, мәдениетіміз бен діліміздан айрыламыз деген қауіптер қоғамда жиі естіледі. Бірақ, Қазақстанда тұратын барлық этностар бірауыздан «біз – қазақ ұлтымыз» деп мойындауы үшін де алдымен «біз – қазақстандықпыз» деген тұжырым арқылы эволюциялық процестен өту қажет. Бұл барлық Қазақстан азаматтарының тек қазақ тілінде сөйлеп, қазақ ұлтымыз деп айтуы үшін қажетті даму жолы. Әзірше, Ассамблея тарапынан да, биліктің идеологиялық аппараты тарапынан да осыны қоғамға, әсіресе, қазақтарға түсіндіретін түсінік қажет болмай келеді (Әшімбаев С., 1993, Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендету..., 2007, Васильев А., 2010, Giles David, 2003, Чеснаков А.А., 1999, Global social media..., 2017).

Қоғамдағы полимәдениеттің қажеттігі, коммуникативтік қатынастардың күрделілігі, олардың даму жолдары да медиапсихологиялық тұрғыда ұдайы назарға алынып, зерттеуді қажет етеді. Біршама саяси мазмұндағы ғылыми аппаратты түсіндіретін анықтамалармен бірге

бұқаралық медиада қолданылатын психологиялық тәсілдердің бастыларына тоқталайық.

Фактілердің өңін айналдырып, шындықты жасырып, ақпаратты жалған деректер мен ойдан шығарылған мәліметтермен толтыру тәсілі. Бұл тәсіл басқа ақпарат көздері жоқ кезде, мысалы, адамдардың санасын өзгертіп, олардың іс-әрекеттерін басқару үшін діни секталарда, тоталитарлық қоғамдарда жақсы нәтиже береді. Бірақ, адам өзін тәуелсізбін деп ойлайды. Шешімді де өз бетінше қабылданған сезімде болады. Бірақ, бұның бәрі қабылданған ақпараттың психологиялық әсері екенін түсіне бермейді.

Қазіргі бұқаралық коммуникацияларда «Honesty is the best policy» деген қағида көп қолданылады. Ағылшыннан «шындық – ең жақсы саясат» деп аударылады. Өйткені, тек жалған сөзбен аудиторияны алдай алмайтынын түсінген олар басқа манипуляцияларды қолданады. Соның бірі, «демократиялық бос даңғыр» деп аталады. Жеке тұлғалар мен қоғам үшін ұнамсыз заңдар мен қаулылар қабылданар кезде ақпарат көздерінде «ақырзаман болады екен» деген сияқты тақырыптар көбейеді, белгілі жұлдыздар мен танымал адамдардың өміріндегі бір оқиғаны сенсация жасап, қоғамның талқылауына салып үлкен бір «ақпараттық дүрбелең» туады. Қоғам үшін жағымсыз шешім, биліктің сәтсіз реформалары осындай «демократиялық айқайдың» көлеңкесінде қалып қояды. Елдің бәрі танымал жұлдыздардың фото суреттерін, киген киімдерін, мінген көлігін талқылап, өзінің өміріне қажетті шешімді талқылауды ұмытып қалады. Бұл да билік қолданатын өте күшті психологиялық манипуляция (Katz Elihu, Blumer Jay, Gurevitch Michael, 1973, Shanton Karen, Goldman Alvin, 2010, Rutledge P., 2016, Pempek, Yermolayeva, Calvert, 2009).

Жеңілдету концепциясы – берілетін хабарламаның мәнін оңайлатып, жұтаң етіп көрсету. Бұндай тәсіл аудиторияның бұл ақпаратты сыни сүзгіден өткізіп қабылдауына кедергі жасайды. Бұқара қауымның интеллектуалдық деңгейі мен сыни талдауы төмен болған сайын олар қарапайым, жеңіл ақпаратты жақсы қабылдайтыны белгілі.

Бір пікірді бекіту мен қайталау. Беделді адамның сенімді түрде таратқан ақпараты мен көзқарасы аудиторияны да сендіре алады. Елімізде қандай да бір саяси оқиға басталғанда беделді саясаткерлер мен қайраткерлер сол оқиғаны мақұлдап, қолдап жатқанын жиі көреміз. Көп адам оған мән бере бермейді. Алайда, бірнеше рет қайталана берген пікір мен көзқарасты біріміз уақыт өте келе еш күмәнсіз қабылдап, өзіміз де оның жақтаушысы болып шығамыз. Міне, бұл да бекіту мен қайталаудың қаншалықты психологиялық күшті тәсіл екенін көрсетеді (Песков Д.Н., 2002, Вершинин М.С., 2011, PLAY THEORY, 2010, Pamela Rutledge Website, 2002, Copeland Libby, 2015).

Сенсация немесе таңғаларлық оқиға адамның назарын немесе қоғамның назарын басты оқиғадан екінші кезектегі болмашы оқиғаға аудару тәсілі. Сенсация арқылы билікке қажет, қоғамға зиянды оқиғаны жасырып, оның орнына аудиторияның назарын болмашы мәселеге қарай аудырып, алдаусыратуға болады. Сенсациялық мәліметтерде ақпаратты бұрмалау жиі кездеседі (Еляков А.Д., 2003, Политическое проектирование..., 2013, Alexander H. Jordan, Benoit Monin, Carol S. Dweck, Benjamin J. Lovett, Oliver P. John and James J. Gross, 2011).

Міне, манипуляциялық тәсілдердің бастылары осылар. Цифрлық технологиялар ғасырында адамның санасына әсер ету әдістері жылдан жылға дамып отыр. Психологиялық технологиялардың жаңа түрі шыққан сайын одан қорғанатын тәсілдер де жетіліп келеді. Маркетологтар, жарнама берушілер мен саяси күштер тұтынушыға, қоғамға өзінің ықпалын ұдайы жүргізу үшін бұрынғыдан да мықты, таңдамалы әдіс-тәсілдерді тауып, қолданатын болады. Бұл үзіліссіз жалғаса беретін шексіз процесс.

Қорытынды бөлім және нәтижелер

Жаңа ақпараттық технологиялардың мүмкіндіктері бұқаралық коммуникация құралдарының аудиторияға ықпал ету тиімділігін еселеп арттырды. Бірақ, медиапсихологиялық тұрғыда бұқаралық коммуникация құралдары өнімдерінің жеке тұлғаның психологиялық орнықтылығына қаншалықты қауіпті екенін зерттеу маңызды. Ешқандай шектеусіз таратылатын қауіпті контенттердің зардабы жалпы қоғам үшін ауыр болуы мүмкін. Балалар мен жасөспірімдердің арасында депрессия мен психикалық ауытқулардың көбеюі коммуникациялық құралдармен байланысты екені дәлелденуде. Жан-жақтан қоршаған ақпараттық массивтердің ықпалымен бала өзінің жеке тұлғалық сипатынан айырылады. Өмірдегі түрлі жағдайларда жастардың психикасы зардап шегеді. Олар сараптау қабілетінен айырылып, таратылған ақпараттың жақсы мен жаманын ажырата алмай қабылдай береді (Norman Kent L., 2017, Rizzo A., John B., Newman B., Williams J., Hartholt A., Lethin C., 2013, Affective Disposition Theories, 2014).

Өзінің кәсіби міндетін адал, елдің мүддесіне сай атқару үшін де, шетелдік ақпараттық экспансияға қарсы қызмет етуі үшін де журналистің біліктілігі жоғары болуы қажет. Әрбір медиа құралдың өзіне тән сипаты бар. Бір медиа үшін түбірлі маңызға ие ақпарат жеткізу тәсілдері (мысалы, радиоға дыбыс, телевизияға бейнекөрініс, газет пен журналдар үшін мәтін), басқалар үшін қажетсіз болуы мүмкін. Журналистика нарығының талаптары редакторларға күрмеуі қиын міндеттер жүктейді. Қазіргі редактор ақпарат қандай медиа түрімен таратылуы тиіс, медианың бір түрімен таратылған контентті медианың басқа түрімен тарату үшін қалай өзгертіп, бейімдеу қажеттігін кәсіби психологиялық деңгейде меңгеруі тиіс. Сондықтан да, пайдасы мен зиянын, шындығы пен жалғанын ажырата білу үшін жалпы журналистер қауымы медиапсихологиялық категорияларды жан-жақты зерттеп алғаны жөн.

Әдебиеттер

Affective Disposition Theories/Media Psychology. mprcenter.org. Retrieved 2014-10-7.

Alexander H. Jordan, Benoît Monin, Carol S. Dweck, Benjamin J. Lovett, Oliver P. John, and James J. Gross (2011). Misery Has More Company Than People Think: Underestimating the Prevalence of Others' Negative Emotions. Personality and Social Psychology Bulletin. doi:10.1177/0146167210390822.

Arthur, Raney (2011). The Role of Morality in Emotional Reactions to and Enjoyment of Media Entertainment. Journal of Media Psychology: Theories, Methods, and Applications. Hogrefe Publishing. doi:15.1031/164-15/00035.

Burns, Kelli S. (2017). Social Media: A Reference Handbook. Santa Barbara, CA: ABC-CLIO. ISBN 978-1-4408-4355-6.

Copeland, Libby. The Anti-Social Network. Slate.com. Retrieved 8 February 2015.

Giles, David (2003). Media Psychology. Mahwah, N.J.: Routledge.

Global social media ranking 2017 / Statistic. Statista. Retrieved 2017-12-08.

Grieve; et al. (2015). Computers in Human Behavior. doi:10.1016/j.chb.2012.11.017.

Jordan, Alexander H.; Monin, Benoît; Dweck, Carol S.; Lovett, Benjamin J.; John, Oliver P.; Gross, James J. (2010). Misery Has More Company Than People Think: Underestimating the Prevalence of Others' Negative Emotions. Personality and Social Psychology Bulletin. doi:10.1177/0146167210390822.

https://en.wikipedia.org/wiki/Media_psychology – cite_ref-8Katz, Elihu; Blumer, Jay; Gurevitch, Michael (1973). Uses and Gratifications Research. (4th ed.). Public Opinion.

Norman, Kent L. (2017). Cyberpsychology: An Introduction to Human-Computer Interaction. United Kingdom: Cambridge University Press. ISBN 978-1-107-10254-5.

Pamela Rutledge Website. Retrieved 2017-05-12.

Pempek; Yermolayeva; Calvert (2009). College students' social networking experiences on Facebook. Journal of Applied Developmental Psychology. (2009). doi:10.1016/j.appdev.2008.12.010.

PLAY THEORY. Communication Theory. Retrieved 2010-02-11.

Rizzo, A., John, B., Newman, B., Williams, J., Hartholt, A., Lethin, C., et al. (2013). Virtual Reality as a Tool for Delivering PTSD Exposure Therapy and Stress Resilience Training. Military Behavioral Health.

Rutledge, P. (2016). Media Psychologists. In R. J. Sternberg (Ed.), Career Paths in Psychology: Where Your Degree Can Take You. Washington D.C.: American Psychological Assn.

Rutledge, P. B. (2013). Arguing for Media Psychology as a Distinct Field. In K. Dill (Ed.), Oxford Handbook of Media Psychology. New York: Oxford University Press.

Shanton, Karen; Goldman, Alvin (2010). Simulation theory. Wiley Interdisciplinary Reviews: Cognitive Science. doi:12.12/wcs.83. Retrieved 2012-10-09.

Society For Media Technology & Psychology. (2017). American Psychological Association.

Westerholm, Russell. (2014). Facebook Use Bad For Self-Esteem No Matter Why You Log On. University Herald. Retrieved 10 June 2014.

Абдеев Р.Ф. (2014) Философия информационной цивилизации / Р. Ф. Абдеев. – М.: Наука.

Васильев А. (2010) Диалоги о возможном: письма об открытом обществе / А. Васильев. – М.: Рудомино.

Вершинин М.С. (2011). Политическая коммуникация в информационном обществе. – М.: АСТ.

Грачев М.Н. (2004). Политическая коммуникация: теоретические концепции, модели, векторы развития. – М.: Прометей.

Еляков А. Д. (2003) Современная информационная революция / А.Д. Еляков // Социол. исследования. – № 10

Әшімбаев С. (1993) Парасатқа құштарлық. Алматы.: Жазушы баспасы.

Қазақстан Республикасында ақпараттық теңсіздікті төмендетудің 2007-2009 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы / http://adilet.zan.kz

Малик Е.Н. (2007) Влияние средств массовой информации на политическую и социальную активность молодежи: особенности, возможные пути развития, перспективы оптимизации. – Орел.

Песков Д.Н. Интернет в российской политике: утопия и реальность // Полис. – 2002.

Политическое проектирование в пространстве социальных коммуникаций: материалы Международной научной конференции: в 2 ч. – М., 2013. ч. 2.

Чеснаков А.А. Ресурсы INTERNET и российские политические технологии: состояние и перспективы развития // Вестник МГУ. Серия 18. Социология и политология. – 1999. № 4.

Шварценберг Роже Жерар. Политическая социология, часть 3. – М.: РАУ, 1992.

References

Affective Disposition Theories / Media Psychology. mprcenter.org. Retrieved 2014-10-7.

Alexander H. Jordan, Benoît Monin, Carol S. Dweck, Benjamin J. Lovett, Oliver P. John, and James J. Gross (2011). Misery Has More Company Than People Think: Underestimating the Prevalence of Others' Negative Emotions. Personality and Social Psychology Bulletin. doi:10.1177/0146167210390822.

Arthur, Raney (2011). The Role of Morality in Emotional Reactions to and Enjoyment of Media Entertainment. Journal of Media Psychology: Theories, Methods, and Applications. Hogrefe Publishing. doi:15.1031/164-15/00035.

Burns, Kelli S. (2017). Social Media: A Reference Handbook. Santa Barbara, CA: ABC-CLIO. ISBN 978-1-4408-4355-6.

Copeland, Libby. The Anti-Social Network. Slate.com. Retrieved 8 February 2015.

Giles, David (2003). Media Psychology. Mahwah, N.J.: Routledge.

Global social media ranking 2017 / Statistic. Statista. Retrieved 2017-12-08.

Grieve; et al. (2015). Computers in Human Behavior. doi:10.1016/j.chb.2012.11.017.

Jordan, Alexander H.; Monin, Benoît; Dweck, Carol S.; Lovett, Benjamin J.; John, Oliver P.; Gross, James J. (2010). Misery Has More Company Than People Think: Underestimating the Prevalence of Others' Negative Emotions. Personality and Social Psychology Bulletin. doi:10.1177/0146167210390822.

https://en.wikipedia.org/wiki/Media_psychology – cite_ref-8Katz, Elihu; Blumer, Jay; Gurevitch, Michael (1973). Uses and Gratifications Research. (4th ed.). Public Opinion.

Norman, Kent L. (2017). Cyberpsychology: An Introduction to Human-Computer Interaction. United Kingdom: Cambridge University Press. ISBN 978-1-107-10254-5.

Pamela Rutledge Website. Retrieved 2017-05-12.

Pempek; Yermolayeva; Calvert (2009). College students' social networking experiences on Facebook. Journal of Applied Developmental Psychology. (2009). doi:10.1016/j.appdev.2008.12.010.

PLAY THEORY. Communication Theory. Retrieved 2010-02-11.

Rizzo, A., John, B., Newman, B., Williams, J., Hartholt, A., Lethin, C., et al. (2013). Virtual Reality as a Tool for Delivering PTSD Exposure Therapy and Stress Resilience Training. Military Behavioral Health.

Rutledge, P. (2016). Media Psychologists. In R. J. Sternberg (Ed.), Career Paths in Psychology: Where Your Degree Can Take You. Washington D.C.: American Psychological Assn.

Rutledge, P. B. (2013). Arguing for Media Psychology as a Distinct Field. In K. Dill (Ed.), Oxford Handbook of Media Psychology. New York: Oxford University Press.

Shanton, Karen; Goldman, Alvin (2010). Simulation theory. Wiley Interdisciplinary Reviews: Cognitive Science. doi:12.12/wcs.83. Retrieved 2012-10-09.

Society For Media Technology & Psychology. (2017). American Psychological Association.

Westerholm, Russell. (2014). Facebook Use Bad For Self-Esteem No Matter Why You Log On. University Herald. Retrieved 10 June 2014.

Abdeev R.F. (2014) Filosofiya informacionnoj civilizacii [Philosophy of Information Civilization] / R. F. Abdeev. M.: Nauka.

Vasil'ev A. (2010) Dialogi o vozmozhnom: pis'ma ob otkrytom obshchestve [Dialogues about a possible: letters about an open society] / A. Vasil'ev. M. : Rudomino.

Vershinin M.S. (2011). Politicheskaja kommunikacija v informacionnom obshhestve [Political Communication in the Information Society]. M.: ACT.

Grachev M.N. Politicheskaja kommunikacija: teoreticheskie koncepcii, modeli, vektory razvitija [Political communication: theoretical concepts, models, vectors of development]. M.: Prometej, 2004.

Eljakov A. D. (2003) Sovremennaja informacionnaja revoljucija [Modern Information Revolution] / A. D. Eljakov // So-ciol. issledovanija. – № 10.

Ashimbaev S. (1993). Parasatka kushtarlyk [Passion for sanity] Almaty, ZHazushy.

Programma snizhenija informacionnogo neravenstva v Respublike Kazahstan na 2007-2009 gody [Program to reduce the information inequality in the Republic of Kazakhstan for 2007-2009] / http://adilet.zan.kz

Malik E.N. (2007). Vlijanie sredstv massovoj informacii na politicheskuju aktivnost' molodezhi v sovremennoj Rossii: osobennosti, perspektivy optimizacii [Influence of mass media on political activity of youth in modern Russia: features, prospects of optimization]. – Orel.

Peskov D.N. Internet v rossijskoj politike: utopija i real'nost' [Internet in Russian politics: utopia and reality] // Polis. 2002.

Politicheskoe proektirovanie v prostranstve social'nyh kommunikacij: materialy Mezhdunarodnoj nauchnoj konferencii: v 2 ch. [Political design in the space of social communications: materials of the International Scientific Conference]. M., 2013. ch. 2.

Chesnakov A.A. Resursy INTERNET i rossijskie politicheskie tehnologii: sostojanie i perspektivy razvitija // Vestnik MGU. Serija 18. Sociologija i politologija [INTERNET Resources and Russian Political Technologies: State and Development Prospects // Bulletin of the Moscow State University. Series 18. Sociology and Political Science]. 1999. № 4.

Shvarcenberg Rozhe Zherar. Politicheskaja sociologija, chast' 3 [Political Sociology, Part 3]. M.: RAU, 1992.

ҒТАМР 19.61.47

[1]Батырханова Ж., [2]Шайзадаева А., [3]Нұржан Қ.

[1]аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: zhazira.batyrkhanova79@gmail.com
[2,3]1 курс магистранттары, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: konjygymtk@mail.ru

ТЕЛЕАРНА САЛАСЫНДАҒЫ ДИЗАЙН-ЖОБАЛАУ

Мақалада қазіргі заманғы теледидардағы дизайнның рөлі зерттелді, тележүргізуші мамандығының проблемалары мен ерекшеліктері, оның міндеттері, сондай-ақ арна рейтингісі мен аудиториясына әсері анықталды. Ақпаратты, ойын-сауықты және әлем мен адамның қарым-қатынасын алудың ең маңызды құралдарының бірі – теледидар. Интернеттің пайда болуына қарамастан, адамдар әлі теледидарға көп сенім артады. Телеарналарды таңдауға аудиторияның артықшылықтары қызығушылық тудыратын ақпарат іздеу қағидасына негізделеді. Теледидарлық дизайн телеарналардың рейтингісіне тікелей әсер етеді. Бұл мақалада теледидар дизайнерінің мамандығы, болашақ мамандарды даярлау кезінде ескерілуі қажет рөлі мен міндеттері сипатталады. Теледидар адамға психологиялық әсер етеді, оған белгілі бір өмірлік құндылықтар мен мұраттар береді, оған жақсы да, жаман да үйрете алады. Сондықтан, осы күрделі, көп деңгейлі үдеріске қатыса отырып, дизайнның белгілі бір өнімді шығарғанда әлеуметтік жауапты екенін есте ұстау керек. Эстетикалық жағымды суретті пайдалану тақырыптық арналарға сәйкес келеді және тиісті графикалық өңдеуді қажет етеді. Мақалада жалпы теледизайн саласы туралы, оның орны туралы айта отырып, негізгі қызметіне тоқталу көзделді. Мақаланың теледизайн саласындағы жұмыстарға қолдануда өзіндік орны болмақ.

Түйін сөздер: телевизиялық дизайн, теледидар, компьютерлік технологиялар, дизайнерлердің кәсіптік білім беруі.

[1]Batyrkhanova Zh., [2]Shaizadayeva A., [3]Nurzhan K.

[1]senior lecturer, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: zhazira.batyrkhanova79@gmail.com
[2,3]Master's degree, al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: konjygymtk@mail.ru

Design-Project in Television

The article studies the role of design in modern television, the problems and features of the television profession, its goals and influence on the channel's rating and audience. Television is one of the most important tools of information, entertainment and communication of a person with the world. Despite the advent of the Internet, people still rely on television. The advantages of choosing television channels for an audience are based on the principle of finding information that they are interested in. TV design directly affects the rating of TV channels. This article describes the roles and responsibilities of the television designer profession, which should be considered when training future professionals. Television affects people, gives them certain values and ideals. Therefore, taking part in this complex, multi-level process, one need to understand that design is socially influential in the production of a particular product. Using an aesthetically pleasing image corresponds to thematic channels and requires proper graphics processing. The article is devoted to the general television industry, its location and its main focus. The article will have its role for use in the field of television.

Key words: television design, television, computer technology, design training.

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

[1]Батырханова Ж., [2]Шайзадаева А., [3]Нуржан К.
[1]ст. преп., Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: zhazira.batyrkhanova79@gmail.com,
[2]магистранты 1 курса, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, г.
Казахстан, Алматы, e-mail: konjygymtk@mail.ru,

Дизайн – проектирование на телевидении

В статье изучена роль дизайна на современном телевидении, проблемы и особенности работы теледизайнера, цели и влияние на рейтинг канала и аудиторию. Одним из важнейших инструментов информации, развлечений и связи человека с миром является телевидение. Несмотря на появление Интернета, люди все еще полагаются на телевидение. Преимущества выбора телевизионных каналов для аудитории основаны на принципе поиска информации, которая им интересна. Теледизайн напрямую влияет на рейтинг телеканалов. В этой статье описываются роли и обязанности профессии телевизионного дизайнера, которые следует учитывать при подготовке будущих специалистов. Телевидение воздействует на людей, дает им определенные ценности и идеалы, учит их хорошему или плохому. Поэтому, принимая участие в этом сложном, многоуровневом процессе, нужно понимать, что дизайн социально воздействует при производстве конкретного продукта. Использование эстетически приятного изображения соответствует тематическим каналам и требует правильной обработки графики. Статья посвящена общей телевизионной индустрии, ее местоположению, основной направленности. Материал статьи имеет практическую значимость в области телевидения.

Ключевые слова: телевизионный дизайн, телевидение, компьютерные технологии, профессиональная подготовка дизайнеров.

Кіріспе

Дизайн – көркемсурет және сәулет өнерінің өнеркәсіп бұйымдарының ең үздік үлгілерін жасау және заттық ортаны үйлестіру шараларын қамтитын бағытының атауы. Дизайн қызметінің ерекшелігі – әсем әрі көркем жасалған тұтыну заттары мен бұйымдардың қоршаған ортаға лайық үйлесімін жүзеге асырып, ұдайы олардың жаңа үлгілерін ойлап табу. 1928 жылы АҚШ-та пайда болды. Медиа-дизайн – жаңа байланыс ортасын қалыптастыру. Медиадизайнның ішіне веб-дизайн, арт-дизайн, ланд-дизайн, теледизайн кіреді. Енді осының ішінде теледизайн мәселесі төңірегінде сөз қозғайық.

«Дизайн» термині ағылшын тілінен енген. Ағылшын тілінен аударғанда дизайн» – бұл ниет, жоспар, ниет, мақсат, жоба, сонымен қатар сурет салу, салу, есептеу, сызу, эскиз, сурет, композиция. Дизайнер тарихшы профессор Н.В. Воронов келесі анықтаманы береді: «Дизайн – жобалау нәтижесіне эстетикалық қасиеттерін жеткізу және олардың адам мен қоғаммен өзара әрекеттесуін оңтайландыру мақсатында ғылыми деректерді қажетті түрде қолдану арқылы орналасу әдісіне негізделген материалдық объектілер мен өмірлік жағдайларды жобалау. Дизайн «дизайн» терминімен белгіленуі мүмкін және оның нәтижесі (іске асырылған жоба), бұл анықтаманы жобалауға және оның динамикасын қамтитын компьютер шығармашылығының нәтижелерін кеңейтуге пайдалануға болады. Виртуалды ортаға көрерменді кіргізіп, онымен белсенді қарым-қатынас жасаудың интербелсенді мүмкіндіктері деп қарастырады. Ақпаратты, ойын-сауықты және әлем мен адамның қарым-қатынасын алудың ең маңызды құралдарының бірі – теледидар. Интернеттің пайда болуына қарамастан, адамдар әлі теледидарға көп сенім артады. Телеарналарды таңдауға аудиторияның артықшылықтары қызығушылық тудыратын ақпарат іздеу қағидасына негізделеді. Дегенмен, бір арнада орналасқан ақпарат басқа жерде қайталануы мүмкін және көрермен бірінші алған параметрді қабылдайтыны белгілі. Бұл жерде телевизиялық дизайн сияқты салыстырмалы жаңа құбылыс өз рөлін атқарады. Телеканалды графикалық қолдауды қамтитын фактор. Теледидарлық дизайн телеарналардың рейтингісіне тікелей әсер етеді. Аудиторияның негізгі бөлігі теледидар нарығындағы әртүрлілікке қарамастан, өзіне қажетті арналарды таңдайды. Көрерменді таңдау жасына, әлеуметтік мәртебесіне және жеке қасиеттеріне, сондай-ақ басқа факторларға байланысты. Олардың біреуі көрерменнің және теледидар өнімінің эстетикалық талғамымен де өлшенеді. Бұл критерий эфирдің біртұтас көрінісін қамтамасыз ететін бірнеше элементтерді қамтиды, олардың бастысы: беру нысаны, ақпарат беру сапасы, әртістердің жеке басымдылықтары, медиа-тұлғалар, кейіпкерлер, эфирдің «қабығы» дизайны. Соңғы абзац психоэстетикалық үйлесімділікті дәл анықтайтынын атап өткен жөн. Ақпараттық және жарнамалық технологияларды дамытудың

ерекшелігі қазіргі кезде дизайнердің қабілеті, графикалық дизайн құралдарын қолдана отырып, ақпараттық ағындарды дұрыс және тиімді түрде қалыптастыру, оларды көрнекі өнімнің тұтынушысының ақыл-санасы мен саналығына жеткізу ерекше маңызға ие болады (Ажгихин 2009:127].

Негізгі бөлім

Қазір телеарналар мен телеарналардың дизайнының графикалық компоненттеріне назар аударудың өзіндік мәні бар. Көрермендер көбінесе жарнамаларды, скринингтерді, «үзілістерді» сынайды, бірақ бұл элементтердің барлығы ерекше рөл атқарады және бірнеше маңызды функцияларды орындайды. Бұл функцияларға арнаны тану жатады, себебі теледидар, адам әрқашан экранда логотип болған кездегі сәтті ұстай алмайды. Жарнамалық және интерстициальдық экрандар әртүрлі арналарды шарлауға көмектеседі және оның қайсысы қаралғанын еске салады. Бұл дұрыс аудиторияны сақтауға және тартуға және арнаны есте қаларлықтай етуге мүмкіндік беретін дизайнер жұмысының нәтижесі. Тағы бір маңызды функция телевизиялық бағдарламаларды бөлу болып табылады, өйткені интерфраммалық элементтер болмаған кезде, эфир көрерменді шатастырып, теледидарды толықтай өшіруге мәжбүр етеді. Осыған байланысты, барлық маңызды бірліктер (теледидар шоу, жарнама, тақырыптар және т.б.) белгілі бір сурет жасайтын және қажетті психологиялық толқынға бейімдеген белгілі бір графикалық компоненттер жиынтығымен бірге жүреді. Мәселен, жаңалықтар бағдарламалары негізінен әрдайым геометриялық элементтерден тұратын графикалық скринсвайзерлермен және Жердің суретімен басталады, бұл маңыздылықты, айқындықты және тиісінше шығарылымдағы ақпараттың шынайылығы мен дәлдігін көрсетеді. Осылайша, тележүргізуші әуедегі бірлік брендін құруға тікелей қатысады. Бейсаналық деңгейдегі адам графикалық кескіндерді, әсерлерді қабылдайды. Тұтастай алғанда, саундтрекпен бірге, көрерменге құпия түрде әрекет ете алатын немесе оны басқа бір арнаға ауыстыруға мүмкіндік жасамайтын телеарнаның бейнесін қалыптастырады. Сондай-ақ, теледидар, теледидар дизайны адамның мінезі мен эмоцияларына тікелей әсер етеді және қоғамдағы мінез-құлқына, көрерменнің эстетикалық талғамын қалыптастыруға қатты әсер етеді, өйткені теледидар қазір біздің өміріміздің бір бөлігі болып табылады. Адам айналасында көріп отырған нәрселерден, оның өзіне қажеттісін алып, эстетикалық көріністің жалпы деңгейін қалыптастырады. Теледидар адамға әсер етеді, оған белгілі бір өмірлік құндылықтар мен мұраттар береді, оған жақсы да, жаман да үйрете алады. Сондықтан, осы күрделі, көп деңгейлі үдеріске қатыса отырып, дизайн белгілі бір өнімді шығарғанда әлеуметтік жауапты екенін есте ұстауы керек.

Эстетикалық жағымды суретті пайдалану тақырыптық арналарға сәйкес келеді және тиісті графикалық өңдеуді қажет етеді. Осы бағыттың лайықты өкілдері: Discovery, My Planet, Nation Geographic, Nat Geo Wild, Animal Planet. Шетелдік өндірістің аталған арналарының көбісі отандық телевизия өнеркәсібі дамыту сатысында жұмыс жасап жатыр. Теледидар эфирлерін жобалау негізінен теледидар экраны қорғағыштарын қамтиды. Жоғары сапалы телевизиялық экрандарды пайдалану арнаның жалпы деңгейінің көптеген көрсеткіштері үшін қажет. Және жарнама берушілердің адалдық факторын негізге алуына бағытталады (Максимова 2006). Бұл телеарнаны көрермендерге жеткізудің өте маңызды элементі. Біз кітаптың мұқабасымен, трейлерлер мен сыншылардың жаңа пікірлеріне қараймыз. Телеарнадан көрермен телеарналардың бірнеше скринингтерін және әуе кеңістігін жобалауды айтып береді. Арнаның және оның мақсатты аудиториясын қалыптастыру телевизиялық экрандардың сақтағыштарына және бағдарлама таратылымының жобалануына (бағдарлама торының белгілі бір құрылысы) байланысты. Теледидардың идеясы кескіннің берілуінде жатыр. Маркетинг тұрғысынан, телевизиялық экран өнімді, таратуды, орауды және жарнаманы біріктіреді. Компьютерлік технологиялар телевизиялық дизайн сияқты таза және заманауи құбылыстың пайда болуына әкелді. Компьютерлік дәуірде эфир дизайны – «Концерт» экраны, қолжазба, циклді ауыстыру қақпағы болғанымен жалпы теледидарлық дизайн қолдауды қажет етеді.

Егер телевизиялық дизайнды компьютерлік бағдарламада дамыту сияқты телевизиялық бағдарлама деп санасақ, компьютерлік технологияның пайда болуы, өз кезегінде, өз құралдарымен, көрнекі мүмкіндіктерімен, бір жағынан, әртүрлі стильдермен, технологиялармен, екінші жағынан – авторлар мен көрермендердің тәуелділіктерімен жаңа кәсіп құрды деп айтуға болады. Бұл мамандықтың ерекшелігі қандай? Неліктен оған осындай көңіл бөлінеді? Оның мақсаты мен мағыналы мүмкіндіктері қандай? Көрермен-

нің көз алдында өндіріс процесі жиі кездеседі, себебі теледидардың негізгі идеясы – тікелей эфир. Сонымен бірге жан-жағында психологиялық – керемет әртүрлі, парадокстық, эмоционалды орта. Және бұл теледидар, Интернетте тіпті көзқараспен және идеялармен және символдармен қарым-қатынас жасаудың ең икемді құралдарымен үлкен пайдаланушыны (үкімет, корпорациялар, қауымдастық) қамтамасыз етеді (Journal of Communication 2017:445–475). Шындығында, бүгінгі күні стандартты телевизиялық экрандар 3D-анимация, объектілерді 3D-модельдеу және 3D визуализация болып табылады. Қазір теледидарлық дизайнердің негізгі жиынтығы – Adobe After Effects, Adobe Photoshop, CorelDRAW (Illustrator), 3Ds MAX немесе Cinema 4D бағдарламалары. Телеарна үшін жаңа корпоративтік түсті, жаңа логотипті және т.б. дамыту жеткіліксіз. Оларды «жандандыру», талап етілетін динамика деңгейін енгізу қажет. Бұл 3D технологиялары және олар үшін пайдаланылады. Дизайнер олардың көмегімен ең үлкен жоспарларды жүзеге асыра алады, ал жоғары дәрежеде сенімділік фантастикалық ортада нақты әлемдегі бар және жоқ объектілерді бейнелейді және осылайша болашаққа көз жеткізеді (Брабхам 2017:116]. Суретшінің телевизиялық дизайн бойынша жұмысы, 3D технологияларды терең білуімен қоса, қаріптерді жақсы білуді, логотиптерді жасауды, хабарландырулар мен жарнамалық хабарламалардың стилистикалық ерекшелігін түсінуді, тұтас арнаның дизайнының түпнұсқалығын және әрбір бағдарламаны бөлек сезінуді талап етеді. Мұның бәрі дизайнердің жұмысын баспа өнеркәсібіндегі жұмысқа қашықтан ұқсас етеді, бірақ эфир дизайны арасындағы негізгі айырмашылық мынада, барлық элементтер динамикалық түрде өзгереді және теледидар экранының уақыты мен кеңістігінде өзгереді (Гут 2017:445-475). Жасанды, гендерлік, әлеуметтік мәртебесі, даму деңгейі, болашағы және т.б. үшін аудиторияның бір бөлігін дереу азайту керек, мысалы, тарих, жаңалықтар, анимация, юмор бола отырып, арна канализациясын жасау. Мұндай жобада жұмыс істеу үшін дизайнер өзі анық түсінетін графикалық дизайнды жасайды. Телеарнаның жалпы мазмұнымен мұқият танысу керек. Осы факторлардың бәрін теледидарлық дизайнер деп санауға болады. Арнаның жобасы корпоративті сәйкестендірудің шегінен тыс жұмыс көлемінің көп екенін білдіреді. Сондай-ақ, медиа-дизайнер теледидарлық хабар тарату үрдісінің көптеген ерекшеліктері мен шектеулерін ескеруі керек. Мұндай шектеулер экранның өлшемі болып табылады. Экранмен жұмыс істеу кезінде телевизиялық тасымалдаушылардың ерекшеліктерін ескеру керек. Жоғарыда аталған қағидалардың бәрі жоғары оқу орындарында оқу процесінде дизайнерлерге композицияның негіздерін, кеңістіктік ойлауды және басқа да пәндерді дамытуды үйрету керек. Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, белгілі бір тұжырымдар жасауға болады. Біріншіден, теледидарлық үдерісте дизайнердің рөлі маңызды және арнаның рейтингісіне, жаңа аудиторияны ұстап қалуға және тартуға тікелей әсер етеді. Жоғарыда келтірілген зерттеуде тележүргізушінің негізгі міндеттері анықталды, олардың ішіндегі ең маңыздысы: арнаның эстетикалық көрінісін жасау, көрерменнің эфир кеңістігінде навигацияға мүмкіндік беретін навигациялық жүйені құру. Компьютерлік дизайн өнерінің шығармашылығы пәннің экрандық суретін ұйымдастырудың құрылымдық, функционалдық, динамикалық нысандарын құру және кескіннің өзін құру болып табылады. Теледидардың мазмұны болып табылатын осы мамандық бейнелеу және бейнелеу құндылығы бар символикалық сипаттамалардың динамикалық аудио-визуалды бейнелерінің тұтас кешенін пайдаланады және жасайды. Бұл суреттер арнаның өзіндік ерекшелігін, белгілі бір, әлемнің түрлі көзқарасын анықтайды. Дәл осы дүниенің көзқарастарында олардың әрқайсысының аудиторияға эмоционалдық әсері болады. Бұл – дизайнердің өзін-өзі көрсету тәсілдерінің бірі. Компьютерлік технологияның экспрессивті мүмкіндіктерін пайдалана отырып, экрандық формаға көркем бейнелерді жасау және аудару теледидарлық дизайнердің жұмысын түсіндіреді. Егер суретші телевизиялық дизайнмен айналыса бастаса, ол бұрын жұмыс істейтін бейнелермен жұмыс істеген болса, ол қоршаған әлемді және оның ішкі семантикалық ұйымын бейнелеуді қайта жасайды. Телевизиялық дизайн режиссермен тікелей байланыста жасалады. Теледидарлық дизайнер, сондай-ақ режиссер өзінің шығармасында өнердің басқа түрлерінің шығармашылық туындыларын қолдануға бағыттайды. Сондай-ақ компьютерлік графиканы және түсіруді (орынға және павильонға), сондай-ақ декорацияны жасауға арналған және анимацияға қолданылады. Негізінен ірі жобаларда, мысалы, арна дизайнында жұмыс ұжымдық болып табылады. Жұмыста бірнеше дизайнерлер, суретшілер, композитор, режиссер, копирайтер, жарнама маманы, дыбысоператоры, операторлар, түсіру тобы, әртістер (модель),

менеджерлер, бейне инженерлер, жүйе әкімшісі және өндірушілер жұмыс жасайды. Арт-директор, еркін барлық байланысты, шығармашылық, техникалық және ұйымдастырушылық мәселелері байланыстыратын – шығармашылық күш табысты жұмыс істеуі және үйлестіру үшін, шығармашылық ұжымға әрине, көшбасшы керек. Ол компьютерлік телевизия жобасының суретшісі болуы керек, ал ол жетекшілік ететін топ тамаша дизайн студиясы бола алады.

Ойталқы

Телеарна – БАҚ қана емес, оның үстіне шығармашылықтың түрі. Ендеше оның да ерекше тілі болуы заңды. Экран тілі – техникалық тәсілдер мен көркемдеу-мазмұндау әдістерінің жиынтығы. Ақпарат берудің экрандық типі телевизия мен киноға ортақ экран тілі қалыптасқан. Оны алғаш кинематографистер қалыптастырды, кино шеберлері дамытып, көрермен қабылдаған кезде телевизия енді дүниеге келген болатын. Қазір программалау саласынан біреу қазақы бірдеңе шығарса, онда болашағына сенеміз. Бірақ ол жаңалық болуы керек. Мәселен, Nokia телефондарына Symbian операциялық жүйесіне программаларды орнату жолын біреу қазақ тілінде жариялаған, көшірме екені ап-анық көрініп тұр. Және сапасыз аударма. Тағы бір көңіл аударатын жайт орысшасының өзі ағылшынның тек жүгірме аудармасы екені байқалып тұр. Кішкене аналитикалық қабілеті бар адам оны бірден түсінетін даусыз. Енді байқаған дұрыс, ағылшын тілінен екі рет трансформация болып жеткенде қанша мағына жоғалды. Міне, осыған да мән берген маңызды. Ешкімнен көшірмей, өзі тауып алып, жаңалықты кеш ашу деген фактор болады. Мысалы, геометрияда да орыс ғалымы Лобачевский параллель түзулердің қиылысатынын анықтады. Дәл сол жаңалықты Бойяи деген венгр де ашты. Екеуі жаңалықты бірінен кейін бірі жариялады. Екеуінің ашып тұрғаны бір жаңалық болса да, математикалық қауымдастық екеуінің де нұсқасын қабылдады. Венгр кеш ашса да, оныкі бәрібір жаңалық боп тұр. Себебі ол мәселені ұлттық сипатта өзінше ойлап, ешкімнің жетегінде кетпей жазды. Ал біз «Ой, оны баяғыдан бері шығарып қойған. Ол кімге қызықты болады?» деп ойлаймыз. Өзіңнің ішіңнен өткізіп барып, біздің қоғамға келетіндей нақышпен әрлеп жасаған маңызды.

Кейбір бағдарламалар мен арналар бірінші секундта-ақ өз жұмысын танытады, ал кейбіреулері диктор немесе баяндамашы хабарлағаннан кейін ғана адамдарға ой салады. Бұл интербағдарлама кезінде ақпараттың танылуына және қабылдануына жауапты теледидарлық дизайн болып табылады. Телевизиялық дизайн жасау үлкен кинематика жұмыс істейтін заңдарға бағынады, сол технология мен техника қолданылады, уақыт өте шектеулі екенін ескерген жөн. Телебағдарламаның дизайны неғұрлым толық болса, дәлірек ол белгілі бір арнаның мәндерін көрсетеді, тұтынушылар үшін бірегей ортаны құру үшін тиімдірек теледидар жобасы жұмыс істейді.

Теледизайн арнаның немесе бағдарламаның жеке стилі, яғни «корпоративтік стиль» деп аталатын бағдарламаның даралығын ерекше атап өтуге мүмкіндік береді. Ол тұтынушыларды санасында бренд деп аталатын өнімнің ерекше қабылдауын қалыптастырады (Марченко, 2013). Теледидар өндірісінде брендтер телевизиялық өнімдердің немесе теледидар станцияларының «қосылған құны» болып табылады. Бренд осы мазмұнды белгілі бір мақсатты аудитория үшін ұсынылатынын дәлелдейді. Органикалық байланыс және динамика масс-коммуникацияға тән. Олар апта сайын, күн сайын, сағат сайын өзгереді. Тиісінше, медиа бренді сұйық және икемді болуы керек, бағдарламалық саясатқа, аудиторияға және теледидарды сипаттайтын барлық күтпеген факторларға жауап беруі керек. Сонымен қатар, ол өздігінен жеке жұмыс жасамай, келісім жасасуы керек. Бұл факторларды корпоративті сәйкестендіру теледидар бағдарламасының немесе арнасының дамуында елемеуге болмайды. Медиа бренд құру барысында тұтынушы зерттелуі керек. Аудиторияны талдаған кезде, жүргізілетін жобаға қарап, мүмкіндіктерін жіберіп алған бар адамдардың кім екенін білу маңызды. Бәсекелестер туралы ұмытуға болмайды: олардың күшті және әлсіз жақтары, аудитория басты назарда болғаны абзал. Әсіресе әзірленген өнімді қарастыру, оның артықшылықтары мен ерекшелігін айқындау қажет. Маркетингтегі табысты маркетингтің құрамдас бөліктері үш аймақтың қиылысуы арқылы анықталады: тұтынушыға не қажет, бәсекелестердің әлсіз жақтарын білу, өндірілген өнімнің қандай ерекшеліктері бар. Қазіргі заманғы теледидар динамикалық, үнемі өзгеріп жатқан мазмұнды, әсерлі көрсетілімсіз өмір сүрмейді. Көрермендердің пішіні арнаның немесе бағдарламаның конструкциясы мазмұнның ажырамас бөлігі болып табылады. Ол көңіл-күйді жеткізеді, навигацияны жеңілдетеді (дұрыс орынды өз уақытында табу), мойындауды ынталандырады, ойларды және ойларды

ауызша емес түрде көрсетуге көмектеседі. ТД шоуларының дизайнында ерекше орын – бұл экран сақтаушысының дизайны. Оның ұзақтығы 5 секундтан 15 секундқа дейін, ал теледидар дизайнері бірінші сәттен бастап дыбысты ғана емес, сонымен қатар арнаны да таниды. Әрбір скринсейвер орауышпен аяқталады (ағылшын «packshot, pack shot») – жарнамаланатын өнімнің тұрақты немесе динамикалық бейнесі (Уолнер, 2003).

Қорытынды

Біздің жағдайда бағдарламаның атауы – экран сақтаушылары үшін маңызды. Жарнамаланған өнімнің бейнесі көрерменнің ойында 2-5 секундта тіркелгені дұрыс, себебі ол телешоу туралы ақпараттандыруға бағытталған. Бағдарлама жасаған кезде, иллюстратор немесе типті дизайнер өзінің бүкіл құрамын динамикалық, қозғалыс кезінде өмір сүруі және баспа парағының заңдарынан өзгеше болатын осы қозғалыстың талаптары мен заңдарын түсінуі керек. Жазудың қарпі және оны ұсыну стилі теледидар бағдарламасында сипатталған «тарихты» болжау үшін көп нәрсе істей алады. Тұрақты қаріптерді үнемі іздеуде қаріптердің функционалды рөлі және әмбебап, көп мақсатты және икемді дизайн жүйелерінің артықшылықтары туралы есте сақтау қажет. Американдық ғалымдар Dimand-Yaumana, Даниэль М. Оппенгеймер және Эрик В. Vaughn арқылы зерттеу мәтін қаріпті нақты әрі оңай терілетінін көрсетті (Journal of Communication 2017:111). Ғалымдардың айтуынша, оқудың қиындықтарына байланысты жайттар есте сақтауды ынталандырады. Бұл ең ерекше қаріптерді таңдау керек дегенді білдірмейді, бірақ танымал дүниеге балама іздеу керек. Таңбалауыштардағы мәтіндік ақпараттар бірнеше блокта ұсынылуы мүмкін. Бұл жағдайда әртүрлі стильдер функционалдылықта әртүрлі болып келетін ақпаратты ажыратуға көмектеседі. Қаріптердің тіркесімі кейбір шиеленісті тудырып, қызығушылықты оятуы керек. Алайда, басқа қаріптерді пайдаланбаңыз. Типографияда үйлесімділікке жету оңай емес, әсіресе кішкентай әріптер мен үлкендері арасындағы сәйкессіздікке мән беру керек. Сондықтан қаріптерді бірдей биіктікте кіші әріп таңбаларын біріктіру керек. Қаріптерді бірдей мөлшерде салыстыру әртүрлі қаріптермен терілген жапсырмалардың бірге өмір сүре алатынын көрсетеді (Марченко 2013). Жақсы комбинация – бұл бір автордың қаріптерінің комбинациясы, себебі олар жалпы пропорциялар, конструкция, ені мен соғу бұрышы дегендер ескерілуі керек. Теледизайн – еліміздің нарығында әлі де қалыптасып келе жатқан қызмет түрі, ал ондаған жылдар бойы халықаралық нарықта жұмыс істеп келеді. Осы саладағы фестивальдер бүкіл әлемде 50 жылдан астам уақыт бойы өткізілді (ROMAX & BDA, OMNI INTERMEDIA AWARD және т.б.).

Теледизайн – уақыт пен кеңістікте қозғалыстың дизайны. Егер графикалық дизайн тегіс болса, онда телевизиялық дизайн бірінші кезекте анимация болып табылады. Теледидарда әрқашан теледидарлық дизайнер тұрмайды. Бұл мазмұнды өндіруші мен оның тұтынушысы арасында байланыстыруға болады. Көрермен бағдарламаны күніне бір рет немесе аптасына бір рет көреді. Ол осы бағдарламаға арналған промо-бейнені жиі көреді. Оның үстіне, ол бағдарлама туралы өз пікірін экранға шығаратын жарнамалық клиппен қосады. Бағдарламаның мазмұны мен дизайнының ең ғажайып сәттерін жинау керек. Көрермендер бағдарламаның қабылдауына негізделген жаңа формаға қосылады. Арна дизайны көрнекі және дыбыстық қабылдаудың анықтығына әсер етеді. Жарнама–бағдарлама үшін құнды және жарнамамен бірге теледидар дизайны аудиториясын басқарудың маңызды құралы болып табылады. Тек нақты және үйлестірілген өзара әрекеттесуімен көрермендерді сақтап қалуға болады немесе арнаға назарын аударуға мүмкіндік болады. Зерттеу аудиториясымен стратегияны, тактиканы, шығармашылық шешімдерді, өндірісті, өндірістен кейінгі және эфирлік хабар тарату желісін қалыптастырудың жақсы дизайн-пакеті көрерменнің осы арнаға жиі ауысатынына және оны ұзақ уақытқа қадағалайтынына кепілдік береді. Бұған көрерменнің әсерлерін байыту арқылы қол жеткізіледі (Спиров 2016). Адам бағдарламаны тек ақылмен астастырып қана көрмейді, сезімге де беріледі. Бұл теледидарға да қатысты: адамдар алдымен суретке қарайды, содан кейін ғана олар мазмұн мен мәліметтерге кіреді. Көрерменнің көзі кәсіби аудиторияның жетілуіне мән бергенімен, автоматты түрде арналардың жарқылдаған сапалы өніміне мән беруге қабілетті. Сыртқы және ішкі мазмұндағы дүниелер теледидар кеңістігінде сирек кездеседі. Бұл теле-суреттің безендірілуі телекомпанияның негізгі идеясының, стилінің және жалпы ақпарат пен көңіл көтеру хабарының көрнекі көрінісі болып табылатындығымен түсіндіріледі. Бұл көрерменді жоғалтпау үшін жасалатын қадам. Сондықтан барлық үрдістерді қадағалап, «кілтпен»

болуға тырысу қажет. Жаңа үрдістер, форматтар, тәсілдер мен теледидар жобалары деген тақырыптарды телевизия эволюциясында жиі-жиі талқылайды. Біз теледидар дизайнының эволюциясы туралы жиі естімейміз, бірақ ол аудиторияны қабылдаудың логикалық тізбегінде ең бастысы болып табылады. Дизайн бөлімі телевизиялық құбылыс ретінде өзінің бағдарламаларын, соның ішінде жаңалықтарды шығару қажеттілігін түсінген кезде құрылды. Атақты Нью-Йорк дизайнері Майк Рис былай деді: «Егер сіз өзіңіз үшін бірдеңе жасауды қаласаңыз, бұл өнердегі суретшінің жолы. Басқаша бұл өзін-өзі қанағаттандыру деп аталады – өнерде сіз өзіңізді шексіз қанағаттандыра аласыз. Бұл дизайн емес. Дизайн – бұл миллиондаған адамдар үшін жасалатын сүйіспеншілік және бұл оны жоғары өнерден ерекшелендіреді». Жобалаудың басты мақсаты, яғни көрерменге қызмет көрсету және режиссер, бағдарламаның авторы қойған міндеттерді орындау. Дизайн өзін-өзі көрсету формасы емес, бұл министрлік. Өте сапалы кеме. Ол элита бола алмайды, себебі бұқаралық аудиторияға арналған.

Әдебиеттер

Ажгихин, С. Создание проектного образа в процессе разработки рекламных изображений // Преподаватель XXI век. – М., 2009. – № 3–1.

Брабхам Д. The Deliberative Politics of the Consultative Layer: Participation Hopes and Communication as Design Values of Civic Tech Founders. // Journal of Communication. 2017 – 445–475.

Гут К. Поиск алмаза в алмазном сырье: изучение коммуникаций и платформы в краудсорсинге // Journal of Communication. 2017 – 445–475.

The Deliberative Politics of the Consultative Layer: Participation Hopes and Communication as Design Values of Civic Tech Founders». Journal of Communication. 2017 – 445–475.

Максимова С. Теледизайн – это любовь, которая дарится миллионам // Газета «День». – 2006. – №220.

Марченко, М. Графическая деятельность и компьютерные технологии в профессиональной подготовке будущих дизайнеров // Историческая и социально-образовательная мысль. – 2013. – № 5 (21).

Монетов В. Теледизайн и компьютерная технология // Труды Санкт-Петербургского государственного института культуры. – 2006. – С. 100-107.

Спиров, М. Два гектара телевидения, 2016.

Телевизионные заставки, оформление эфира

The Deliberative Politics of the Consultative Layer: Participation Hopes and Communication as Design Values of Civic Tech Founders». Journal of Communication. 2017 – 445–475.

Ковалева О.Ю. Теледизайн на белорусском телевидении // Молодой ученый. – 2013. – №12 (59).

Ковалева О. Ю., Токарь О. В. Теледизайн на белорусском телевидении // Молодой ученый. – 2013. – №12. – 789-791 б.

Ковалева О. Ю., Токарь О. В. Теледизайн на белорусском телевидении // Молодой ученый. – 2013. – №12. – С. 790-791.

Уоллнер А. 50 лет визуального дизайна // Cosac & Naify, 2003

Электронные ресурсы:

https://moluch.ru/archive/59/8333/

http://www.teledesignsystems.com

http://tvkolibri.ru/3dgrafika4.html

http://reklama.rin.ru/html/u1-i0_5_7-d-t-s-pa-r-m.html

http://kak.ru/columns/teledesign/a4499/

https://academic.oup.com/joc/article-abstract/67/4/445/4642209?redirectedFrom=fulltext

References

Azhgikhin, S. Sozdanye proektnogo obraza v processe razrabotki reklamnyh izobrazhenii [Creating a project image in the process of developing advertising images]. Teacher XXI century. M., 2009, № 3–1;

Brabham D. The Deliberative Politics of the Consultative Layer: Participation Hopes and Communication as Design Values of Civic Tech Founders. Journal of Communication. 2017 – 445–475.

Gut K.Poisk almaza v almaznom syrye: izuchenie communikacii b platform v kraudsorsinge [The search for diamond in rough diamonds: the study of communications and platforms in crowdsourcing]. Journal of Communication. 2017 – 445–475.

“The Deliberative Politics of the Consultative Layer: Civic Tech Founders”. Journal of Communication. 2017 – 445–475.

Maximova S. Teledizaim – eto luybov, kotoraya daritsa millionam [Teledizayn – this is the love that is given to millions] // the newspaper “Day”. – 2006. – №220.

Marchenko, M. Graficheskaya deyatelnost I komputernye tehnologii v professionalnoi podgotovke bubdushih dizainerov [Graphic activities and computer technologies in the professional training of future designers]. Historical and socio-educational thought. 2013. No. 5 (21);

Monetov V. [Teledizayn i computernaya technology. Trudy sankt-Peterburgskogo gosudarstvennogo instituta kultury.– 2006. – 100-107

Spirov, M. Dva gektara televidenya, 2016

Televisionnye zastavki, oformlenie efira

The Deliberative Politics of the Consultative Layer: Participation Hopes and Communication as Design Values of Civic Tech Founders". Journal of Communication. 2017 – 445–475.

Kovaleva O. Yu. Teledizain na Belarusskom televisidenii. Molodoi uchonyi. – 2013. – №12 (59)

Kovaleva O. Yu., Tokar O. V. Teledizain na Belarusskom televisidenii. Molodoi uchonyi. – 2013. – №12. – 789-791.

Kovaleva O. Yu., Tokar O. V. Teledizain na Belarusskom televisidenii. Molodoi uchonyi.– 2013. – №12. – p. 790-791.

Wallner A. 50 years of visual design // Cosac & Naify, 2003

Elektronnye resursy:

https://moluch.ru/archive/59/8333/

http://www.teledesignsystems.com

http://tvkolibri.ru/3dgrafika4.html

http://reklama.rin.ru/html/u1-i0_5_7-d-t-s-pa-r-m.html

http://kak.ru/columns/teledesign/a4499/

https://academic.oup.com/joc/article-abstract/67/4/445/4642209?redirectedFrom=fulltext

3-бөлім

КӨСЕМСӨЗ ЖӘНЕ КӨРКЕМСӨЗ

Раздел 3

ЛИТЕРАТУРА И ПУБЛИЦИСТИКА

Section 3

LITERATURE AND JOURNALISM

ҒТАМР 19.41.09

Бекболатұлы Ж.

э.ғ.к., профессор м.а., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: zbekbolatuly@gmail.com

ӘЛМАҒАМБЕТ ОСПАНҰЛЫ – «АЙҚАП» ЖУРНАЛЫ МЕН «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ АВТОРЫ

Мақалада Алаш идеясына үн қосып, төңкерістен кейінгі жылдары халық ағарту ісіне белсене атсалысқан ақын, діни қайраткер Әлмағамбет Оспанұлының шығармашылығы зерттеледі. Аталған жұмыстың мақсаты 20 ғасыр басындағы жас қазақ интеллигенциясының халықтың көзін ашу жөніндегі жүзеге асырған қызметін көрсету болып табылады. Міндеттері: ақынның Алаш баспасөзінде жарияланған еңбектерін оқырмандарға таныстыру. Зерттеу нысаны – «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінің жарияланымдары.

Зерттеу негізін бостандық идеяларының халық арасына таралуын ой елегінен өткізу құрайды. Жиырмасыншы ғасырдың басында Ресей империясында орын алған реформалар қазақ халқының саяси санасының оянуына оң әсер еткені айтылады. Санкт-Петербург, Москва, Қазан және Уфа, Троицк қалаларында білім алған қазақ жастары халық ағарту ісіне, елдің мәдени деңгейін көтеруге белсене араласты. Сонымен қатар, олар алғашқы қазақ баспасөзінің негізін қалады. Қазақтың алғашқы журналы «Айқап» 1911-1915 жылдары Троицк қаласында басылды, редакторы ақын, ағартушы Мұхамеджан Сералин болды. Ал «Қазақ» газеті 1913-1918 жылдары Орынбор қаласында шықты, редакторы Ахмет Байтұрсынов болды. Осы екі басылымның жұмысына торғайлық ақын-ағартушы, діни қайраткер Әлмағамбет Оспанұлы белсене қатысты.

Ақынның шығармашылығын зерттеуді ғалымдардың шағын тобы соңғы кездері ғана қолға алды, тақырып бойынша библиографияның аздығы осы арқылы түсіндіріледі.

Түйін сөздер: Ресей империясы, реформалар, халық ағарту, мәдениет, қазақ баспасөзі, журнал, газет.

Bekbolatuly Zh.

Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: zbekbolatuly@gmail.com

Almagambet Ospanuly – the author of the magazine «Aikap» and the newspaper «Kazakh»

The article examines the work of the poet, religious leader Almagambet Ospanuly, who supported the idea of Alash, and after the revolution actively participated in the work of public education. The purpose of this work: to show the work of the young Kazakh intelligentsia of the early 20th century on the awakening of the national identity of the nation. Tasks: familiarization of the poet's works published in the Alash press. The object of the research is the publication of the journal «Aikap» and the newspaper «Kazakh».

The basis of the study is the achievement of understanding the spread of the idea of Alash among the masses. It is said that the reforms of the early twentieth century in the Russian Empire had a positive effect on raising the political consciousness of the Kazakh people.Kazakh youth, educated in the cities of St. Petersburg, Moscow, Kazan and Ufa, Troitsk, took an active part in educating the people and raising the cultural level of the population. And also they laid the foundation of the first Kazakh press. The first Kazakh magazine «Aikap» was published in 1911-1915 in the city of Troitsk, its chief editor was the poet-educator Mukhamedzhan Seralin. A newspaper «Kazakh» was published in the years 1913-1918 in the city of Orenburg. Its editor was the founder of Kazakh linguistics Ahmet Baitursynov. The poet-educator, religious figure from Turgay Almagambet Ospanuly took an active part in the work of these two publications.

Creativity of the poet was studied only recently by a narrow circle of scientists, which explains the small number of bibliographies on this topic.

Key words: Russian Empire, reforms, public education, culture, Kazakh press, magazine, newspaper.

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

Бекболатулы Ж.
и.о. профессора, Казахский национальный университет им. аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: zbekbolatuly@gmail.com

Алмагамбет Оспанулы – автор изданий «Айкап» и «Казах»

В статье изучается творчество поэта, религиозного деятеля Алмагамбета Оспанулы, который поддерживал идею Алаш, а после революции активно участвовал в деле народного просвещения. Цель данной работы: показать работу молодой казахской интеллигенции начала XX века по пробуждению национального самосознания нации. Задачи: ознакомление с трудами поэта, опубликованными в печати Алаш. Обьект исследования – публикации журнала «Айкап» и газеты «Казах».

Основу исследования составляет попытка осмысления и распространения идеи Алаш среди народных масс посредством изучения журналистских материалов. Реформы начала двадцатого века в Российской империи положительно повлияли на повышение политического самосознания казахского народа. Казахская молодежь, получившая образование в городах Санкт-Петербурге, Москве, Казани и Уфе, Троицке, приняла активное участие в просвещении народа, повышении культурного уровня населения. Таким образом, они заложили основу казахской печати. Первый казахский журнал «Айкап» издавался в 1911-1915 годы в Троицке, его главным редактором был поэт-просветитель Мухамеджан Сералин. А газета «Казах» выходила в 1913-1918 годы в городе Оренбурге. Редактором ее был основоположник казахского языкознания Ахмет Байтурсынов. В работе этих двух изданий принял активное участие поэт-просветитель, религиозный деятель из Тургая Алмагамбет Оспанулы.

Творчество поэта стало изучаться только в последнее время узким кругом ученых, что обьясняет малое число библиографии по данной теме.

Ключевые слова: Российская империя, реформы, народное просвещение, культура, казахская печать, журнал, газета.

Кіріспе

Қаламгердің қалыптасу жолдары

Қазақ баспасөзі тарихының әлі күнге дейін ашылмаған беттері жетерлік.

Сол беттердің бірқауымының есімдері енді таныла бастаған жергілікті тілшілері шоғырына қатысты десек қателеспейміз.

Қазақтың тұңғыш жария баспасөзі – «Айқап» журналын шығаруға сол кездегі қазақ оқығандарынан, Уфа, Қазан, Омбы, Троицк қалаларындағы оқу орында білім алып жатқан шәкірттерден құралған қоғамдық тілшілер тобы белсене атсалысты. «Қараңғы қазақ көгіне // Өрмелеп шығып күн болуға» тырысқан сондай жастардың бірі, Тройцкідегі Зейнолла ишан медресесінің шәкірті, торғайлық Әлмағамбет (азан шақырып қойған аты – Әлмұхаммед) Оспанұлы болатын. Ол өз елдестері, Уфадағы «Ғалия» медресесінің тәліптері Таласбай Жүзбайұлымен, Қайырбек Танкинмен тығыз қарым-қатынаста болып, оларды «Айқап» идеяларын насихаттауға, басылымдағы тілшілік жұмысқа тартты, өзі де тырнақалды туындыларын журнал беттерінде жариялады. Тілге тиек етіліп отырған Таласбай Жүзбайұлы қабырғалы қаламгер Төлен Әбдік шығармаларының негізгі кейіпкерлерінің бірі, жазушы кейбір шығармаларында Тобыл-Торғай өңіріне белгілі осынау руханият қайраткерін өз ныспысымен Таласбай молда деп алады. Ал, Қайырбек Танкин болса қазақтың арқалы ақыны Ғафу Қайырбековтің әкесі, ұлттық журналистика ғылымының негізін қалаушылардың бірі, тарихшы қаламгер, профессор Марат Барманқұловтың немере ағасы.

Әлмағамбет Оспанұлының шығармашылығы «Қазақ әдебиеттану ғылымы тарихының» 2-томында (Алматы, 2009, 100-102 бб.) егжей-тегжейлі сөз болады. Қайраткер ақын туралы филология ғылымының докторы, профессор Айгүл Ісімақова, филология ғылымының кандидаттары Серікбай Оспанов, Нағашыбай Мұқатов, көрнекті жазушы Қоғабай Сәрсекеев, арқалықтық зиялы ақсақалдар Қалам Молдахметұлы мен Мұратқали Камалұлы қалам тербеді. Әлмағамбет Оспанұлының өмірбаяндық очеркін жазып, елді алғаш таныстырған белгілі қоғам және руханият қайраткері Ғазиз Әмірханұлы. Әлекеңнің өмірбаяндық мағлұматтары «Қостанай» энциклопедиясында берілген.

Бұларда келтірілетін деректер Ә. Оспанұлы өзі қолымен хатқа түсірген «Өмірбаянда» айтылады. Төменде сол «Өмірбаян» қаз-қалпында беріледі.

«Мен, Оспанов Әлмұханбет Торғай үйезі, Тосын болысының Бестау деп аталатын Сасықсор деген жерде 1886 жылы дүниеге келіппін. Сол жыл доңыз жылы деп аталыпты. 12 жасқа

дейін түркі оқуын оқып (ауылдық мектептен), хат танып, құран оқып, хат жазатын болдым. 13 жасымда Торғай қаласындағы 4 жылдық ремесленный училищенің ағаш шебері факультетін бітірдім. 17 жасымда Торғайда ашылған 6 жылдық орыс школының 4 класына кіріп, екі жыл оқығанымда, яғни 6 класта оқып жүргенімде, бітіруге жарты жыл қалғанда (1905 жылы), ауырғандықтан мұсылманша оқитын медіресіне келіп, оқи бастадым. 1911 жылы Тройскеге келіп, Зейнолла ишан салдырған медіресіне кіріп, шәкірт болдым. Жаз байлар мектебіне тұрып, бала оқытып, қыс оқу оқыдым. Сол медресіні бітіргеннен кейін Уфа шаһеріндегі мүрсе Ғалиға барып оқуға талап етіп жүргенімде 1916 жылғы июнь Жарлығы шығып, 31 жасымда приемға ілігіп, туған жерге қайтып келіп, арабша оқудан да тоқтап қалдым.

1917 жылы патша үкіметі құлағаннан кейін Үшқарасу деген жерден, қазіргі Шилі деп аталатын жерден ақсақалдардың ұйғарымы бойынша Бостандық мектебі салынып, жастары сол мектептен оқи бастады, қарттарға намаз оқу үшін мешіт салынды. Мектепке Бостандық мектебі деп Орынбордағы үкімет орнына бекіттіріп, оқытушылар тағайындаттым. Өзім сол мектепке мұғалім болдым. Төңкерістен кейін қазақ балалары үшін ашылған мектепті газет бетінде жариялады. Мешітте, мектепте той болды. 1920 жылы Орынбордан оқу бөлімінің адамы келіп (нұсқаушы), мұнан былай бастауыш мектеп қазақ тілінде сабақ жүргізеді деп, 3 айлық курс ашты. Курске аудандық ағарту бөлімінің түгел составы келіп, Шилі басындағы Бостандық мектебінде 75 мұғалім документ алып тарады. Сол мектепте қазақ тілінен лектор болдым, яғни сабақ бердім.

Күзге қарай ашылған мектептер сабақты қазақ тілінде жүргізді. 1923 жылы Ақтөбеде ашылған мұғалімдер курсінде болып, документ алып, өзіміздің Бостандық мектебінде басқарушы болдым. Ақтөбеде курста жүргенімде Крайкомсоюзге арыз беріп едім. Бір нұсқаушы келіп, Шилі басынан кооперация – сауда дүкенін ашты. Бір жыл өзім басқардым. Келесі жылы Елкей, 3 жылдай Байділдә басқарды. 1922 жылы Торғай қаласында дін мекемесі ашылып, Нәуен молданы жами жиналыстың қаулысымен мұхтасиф етіп сайлады. 1925 жылы Нәуен өзінің жағдайын айтып, босанды. Көпшілік дауыспен мұхтасиф болып мен сайландым. 1926 жылы Уфадағы жиналысқа қатысып, тиісті инструктаж алып, документ алдым. Торғайда 3 жыл мұхтасиф болып қызымет істедім. Қарауымда 54 мешіт болды. Бұлар гүбірналық мекемеге тіркеліп, тиісті документін алған мешіттер еді.

1929-34 жылдардағы асыра сілтеу кезеңі. 1934 жылы елге келіп, колхозда істедім. 1935 жылы мектеп интернатқа берілді. 11-6-7 ауылдардың балалары оқитын мектеп үшін Шилі өзенінің бойынан салынған бөгетке көптеген топырақ үйілді. Бөгет салынды. Сол бөгетте десятник болып істедім. Еңбекақымды аудандық жер өңдеу-суландыру бөлімінен алатын болып, исполкомнен қағаз алдым. 1936 жылы Шилі колхозында есепші және сауатсыздарды оқытып тұрғанымда Торғайға райком шақыртып, Қазақстанның 15 жылдық тойына дейін аудан көлеміндегі сауатсыз, шала сауатты коммунистерді сауаттандыру үшін 3 айлық курс ашылып, соған сабақ бергізді және паспорт документ берді. 1937 жылы шала сауатты коммунистерге сабақ беріп жүргенімде ауырдым. Врач Нұғманов операция жасату керек дегесін тиісті документ алып, 1937 жылы Тройск қаласында операция жасатып, жазылып шықтым. 1938 жылы Тройск қаласындағы мяскомбинаттың комендантының орынбасар хатшысы болдым. Комбинат жабылғанда еңбек книжка алып шықтым. 1939 жылғы 17 январьда Қостанай облысының Қарабалық ауданының оқу бөлімінің бұйрығы бойынша Мағынай мектебінің интернатында завинтернат болып істедім. Сонан кейін сол ауданның «Бозкөл» мектебінде орыс балаларына қазақ тілінен сабақ бердім. Бұл еңбек книжкасында бар. 1941 жылы соғыс басталды. Сол уақытта асыра сілтеудің әсерінен 1944 жылдың март айына дейін мемлекет бақылауында болдым. 1945 жылы Семиозер ауданының Калинин колхозында складты 1948 жылға дейін күзеттім. 1948 жылы Торғайға келіп, патент төлеп, шалдарға намаз оқып беру үшін молда болдым.

1956 жылы Қазақстан қазиының бұйрығы бойынша Семиозердің орталығына көшіп барып, ақша бөліміне тіркеліп, молда болып тұрдым.

1961 жылы Семиозердағы қариялардың келісімі бойынша 75 жасымда туған жерім Шиліге көшіп келдім».

««Айқаптың» журналына көмек көрсет...

Жиырмасыншы ғасырдың қиын-қыстау кезеңдерін бастан кешірген Әлекең өлеңдерінен замана тынысы сезіледі. Қолжазба деректерге сәйкес ақын тырнақалды жырларын 15-16 жаста жаза бастаған, ал баспасөз бетін көріп, елге танымал болғаны 1911 жыл. Мәселен, ол осы жылы хатқа түсірген «Өзіме» деген өлеңінде ««Айқаптың» журналына көмек көрсет, //Қыстырып шашуға арнап шамалыңды»

– дейді. Бұл үзіндіден «Айқап» журналының Әлмағамбет Оспанұлының шығармашылығына ықпалын байқаймыз. Осында жарияланған «Қазағыма» деген өлеңі Абай, Шәкірім, Ахмет, Міржақып Сұлтанмахмұт жырларымен үндес. Төменде Әлмағамбет Оспанұлының журналда жарияланған екі өлеңін беріп отырмыз.

Қазағыма

Қарашы, мынау халқым, неткен заман,
Көндіріп өз дегенін еткен заман.
Көл жайлап, бие байлап, толықсыған,
Дәуірі көшпелінің біткен заман.
Қармалап қараңғыда қазақ жатыр,
Басқалар бар мақсатқа жеткен заман.
Ішіп-жеп, басып-жаншып, пайдаланып,
Теңдіксіз ұрып-соғып, кеткен заман.
Бір тиын пайдаға аспай бара жатыр,
Ұрлыққа, зорлықпенен бөккен заман.
Берілген басты адамдар партияға,
Көрмейсің еш біреуін серттен аман.
Құмары азаматтың ала қағаз.
Сауы жоқ және ішімдік дерттен аман.
Қараңғы надан елдің күні құрсын,
Бұралқы қадірі жоқ иттен жаман.
Қел, қазақ, надандықтан қоштасалық,
Қайырылмас қанша айтқанмен кеткен заман.
Қатардан қалыспасқа қам етелік,
Қалмасын кейінгі жас тіпті надан.
Жастарды жас өспірім, жаңа талап,
Сақталық бұл адасқан беттен аман.
Үйреніп өнер-білім өрге жүзіп,
Сау қалсын, саналы жас шеттен аман.

1911 жыл.

«Қазақ» газетінің тілшісі

Әлмағамбет Оспанұлы Торғайда ұлт ұстаздары Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Спандияр Көбеев, Бекет Өтетілеуовтердің ізгілікті ісін ілгері ұластырды. Ол өзі өмірге келген Шилі ауылында мешіт ашып, бала оқытты. Ал 1917 жылғы ақпан төңкерісінен кейін еуропалық үлгідегі мектеп ашуға қам жасады. Бұл жөнінде «Қазақ» газетінің 1917 жылғы 11 маусымдағы №233 санында «Бостандық» мектебі» деген мақала жариялады. Енді сол мақалаға кезек берелік.

«11-нші апрельде 1917-нші жылы Тосын болысы 1-нші ауылдың Бестау, Шилі, Суықбұлақ мәнзалдарындағы қыстаулардың ақсақалдары бастарын қосып, кеңесіп, мынадай қаулы жасаған:

Халықтың мал һәм басына бірдей ауырмалық түсірген 25-нші июнь жарлығының орнына тәңірім берген зор қуаныш-жақсылығының құрметіне дініміз үшін ғибадат қылуға, күніміз үшін орысша-мұсылманша заманына лайық жаңа тәртіппен жастарымызды оқытып, мойнымыздағы міндетті борышымызды өтеуге, ортамыздан Үшқарасу деген жерге бір мектеп, бір месжид саламыз;

Мұнымызды аяқсыз қалдырмай, іс қылып шығару үшін кідірмей іске кірісеміз;

Ол қаулымыз бойынша салынатын мектепке «Бостандық мектебі» деген есім береміз;

Мектеп һәм месжидтің салынуы және бұлы һәм һәртүрлі тәрбиесіне жұмсалған бұлы осы қаулының ішіндеміз деп, ынтымаққа қосылған ауылдардың міндетінде;

Мұнан кейін закят, ғұшыр, фатр, фадие секілді уәжіп садақаларымызды да мектеп һәм месжид файдасына һәр уақыт жиып беріп тұрамыз;

Осы айтылған садақаларды уақытында жиып, мектеп, месжид файдасына тапсырып, есебін алып, сыртынан қарап тұруға осы қаулының ішінде болған һәр елден бір ақсақал-уәкіл сайлаймыз;

Ақсақалдардың мектеп, месжид файдасына деп халықтан жиып тапсырған малын, ақшасын ұстап, тиісті орнына жұмсап, ие болып тұруға бір басқарушы қазынашы, оған жәрдемші бір секретарь (хатшы) сайлаймыз. Ол «Бостандық мектебінің» ақсақалдарының басын қосып, мектеп, месжидті ұстауға жұмсалған бұлдың есебін беріп, һәм мұқтажын көрсетіп тұрады;

Мектепте бала оқытып, месжидте имам болып, екеуіне иелік қылып, басқарып тұруға жарамды бір мұғалым-имам сайлап қояды;

Мектепте орысша һәм мұсылманша екі түрлі оқу болады. Оқыту тәртібі һәм программасы сайланған мұғалімнің өз еркінде болады. Әрине, балаларымыздың заманына үйлес жаңа тәртіп «Қазақ» имласымен оқытылмағын шын көңілімізден тілейміз;

Мектепте жазы-қысы бірдей оқу болады һәм тәулігінде бір рет мектеп балалары оқығандарын тыңдатады. Балалардың оқуын тыңдап, сынағанда ата-аналары болуға тиісті.

Осы айтылған «Бостандық мектебін» һәм мәсжидті салу кеңесінің ішінде болып, ынтымақ жасаған ақсақалдар, мырзалар, қара шаруалар апрель ішінде істеріне кірісіп, берген күш-көмегі 3229 сом. 5 тап ауылдан 5 ақсақал, бір қазынашы, бір хатшы мұғалім-имамдыққа Әлмұхамед Оспанұлын сайлап шығарды.

Жоғарыда көрсетілген 40-50 үйдің күш-көмегімен «Үшқарасу» деген жерде «Бостандық

мектебі», мәсжиді салынып жатыр. Сайланған мұғалім олардың балаларын жиып алып, мектеп салынып болғанша киіз үйде 1-нші майдан бастап оқытып жатыр». Мақала соңына «мұғалім Әлмұхамед Оспанұлы» деп қол қойылған.

Қазақ даласындағы оқу-ағарту, жаңа тұрпаттағы мектептер ашу мәселесі көтерілген мақаланың және мектептің 100 жылдық тойы 2017 жылы Астана қаласындағы Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде және Қостанай болысындағы Шилі елді мекенінде аталып өтті.

Қорытынды

Әлмағамбет Оспанұлы соңында мол мұра қалдырған. Олардың барлығын ақын өзі хатқа түсіріп, түптеп, мұқият сақтаған. Сондай-ақ көптеген өлеңдерін Торғай жұртшылығы бірден-бірге көшіріп сақтаған. Әлекеңнің туған інісі Жармағамбет те те ақын болған, оның мысал өлеңдері Торғай жұртына жақсы таныс. Ағайынды ағартушы-ақындардың шығармалары «Өсиет» атты таңдамалы туындылар жинағына топтастырылып, 2013 жылы Қостанай қаласында баспа бетін көрді.

Арабша, татарша, орысша сауатты Әлмағамбет Оспанұлы Ахаң мен Жахаңды, Торғайдың ақындық мектебінің көрнекті өкілі Әбіқай Нұртазаұлын өзіне ұстаз санаған. Төкпе ақын Нұрхан Ахметбековтің ақылшысы, кеңесшісі болған, ал Қайнекей Жармағамбетовке әркез әкелік қамқорлық көрсеткен. Көрнекті қаламгер Қайнекей Жармағамбетовтің Әлекеңе хаты төменде беріліп отыр.

«Айқаптың» ұлттық идеясын ұзақ өмірінe жалау етіп ұстап, өз ділі мен дінінен, тілінен айнымаған ағартушы-ақын Әлмағамбет Оспанұлының шығармашылығы өзінің зерделі зерттеушісін күтіп тұр.

Әдебиеттер

Бекхожин Х. Қазақ баспасөзінің даму жолдары. – Алматы, 1964.
Бекхожин Х. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. – Алматы, 1981.
Сұбханбердина Ү. Қазақтың революциядан бұрынғы мерзімді баспасөзіндегі материалдар. – Алматы, 1963.
Сұбханбердина Ү. «Айқап» бетіндегі мақалалар мен хат-хабарлар. – Алматы, 1961.
Сұбханбердина Ү. Айқап. – Алматы, 1995.
Сұбханбердина Ү. Қазақ. – Алматы, 1998.
Зиманов С.З., Идрисов К.З. Общественно-политические взгляды Мухамеджана Сералина. – Алматы, 1989.
Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы.
Аманжолова Д.А. Партия Алаш: история и историография. – М., 1994.
Ахмедов Ғ. Алаш «Алаш» болғанда. – Алматы, 1996.
Кудабаева Р. Газета «Казах» как исторический источник. – Алматы, 1993.
Сімтіков Ж. Ұлттық басылымдар тарихи дерек ретінде. – Алматы, 1996.
Кенжебаев Б. ХХ ғасыр басындағы әдебиет. – Алматы, 199
Қожакеев Т. Көк сеңгірлер. – Алматы, 1992.
Қожакеев Т. Сара сөздің сардарлары. – Алматы, 1995.
Әмірханов Ғ. «Әлмағамбет – ақын, ұстаз, азамат» // Қостанай облысы, Жанкелдин аудандық «Жаңа өмір» газеті. 12.09. 1989 ж.
Әлмағамбает Оспанұлы. Аманат. Өлеңдер. Толғаулар. Дастандар. Арқалық – 1993.
«Костанайская область». Энциклопедия. «Оспанов Алмухаммед». – Алматы, 2003.
Камалұлы М. «Мұхтасиб Әлмұхаммед Оспанұлы кім болған?» // «Ислам және өркениет» газеті, 1-15.09. 2007.
«Қазақ әдебиеттану ғылымы тарихы», 2-том. – Алматы,2009, 100-102 бб.
Оспанұлы Әлмағамбет. Өсиет. Шығармалар жинағы. – Қостанай, 2013.
«Торғай» энциклопедиясы. –Алматы, 2018, – 99 б.

References

Bekhojın H. Qazaq baspasozinin damu joldary [Ways of development of the Kazakh press]. – A., 1964
Bekhojın H. Qazaq baspasozi tarıhynyn ocherki. [Essays on the history of the Kazakh press]–A., 1981
Subhanberdına U. Qazaqtyn revolıutsıadan buryngy merzimdi baspasozindegi materıaldar. [Materials from the Kazakh pre-revolutionary periodicals] A., 1963
Subhanberdına U. «Aıqap» betindegi maqalalar men hat–habarlar. [Articles and letters from the magazine «Aıkap»] A., 1961
Subhanberdına U. Aıqap. [«Aıkap»]A., 1995
Subhanberdına U. Qazaq. [«Kazakh»]A., 1998
Zımanov S.Z., Idrısov K.Z. Obestvenno-polıtıcheskıe vzglıady Muhamedjana Seralına. [Socio-political views of Mohamedzhan Seralin] – A., 1989

Abdiqasymov B. Algashqy qazaq gazetterinin tili. [The language of the first Kazakh newspapers] –A., 1971
Amanjolova D.A. Partııa Alash: ıstorııa ı ıstorıografııa. [Party Alash: history and historiography] –M., 1994
Ahmedov g. Alash «Alash» bolganda. [The formation of the party Alash]–A., 1996
Kudabaeva R. Gazeta «Kazakh» kak ıstorıcheskıı ıstochnık. [«Kazah» as a historical source] –A., 1993
Simtikov J. Ulttyq basylymdar tarıhı derek retinde. [National publications as a historical source] –A., 1996
Kenjebaev B. XX gasyr basyndagy adebıet. [Literature at the beginning of the XX century] –A., 1993
Qojakeev T. Kok sengirler. [Vertices] –A., 1992
Qojakeev T. Sara sozdin sardarlary. [Pen workers] –A., 1995
G.Amirhanov. «Almagambet – aqyn, ustaz, azamat». [«Almagambet –poet, teacher, citizen»] Qostanaı oblysy, Jankeldın audandyq «Jana omir» gazeti. 12.09. 1989 j.
Almagambaet Ospanuly. Amanat. olender. Tolgaular. Dastandar. [Amanat. Poems, Ballads] Arqalyq – 1993
«Kostanaıskaıa oblast». Entsıklopedııa. «Ospanov Almuhammed» [«Kostanay region». Encyclopedia. «Ospanov Almuhammed»]. A., 2003
Kamaluly M. «Muhatsıb Almuhammed Ospanuly kim bolgan?». [«Who was the religious scholar Almuhammed Ospanuly»] «Islam jane orkenıet» gazeti, 1– 15.09. 2007
«Qazaq adebıettanu gylymy tarıhy», [History of Kazakh literary science] vol.2, Almaty-2009, p.100-102
Almagambet Ospanuly. Osiet. Shygarmalar jınagy. [Will. Collected Works] Qostanaı-2013
«Torgay». Encyclopedia. Almaty-2018. p.99

ҒТАМР 17.09.91

[1]Кәрібозұлы Б., [2]Бекетова Ұ.Қ.

[1]Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, фил. ғ. д., профессор,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, «Қорқыттану және өлке тарихы»
ғылыми-зерттеу институтының директоры, Қазақстан, Қызылорда қ., e-mail: sirdaria@inbox.ru
[2] II курс магистранты, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті,
Қазақстан, Қызылорда қ., e-mail: ulmanka2809@mail.ru

БАЗАР ЖЫРАУ ТОЛҒАУЛАРЫНЫҢ ТАҚЫРЫПТЫҚ, КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ЖАНРЛЫҚ СИПАТЫ

Бұл мақалада Сыр сүлейлерінің дарабозы Базар Оңдасұлы толғауларының негізгі тақырыптары, көркемдік ерекшеліктеріне зейін қойып, олардың жанрлық сипаты туралы айтылады. Жыраудың жарық көрген еңбектері мен өмір жолы, балалық шағынан мәлімет беріледі. Балқы Базар жырау толғауларының басқа толғаулардан ерекшелігі – күнделікті тұрмыстағы жағдайларды, сол замандағы би-болыстардың озбырлық әрекеттерін шынайы суреттеп, әшкерелеп айтуында. Жыраудың ешкімнен тайсалмай, ащы шындықты айтатындығын толғауларынан анық кездестіріп отырамыз. Мақалада Базар жырау толғауларын жіктеудің бірнеше түрлері айтылады. Бұдан өзге жырау толғауларының едәуір бөлігін үлгі-өсиет жырлары құрайды. Сондай-ақ, Қазтуған, Махамбетше келетін «мендік» толғаулары да кездеседі. Ал, оның он бір буынды ғазалдарын, яғни, қара өлең үлгісіндегі туындыларын ақындық толғау деп аталатындығын басты назарда ұстайды. Сонымен бірге, Базар жырау толғауларындағы орны бөлек кесек туындыларының бірі – арнау өлеңдерінің негізгі айшықтары туралы сөз болады. Арнау өлеңдер – қазақ поэзиясындағы дәстүрлі жанр. Халық ауыз әдебиетіндегі арнау өлеңдер халқымыздың тұрмыс-салтымен біте қайнасып кеткен күйінде тұрмыс-салт жырлары деп аталып кеткен. Ол белгілі бір кісіге қарата, арнап айтылатын өлең. Сондай-ақ, толғау жанрының шығу тегі мен қарақалпақ, ноғай, қырғыз, құмық, башқұр елдерінде қолданылу ерекшеліктеріне тоқталады.

Түйін сөздер: Балқы Базар, Сыр сүлейі, Қорқыт дәстүрі, жырау, толғау, арнау өлең, ағартушы.

[1]Karibozuli B., [2]Beketova U.K.

[1]Honored Act of Kazakhstan, Doctor of Philology, Professor,
Director of the Research Institute "Korkyt studies and history of the region",
Koryt Ata Kyzylorda State University, Kazakhstan, Kyzylorda, e-mail: sirdaria@inbox.ru
[2]Undergraduate 2 course of the Kazakh language and literature and journalism department,
Koryt Ata Kyzylorda State University, Kazakhstan, Kyzylorda, e-mail: ulmanka2809@mail.ru

Subject, imaginative peculiarities and genre character of the poems of Bazar Zhyrau

This article discusses the main themes and imaginative features and the genre character of the poems of Syrdarya singer-narrator Bazar Ondasuly. It provides information about the works, lifestyle and childhood of Zhyrau. Describing everyday situations, acts of violence of the then existing dynasty is the main feature of Bazar Zhyrau. We find that Zhyrau is telling the bitter truth without any hesitation. The article outlines several types of epic tales of the poet. In addition, the vast majority of poetic works are words of the covenant. Also found like Kaztugan and Makhambet works "peculiar only to me." It is noteworthy that his eleven syllable ghazals, i.e. Poetry in the form of poetic works is called a poetic tale. In addition, one of the individual works of Bazar Zhyrau – the verse-commemoration will be considered. Verse-dedication – a traditional genre of Kazakh poetry. The consecration verse in the folklore literature was closely interlinked with everyday customs and called ritual songs. This is a poem dedicated to a specific person. The origin of the Tolgau genre and the peculiarities of its use in Karakalpaks, Nogais, Kyrgyz, Kumyks and Bashkirs are also described.

Key words: Balki Bazar, Sirdaryo singer-narrator, traditions of Korkyt, zhyrau, tolgau, dedication verse, enlightene.

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

Карибозулы Б.[1], Бекетова У.К.[2]
[1]заслуженный деятель Казахстана, д.фил.н, профессор,
Кызылординский государственный университет им. Корыт ата,
директор Научно-исследовательского института «Коркытоведение и история края»,
Казахстан, г. Кызылорда, e-mail: sirdaria@inbox.ru
[2]магистрант 2-го курса кафедры казахского языка, литературы и журналистики,
Кызылординский государственный университет им. Коркыт ата,
Казахстан, г. Кызылорда, e-mail: ulmanka2809@mail.ru

Тематические, художественные особенности и жанровый характер стихотворений сказителя Базар жырау

Matheson D. Media Discourses: Analysing Media Texts / D. Matheson. – London : Open Univ. Press, 2005. – 265 p.

Bell A. Language and the Media / A. Bell // Annual Review of Applied Linguistics. – 1995. – Vol. 15. – P. 23–41.

Fetzer A. Political Discourse in the Media: Cross-cultural Perspectives / ed. A. Fetzer, G. E. Lauerbach. – Amsterdam : J. Benjamins, 2007. – 379 p.

Reath D. The language of newspapers / D. Reath. – London : Routledge, 2001. – 117 p.

Yaghoobi M. A critical discourse analysis of the selected Iranian and American printed media on the representations of Hizbullah-Israel war [Electronic resource] / M. Yaghoobi // Journal of Intercultural Communication. – 2009. – Iss. 21. – Mode of access: http://www.immi.se/intercultural/.

Hodge R. Language as ideology / R. Hodge, G. Kress. – New York : Routledge, 1993. – 230 p.

References

Annenkova I. V. Mediadiskurs XXI veka: lingvofilosofskiy aspekt yazyka SMI [XXI century mediacourse: linguophilosophical aspect of media language] I. V. Annenkova – M. : Izd-vo Mosk. un-ta, 2011. – 392 s.

Annenskiy I. Knigi otrazheniy [Reflection books]. – M.: Nauka, 1979. – S.26.

Vasilenko I. V. Kul'turnyy diskurs v regional'nom mediapole [Cultural discourse in the regional media field]: avtoref. dis. ...kand. filol. nauk : 10.02.01 / I. V. Vasilenko. – Novgorod. gos. un-t im. Yaroslava Mudrogo. – Velikiy Novgorod, 2015. – 20 s.

Dobrosklonskaya T. G. Massmediynyy diskurs kak ob"yekt nauchnogo opisaniya [Mass media discourse as an object of scientific description] / T. G. Dobrosklonskaya // Nauchnyye vedomosti Belgorodskogo gosudarstvennogo universiteta. Seriya: Gumanitarnyye nauki. – 2014. – № 13 (184). – S. 181–187.

Yegorova L. G. Mediatekst kak mir-tekst v konvergentnykh mass-media [Media text as a world-text in convergent media] / L. G. Yegorova, D. V. Tumanov // Nauchnyye vedomosti Belgorodskogo gosudarstvennogo universitetata. Seriya: Gumanitarnyye nauki. – 2015. – № 18 (215), vyp. 27. – S. 126-133.

Zasurskiy YA. N. Mediatekst v kontekste konvergentsii [Media text in the context of convergence] // YAzyk sovremennoy publitsistiki: sb.statey / sost. G. YA. Solganik. – 2-ye izd., ispr. – M.: Flinta: Nauka, 2007. – S. 7–12.

Kasatkina T.A. Slovo, tvoryashcheye real'nost', i kategoriya khudozhestvennosti [Reality creating word and art category] // Literaturovedeniye kak problema. – M.: Naslediye, 2001. – S. 303.

Kiuru K. V. Imidzhevyy mediatekst v politicheskoy kommunikatsii: diskursnyy analiz [Image media text in political communication: discourse analysis]: avtoref. dis. ... d-ra filol. nauk : 10.01.10 / K. V. Kiuru. – SPb., 2008. – 42 s.

Smetanina S. I. Mediatekst v sisteme kul'tury: dinamicheskiye protsessy v yazyke i stile zhurnalistiki kontsa XX veka [Media text in the system of culture: dynamic processes in the language and style of journalism of the late twentieth century]. – SPb.: Izd-vo Mikhaylova V. A., 2002.

Solganik G. YA. K opredeleniyu ponyatiy «tekst» i «mediatekst» [To the definition of the concepts of "text" and "media text"] // Vestnik Moskovskogo universiteta. – Seriya 10, Zhurnalistika. – 2005. – No 2. – S. 7–15.

Khosseynzade Sanaz. Tematicheskiye osobennosti publikatsiy o kul'ture v pechatnykh SMI [Thematic features of publications about culture in print media] / Vestnik RUDN, seriya Literaturovedeniye. Zhurnalistika, 2012, No 4, S.154-158.

Chepkina E. V. Russkiy zhurnalistskiy diskurs: tekstoporozhdayushchiye praktiki i kody [Russian journalistic discourse: text-generating practices and codes] (1995-2000) / E. V. Chepkina ; pod red. L. M. Maydanovoy. – Yekaterinburg : Izd-vo Ural. un-ta, 2000. – 279 s.

Shestakova E.G. Mediaslovo i mediatekst: vzglyad s territorii literaturovedeniya [Mediaword and media text: a view from the territory of literary criticism] // Nauchnyye vedomosti. Seriya Gumanitarnyye nauki. 2016. No 14(235). Vypusk 30.

Shestakova E. G. «Zhanr teksta massovoy kommunikatsii kak problema teorii slovesnosti» [“Genre of the text of mass communication as a problem of the theory of literature”] Vestnik KemGUKI 23/2013. – S. 37-51.

Van Dijk T. A. Ideology: A Multidisciplinary Approach / T. A. Van Dijk. – London : SAGE Publ. Inc., 1998. – 384 p.

Matheson D. Media Discourses: Analysing Media Texts / D. Matheson. – London : Open Univ. Press, 2005. – 265 p.

Bell A. Language and the Media / A. Bell // Annual Review of Applied Linguistics. – 1995. – Vol. 15. – P. 23–41.

Fetzer A. Political Discourse in the Media: Cross–cultural Perspectives / ed. A. Fetzer, G. E. Lauerbach. – Amsterdam : J. Benjamins, 2007. – 379 p.

Reath D. The language of newspapers / D. Reath. – London : Routledge, 2001. – 117 p.

Yaghoobi M. A critical discourse analysis of the selected Iranian and American printed media on the representations of Hizbullah-Israel war [Electronic resource] / M. Yaghoobi // Journal of Intercultural Communication. – 2009. – Iss. 21. – Mode of access: http://www.immi.se/intercultural/.

Hodge R. Language as ideology / R. Hodge, G. Kress. – New York : Routledge, 1993. – 230 p.

4-бөлім

ЖАС ҒАЛЫМДАР МІНБЕРІ

Раздел 4

ТРИБУНА ДЛЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ

Section 4

TRIBUNE FOR YOUNG SCIENTISTS

ҒТАМР 19.21.11.

[1]Байгожина Д.О., [2]Балымбетов Б.

[1]журналистика және саясаттану факультетінің PhD докторанты,
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ., e-mail: baigozhina777@mail.ru
[2]2-курс магистранты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

ТАРИХИ ӨЗГЕРІСТЕРДЕГІ МЕДИАМӘДЕНИЕТ

Мақаланың негізгі мақсаты медиа мен мәдениеттің үйлесімділігіне, бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәдениеттің рөлі мен аспектілеріне талдау жасалған. Негізгі нысаны мәдениетті медиатехнологиялар арқылы жеткізудің кемшіліктері мен артықшылықтарын анықтап, медиамәдениеттің БАҚ-пен өзара байланысын көрсетеді. Әлеуметтегі БАҚ мәдениетінің рөлін айқындап, оның әлеуметтік-моральдық, көркем-психологиялық, интеллектуалдық аспектілері қоршаған ортаны зерттеу кешенінің құралы бола отырып, қарқынды өсіп келеді. Медиатехнологияның дамып отырған қазіргі заманында БАҚ өзіндік бірыңғай ақпараттық кеңістік ретінде құрып, медиамәдениет қызметінің ерекшелігі медиакеңістіктің белсенді қалыптасуына ықпал етуші фактор ретінде қарастырылады. Медиамәдениет – бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәдениет тақырыбындағы мәтіндерді талдауға және бағалауға, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жаңа білімдерді игеруге қабілетті тұлғаны дамытудың деңгейлік жүйесі ретінде жұмыс істей алады. Мақалада зерттеушілердің пікірлерін негізге ала отырып, мәдениеттің медиатехнологиялардың көмегімен насихатталатындығын сипаттайды. Сонымен қатар, ақпараттық кеңістіктегі мәдениет, медиамәдениетті зерттеу үшін түрлі тәсілдер қарастырылады. БАҚ арқылы қоғам мәдениетін, оның жүзеге асу функцияларын айқындаудағы БАҚ-тың факторлары талданды.

Түйін сөздер: ақпарат, медиа, медиатизация, медиамәдениет, БАҚ, БКҚ.

[1]Baigozhina D.O., [2]Balymbetov B.
[1]PhD Doctoral student of the Faculty of Journalism and Political Science,
L.N. Gumilyov ENU, Kazakhstan, Astana, e-mail: baigozhina777@mail.ru
[2]Master student of the Faculty of Journalism,
Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty

Mediaculture in historical changes

The main purpose of the article is to analyze the compatibility of the media and culture, the role and aspects of culture in the media. The object of the study is to identify the disadvantages and advantages of culture with the help of media technologies and to demonstrate the relationship of media culture with the media. The role of media culture in society, its social and moral, psychological and intellectual aspects is growing at an unprecedented pace, being a necessary means of developing the society surrounding its social, moral, psychological, moral, intellectual aspects. The article discusses various approaches to creating a unique information space using media media technology, as well as a feature of media cultural activities is considered as a factor contributing to the active formation of the media. Media culture – analyzing and evaluating texts covered on the topic of media in the media, can work as a multi-level system of personal development, capable of mastering new media knowledge through the media. We rely on the understanding of modern scholars who describe the culture as promoted by media technologies. And also in the information space it is considered that the mass media analyzes the culture of society and its implementation of functions.

Key words: information, media, mediatization, mediaculture, mass media, mass communications.

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

[1]Байгожина Д.О., [2]Балымбетов Б.
[1]PhD докторант факультета журналистики и политологии, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Казахстан, г. Астана, e-mail: baigozhina777@mail.ru
[2]Магистрант факультета журналистики, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы

Медиакультура в исторических изменениях

Основной целью статьи является анализ совместимости СМИ и культуры, роль и аспекты культуры в СМИ. Объектом исследования является выявление недостатков и преимуществ культуры с помощью медиатехнологий и демонстрация взаимосвязи медиакультуры со СМИ. Роль медиакультуры в обществе, ее социально-нравственные, психологические и интеллектуальные аспекты приобретают особое значение, являясь необходимым средством освоения обществом окружающего мира. В статье рассматриваются различные подходы к созданию уникального информационного пространства с помощью медиатехнологий СМИ, а также как особенность медиакультурной деятельности, изучаются факторы, способствующие активному формированию медиа. Медиакультура – анализ и оценка текстов, освещающих тему медиа в СМИ, это понятие, которое может работать как многоуровневая система развития личности, способное осваивать новые медиазнания через средства массовой информации. Авторы опираются на разработки современных ученых, которые описывают культуру с помощью медиатехнологий.

Ключевые слова: информация, медиа, медиатизация, медиакультура, СМИ, СМК.

Кіріспе

Ақпарат – шексіз. Ақпарат – шексіздігі жер бетіндегі пенденің айтқан дәлелді сөзі бұқаралық ақпарат құралдарының көмегімен байланысу жолдары арқылы өзге адамдарға таратылып, әлемдік ақпаратқа айналып, ақпарат шексіздігін құрайды. Әртүрлі бағытта өрбиді. Бүгінгі ақпараттық шексіздік кезеңінде шетелдік берілімдерге есік-терезені кең ашып, сандығымызды ақтарып астаудың қажеті шамалы. Мұндағы қауіп – әр ұлттың өзін жоғалтып алмауына, өзгенің қосағында кетпеуі тиіс. Қазіргі жер беті халықтарының бұқаралық ақпарат құралдарынсыз өмір сүре алмайтындығы баршаға аян. Бүгінде бүкіл әлемдегі БАҚ-тың мақсат-мүддесі айқын ғаламат идеологиялық/манипуляциялық күшке айналып барады. Сондықтан БАҚ-тың халықты лезде елітіп, баурап алуға дайын тұрады десек, оның халыққа тигізер әсері қандай екенін саралап беру қиынға соқпайды. Сол рухани өнімдердің сипаты қазіргі адам тәрбиелеу ісіне әсер етіп отыр. Әрине БАҚ-тың халыққа берер жақсысы да, жаманы да бар. Қазақстанның құрылымдық дамуындағы сапалық өзгерістердің бірі – БАҚ-тың дамуы. Бүгінде БАҚ-тың институттану үдерісі тегеуріні жүріп жатыр. Ол аса маңызды көпсалалы, көпқырлы экономикалық-саяси, ақпараттық, мәдени, қоғамды топтастыру және әлеуметтендіру, танымдық және білім берушілік, қоғамдық пікірді қалыптастыру функцияларын атқаратын, демократиялық, азаматтық әр алуандылықты білдіретін институт ретінде түзілуде деп айтуға толық негіз бар. Сонымен қатар БАҚ – саяси-экономикалық, мәдени тұрақтылықты бекітудің әлеуметтік инновацияның тегеурінді де, қуатты тетігі. Қазақстандағы қазіргі кезеңде өзінің көп мазмұнды және кең ауқымды функциялары арқылы қоғамдық өмірге етене араласатын БАҚ-тың барлық саланы қамтып отыр. Әр қырынан, әр саладан, әр деңгейден көрінеді. Айтарлық, саяси және әлеуметтік, экономикалық-нарықтық, этносаралық, дінаралық қатынастар, білім, денсаулық, тіл саясаты, төтенше жағдайлар, үлесшілер мүддесі, жарнама, сыртқы-ішкі қатынастар – қазақстандық БАҚ назарынан тыс қалған емес. «Ақпарат – материя немесе энергия емес, ақпарат бұл – ақпарат», – деп тұжырымдайды американдық ғалым, математик және философ, кибернетика және жасанды интеллект теориясын қалаушы Н. Винер (Винер Н., 1983). Расында да, түрлі дерек-көздерден сақталған, қабылданған мәлімдеме. Қоршаған ортамыз туралы ақпарат, тірі ағзалар, жеке адам, техникалық машиналар және түрлі ақпараттық жүйелер, байланыс құралдары арқылы қабылдайтын барлық құбылыстар туралы мәлімет. Р. Нейдердің «Ақпарат – демократияның негізгі валютасы» (Р. Нейдер, 2011), – деген тұжырымын еске алуға болады. Себебі, қазіргі кезде ақпаратты әр адам түрлі бағытпен қабылдап, оны өз бағыттары бойынша таратуда. Ақпараттың өзі шексіз, ал демократия кезінде секунд сайын таратылған ақпаратты бақылауда ұстау қиын. Біз технологияның дамыған заманында өмір сүріп, ақпараттық ортада мен медиабілім қоғамында қалыптасып келеміз. Бүгінгі таңда ақпаратпен жұмыс істеуге негізделген барлық мамандықтардың саны артып келеді. Адамның қабылдайтын, пайдаланатын

ақпараттың сапасы оның өмірінің сапасын ғана емес, бағытында айқындайды. Батыс философы А.Р. Уилсонның «Новая инквизиция» еңбегінде: «Ақпарат: хабарламаның шексіз дәрежесі, жалпы айтқанда ақпарат – сіз естуге дайын, сіз күткен ақпарат ғана емес. Ақпарат «шынайы» әрі «жалған» болуы мүмкін, бірақ әрдайым құпия күтпеген жерден ақпаратқа айналуы мүмкін» (А. Р. Уилсон, 2003) деген пікірі ақпараттың сипаттамаларына сайып келеді. Ғылым мен технологияның қарқынды дамуы жаңа ақпараттық қоғамның, жаңа ақпараттың таралуына әкеледі. Оның ішінде ғылыми ақпараттар әлемдік тәртіп ұғымымызды түбегейлі өзгертіп, әлемді трансформациялауға бағытталған адамның мүмкіндіктері туралы түбегейлі өзгертеді. Ақпараттық кеңістік жергілікті бұқаралық ақпарат тасымалдаушыларынан қалыптасады. Ақпарат бірінші адам санасында қалыптасады, бұл жағдайда бірінші тасымалдаушы санасы. Ал ақпараттық қоғам қалыптастыруда бір адамнан екінші адамға ақпарат тасымалдап, өзінің интеллектуалды қызметін ұйымдастырады. Ақпаратқа сыни көзқараспен қарағанда дұрыс, өйткені ақпараттың қоғамдық пайдалануға берілген ақпараттың дұрыстылығы маңызды шарттардың бірі. Бұқаралық мәдениет құбылысын терең зерттеген Э. Шилздің «Бұқаралық қоғам және оның мәдениеті» деген еңбегінде, екінші дүниежүзілік соғыстан кейін батыс мемлекеттерінде «бұқаралық қоғам» деген термин негізі пайда бола бастады (Э. Шилз, 1972). Бұқаралық қоғам жаһандану үдерісімен тығыз байланысты. Қазіргі күні еліміздегі түрлі мәселелер міндетті түрде бұқаралық ақпарат құралдарында көрініс беріп отыр.

Негізгі бөлім

БАҚ бағытының бірі – мәдениет. Мәдениеттің рөлі және БАҚ-пен үйлесімділігін талдамас бұрын, мәдениеттің этимологиясына тоқталсақ. Қазақ халқының түсінігінде мәдениет туралы ұғым сонау VII-VIII ғ. Орхон жазба ескерткіштерінен көрініс тапқан. Сол көне ескерткіштерге шексіз далада мүлгіп қалған меңіреу тастарға бүгінде тіл бітірген зерттеушілеріміз, іргелі ел болып қанат жайған түрк халықтарының бақытты ұрпағына тарих шежіресін баян етуде. Жазбада сол кездегі әскери жорықтар, халыққа үндеу, экономикалық жағдай, мәдениеті мен дәстүрлері, ата-тегі жайындағы әңгімелер тасқа қашалып жазылған. Әбу-Насыр әл-Фарабидің 948 жылы Мысырда жарыққа шыққан «Қайырымды қала тұрғындары» кітабында ішкі-сыртқы саясат, адамдардың бір-біріне деген қайырымдылығы, тәрбие мәселесі, жалпы мәдениеттілікке жету жолдары сипатталған. Ендігі бір туынды – Жүсіп Баласағұнның 1070 жылы жазып бітірген «Құтты білік» туындысы. Әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында «Құтадғұ білік» кітабы өз заманында Ата заң (Конституция) қызметін атқарған, сонымен қатар біртіндеп халықтың ислам дініне келуі, орта ғасыр дәуірінің ғылым, түрлі қоғамдық топқа жататын адамдар арасындағы қатынас, мәдениет, әдептілік мәселелері көтеріледі. Сондай-ақ әлеуметтік мәртебесі әрқилы қоғам мүшелерінің мінез-құлық ережесі, басқарушы мен бағынушы арасындағы қатынас, салауатты/сауатты өмір сүру үшін және қоғамның әдептілік ұстанымдарын сипаттаған. Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи Рашиди» атты кітабында Орталық Азия халықтарының XIII-XVI ғасылардағы тарихы, этнографиясы мен географиясы, әдебиеті мен мәдениеті жайлы баяндалған классикалық тарихи шығарманың бірі. Яғни, аталған шығармаларды бәрі ортағасырлардағы мұсылман мәдениетінің өркендеу кезеңінде қалыптасқан түсініктермен байланысты. Цицеронның еңбектерінде бұл сөздің мағынасы «жанды жетілдіру» деген ұғымды білдірді. Уақыт келе еуропалық тілдерде мәдениет сөзі «даму», «сыйлау», «қабіліттілік», «сауаттылық» сияқты мағыналарға ие бола бастаған (Борев В., Коваленко А., 1986). Яғни, мәдениет – адамның сауат ашудан бастап, тазалыққа ережелері және өзінің өзгемен қарым-қатынасына дейінгі жасалған іс-әрекеттер. Мәдениет әртүрлі әлеуметтік топтардың, құрылымдардың, ұлттардың, жеке адамдардың өмір сүру жағдайына, талабына байланысты қалыптасады. Неміс философы, мәдениет теоретигі, ағартушы И.Г. Гердер: «Салт-дәстүр – тіл мен мәдениет бастауларының анасы», – деген (Гердер И.Г., 1977). Ақпарат дәуірі аталатын бүгінгі заманда мәдениеттің олар орны ерекше. Дәстүрлі медиа (телеарна, радио, мерзімді басылымдар) мен жаңа медиа (әлеуметтік желілер, блогтар, жаңа технологиялар) мәдениет ерекше рөл атқарады, адамдар арасындағы коммуникациялық мәдениетті қалыптастырады. Осыған байланысты американдық антрополог, кросс-мәдениет зерттеушісі Э. Холлдың «Culture as Communication» («Культура как коммуникация»)» атты кітабында: «Мәдениет дегеніміз – коммуникация, коммуникация дегеніміз – мәдениет», – деп тұжырым жасаған (Грушевицкая Т.Г., Попков В.Д., Садохин А.П., 2003). Әлеуметтік-мәдени даму үрдісі тікелей бұқаралық

коммуникация арналары арқылы байланысады. Бүгінгі телеарнадағы телебағдарламалар, сөз мәдениеті, экран мәдениеті, жүргізуші мәдениеті көрерменге бейнелік-аудиолық әсер етсе, радионың күші сөз құдіреті мен әуендік мәдениетке байланысты. Тіптен, мерзімді басылымдардың өзінде медиамәдениет сақталуы тиісті, жарияланымдардағы фотосуреттер, фоторепортаждар оқырманның психологиясына әсер ету факторлары мен мәтінге үйлесімділік табуы керек. Қазіргі таңда, жаңа медиадағы мәдениет коммуникация жүйесіндегі жаңа бағыт ретінде зерттеліп жатыр. Мәдениет – қазіргі адамдардың екінші табиғаты, өзін таныстыру факторлары. Мәдениет категориясы – өзін-өзі жүзеге асыратын бағыт, әлеуметтік өзара әрекеттесу мен мінез-құлықтың реттелуі. Кез келген хабарлама сияқты мәдени қарым-қатынаста циклдікке ие: хабарлама жасаушыдан (идея) микротоптарға одан бұқаралық коммуникация құралдары арқылы (мерзімді басылым, фильм, телебағдарлама және т.б.) макротоптарға немесе тұтастай қоғаммен ықпалдасады. Коммуникациялық тәсілді қолдана отырып Ю.М. Лотман мәдениет динамикасы туралы былай жазды: «Бірде-бір мәдениет тілмен ғана қалыптаспайды. Минималды жүйе параллель тілдердің жиынтығын құрайды. Мысалы, ауызша және графикалық». Болашақта мәдениеттің динамикасы семиотикалық коммуникациялардың жиынтығын көбейтуді қамтиды. Коммуникацияның әрекеті бір адамнан санасынан келесі адам санасына дейін өздігінен хабар беру ғана емес, сонымен қатар «менің» ойымнан/тілімнің кейбір мәтінінен «сіздің» тілге аудару ретінде қызмет атқарады (Лотман Ю.М., 1998). Ал, В.Ю. Борев және А.К. Коваленко өз жұмыстарында мәдениеттегі бұқаралық қарым-қатынастарды әлеуметтік қажеттіліктермен байланыстыратын объективті тарихи мұра ретінде қарастырады және адамның әлеуметтенуіне және мәдениеттіліктің артуына үлес қосады деп есептейді (Борев В., Коваленко А., 1986). Заманауи коммуникациялық құралдарын талдау В.И. Михалковичтің «Бұқаралық коммуникация құралдарының көрнекі тілі» кітабында келтірілген. Автордың айтуынша, жаһанданған заманды мықты ақпараттық ағымдарсыз әлемді елестету мүмкін емес, – дейді (Михалкович В., 1986).

Барлық зерттеушілердің тұжырымына сәйкес: мәдениет тарихы тактилді және ауызшадан жазбаша және дыбысты-бейнелілікке дейін коммуникация түрлерінің барлығымен үйлесімді. Адамдармен байланыса отырып, коммуникация құралдары бүкіл даму кезеңінде қабылдаушылардың психологиялық қажеттілігін динамикалық түрде іске асыруға тырысты. Кез келген өркениетті қоғам, кез келген дамудың сатысына қарамастан, ойлап шығарған технологиялық әдістер адамға шығармашылық үдерісінде сөйлесуге және эмоцияларын білдіруге деген талпынысын жоққа шығара алмайды. Әр дәуір жаңа мәдениеттің жетекші формаларын қалыптастырады, әр қоғамның қызығушылықтары және қажеттіліктерді тиімді қанағаттандырады, яғни утилитарлы функциялардың тұрғысынан, олардың әлеуметтік бағасымен де ең қолайлы болып табылады. Бұндай жағдайда әлеуметтік баға коммуникацияға балама болып табылады, өзара түсіністік пен қоғам мүшелерін біріктіру деңгейіне тең келеді.

Сонымен қатар, медиамәдениет термині – мәдениеттану теориясындағы заманауи ұғым, ақпараттық қоғамдағы мәдениеттің ерекшелігін, ақпаратпен ықпалдастығын белгілеу үшін енгізілді. Атап өту керек, отандық мәдениеттану және әлеуметтануда «бұқаралық ақпарат құралдары (БАҚ)», «бұқаралық коммуникация құралдары (БКҚ)» сияқты ұғымдар жиі кездеседі, ал батыс зерттеулерінде «масс-медиа» термині қолданылады.

Медиа (латынның «media», «medium» – құрал, байланыстырушы деген мағына білдіреді) – XX ғасыр термині, алғашында «бұқаралық мәдениеттің» кез келген көрінісіне сілтеме жасалды, сондықтан зерттеушілер жаңа терминологияны қолдану арқылы мәдениет тарихы мен теориясын қайта қарау мүмкіндігіне ие болды. XX ғасыр өнері (постмодерндік және феминистік сынның ықпалымен) өнер мифін көркем шығармашылықтың дербес саласы ретінде қарастырды, бұл өнер және оның идеалдары қоғамдағы басым идеологиямен, әлеуметтік мифтермен, көркемдік қызметінің экономикалық жағдайымен тығыз байланысты екенін сипаттады. Осылай өнертану мәдениеттану мен әлеуметтің мәдениетімен жақындай түсті.

Батыста медиамәдениет феноменін зерттеуге Р. Арнхейм, А. Базен, Р. Барт, В. Беньямин, М. Фуко, Ж. Деррида, Ж. Делёз, Г. Дебор, Г. Маркузе, Т. Дж. Митчелл, К. Силверман, Ж. Бодрийяр, Г. Полок, М. Маклюэн және т.б. өз үлестерін қосты.

Канадалық ғалым, публицист Г.М. Маклюен бүкіл мәдениет тарихын, медиа мен мәдениеттің үйлесімділігін қайта қарастырған, алғашқы медиа теоретиктерінің бірі болып саналады. Ол өзінің зерттеулерін мәдениет саласындағы комму-

никация арналарын талдауға арнаған, адамның күнделікті өмірін ақпараттық қоғамдағы, әлемдегі ең жаңа БАҚ арқылы зерттеген. Әртүрлі байланыс құралдарына сілтеме жасау үшін, алғаш рет «медиа» терминін қолданған – Г.М. Маклюен.

М. Маклюен өзінің ғылым жолын XX ғасырдың ортасында бастаған. Мәдениетке заманауи көзқарас мәтіндік қорытындыға екпін түсіруді қажет етті, сондықтан М. Маклюеннің қызығушылығы медиадағы тілге, риторикаға және поэтикаға кездейсоқ емес. Бұқаралық мәдениетке деген қызығушылық қоршаған ортаға жағымды әсер етті. Америка өткен ғасырдың басында жаңа әлемнің гипнозында болды, киноматография әлемі, комикстер, жарнама, поп-музыка – символдар мен ақыл әлемі, адамдардың құмарлықтары мен тілектерінің керемет хаосы болды. М. Маклюен жаңа медиадағы мәдениетті зерттей түсті.

Адам қабілеттеріндегі техникалық экстериоризацияны метафора ретінде қабылдады: «Барлық бұқаралық коммуникация – белсенді метафоралар». Өзге метафоралар сияқты, олар әлемді қайта жазады. Медиа тілі, басқа тілдер сияқты бұл – технология. Адамдар кейбір жағдайда құралдардың ықпалын сезіне бермейді, себебі ол әлемге артқы көрініс айнасы арқылы қарайды: жаңа құралдар ескі құралдардың жалғасы ретінде қабылданады (Маклюэн М., 2003).

Медиа туралы, медианың өзге салалармен ықпалдасу туралы С. Жижектің зерттеулерінен көруге болады. С. Жижек медианы түрлі мысалдарда зерттейді. «Киберкеңістік немесе күнделікті төзгіссіз жабықтық» атты мақаласында ол виртуалды шындық туралы жазады, қазіргі заманауи мәдениетті жалпы медиатизация контексінде қарастырады. Медиамәдениеттің ықпалына түскен адам, өзі де жаңа медианың өнімі болады, – деп тұжырымдайды. Медиатизацияланған денеде сана да өзгереді. Медиатизация терминін түсіндіруде С. Жижек «The Art of motor»: «Медиатизация тұжырымының қажетті түсінік» атты жұмыстағы Пола Вирильоның теориясын қолданады. Бастапқыда бұл тұжырымдама тақырыпты шешуге тікелей және дереу құқығынан айырылған қимылдың пайда болуын білдіреді. Саяси медиатизацияны Наполеонның әрекеттерінен көруге болады, ол жаулап алынған монархтарда билікті көрінісін қалдырды, алайда олардың мүлдем билікпен қолдануда мүмкіндігі болмаса да (Жижек С., 1998).

Нәтиже

Медиа – БАҚ-тың және бұқаралық коммуникацияның жай ғана жүйесі емес. Бұл кез келген мемлекеттің басты қолдауына айналатын мәдени-ақпараттық монополиялар жүйесі – өте нақты және беделді «матрицаны» жасырып жатқан өте белгісіз тұжырым. Бүгінгі медиамәдениет ақпараттық ағынның қарқындылығымен қоғамды тәрбиелейтін ұғым (бірінші кезекте, аудио-визуалды: теледидар, кино, бейне, компьютерлік графика, Интернетке шығу). Бұл адамның әлеуметтік, моральдық, психологиялық, көркемдік, интеллектуалды аспектілерінде қоршаған әлемді түсіну құралы. Осы айтылғандарға сүйене отырып, біз бұл құбылысқа келесідей анықтама беруге құқылымыз: «Медиамәдениет – бұл қоғамдық сананың қалыптасуына және жеке тұлғаны әлеуметтендіруге ықпал ететін мәдени және тарихи даму барысында жұмыс істеген ақпараттық-коммуникативтік құралдар жинағы». Медианың барлық түрлері (аудиовизуалды, баспа, көрнекі, аудиовизуалды) ақпаратты тарату мәдениетін және оны қабылдау мәдениетін қамтиды; медиамәдениет – бұқаралық ақпарат құралдарындағы мәтіндерді талдауға және бағалауға, бұқаралық ақпарат құралдарының шығармашылығымен айналысуға, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы жаңа білімдерді игеруге қабілетті тұлғаны дамытудың деңгейлік жүйесі ретінде жұмыс істей алады. Бұқаралық ақпарат құралдарының дамуы өркениеттің эволюциясы тұрғысынан табиғи болып табылатын, тарихи тұрғыдан реттелетін процесс екенін есте ұстаған жөн.

Ақпараттық-семиотикалық тұрғыдан алғанда медиамәдениет үш негізгі аспектілерді білдіреді: артефактар жүйесі ретінде (латынның *arte* – жасанды және *factus* – жасалынған), символдар мен белгілер жүйесі. Ал Ю.М. Лотман коммуникацияның мақсатына қызмет ететін барлық жүйе, тіл ретінде анықтама беруі мүмкін деп тұжырымдайды. Ю. Лотман өнер туындысындағы тілді зерттеудегі лингвистика әдістерін қолдана отырып, кез келген мәдени құбылысты мазмұнында ақпарат және мағынасы бар мәтіндер ретінде дәлелдеді (Лотман Ю.М., 1998). Ю.М. Лотманның көзқарасы бойынша «мәтін» – заманауи мәдиамәдениет тұрғысынан тек ғана жазбаша хабарламаларды білдірмейді (кітап, газет немесе журналды мақала), кез келген ақпарат тасымалдаушы, – деп тұжырымдайды. Мысалға, кино, теле немесе бейнефильм, телебағдарлама немесе бейнебаян, Интернет сайт және т.б.

Медиамәтін жаппай коммуникацияның барлық жүйесі сияқты өзіндік эволюциялық тарихы бар. Мысалы, М. Маклюеннің адамзат

өркениетінің тарихында нышандары бар, демек медиамәдениеттің тарихы да төрт кезеңді ерекшелейді: 1) жазуға дейінгі варварлық кезең; 2) фонетикалық жазудың мыңжылдығы; 3) Губенберг галактикасы – бес жүз жылдық баспа техникасы; 4) Маркони галактикасы – қазіргі заманғы электрондық өркениет. Бесінші пункт ретінде М. Кастельстің «Интернет галактикасын» қабылдауға болады. Сонымен, медиамәдениеттің спецификасы – белгілер және белгілердің жиынтығы («мәтіндер»), онда әлеуметтік ақпарат «шифрланған», яғни мазмұны, мағынасы, ойы енгізілген. Бұдан тұжырымдайтынымыз, мәдениеттің осы немесе басқа феноменін түсіну – оның көзге көрінбейтін субъективті мағынасын «оқып беруді» білдіреді. Тек қоғамның мінез-құлқын, өркениетін білдіретін маңызды мәтін мәдениет фактісі болып табылады. Егер жазу мәдениетінде негізгі жүйелі белгілері ретінде әріп және сөз болса, аудиовизуалды мәдениеттің алғашқы кірпіші кадр қабылданады. Кадрлық мәдениетті фотографиялық, кинемотографиялық және телевизиялық формамен ажыратуға болады. Фотографиялық мәдениет шынайы оқиғаның дереу әсерін беретін фотокамераны қолданумен байланысты. Кинематографиялық кадр мәдениеті «монтаж ұяшығы» ретінде пайдаланады, бұл оқиғаның тікелей әсерін жеткізіп қана қоймай, оның мағынасын ашуға мүмкіндік береді. Теледидарлық кадр мәдениеті оқиғалармен байланыстырады, онда көрермен тікелей «оқиғалардың ағынына» қосылысады.

Ойтолқы

Кино кадрдың бейнелік әлеуетін түсіну, монтаждың элементі ғана емес, оның жасушалары ретінде қарастыру керек (С. Эйзенштейн). Кейіннен бұл шындықтың жаңа көрінісіне барынша сәйкес келетін, лезде түсірілім эстетикасын қолдану арқылы таратылатын бейнелі ойлаудың жаңа әдісін қалыптастыруға әкелді. Кадрдың әмбебап тілдік мүмкіндіктерін пайдалана отырып, өнер мен ғылым аясын, беллетристика және «ағымдағы тарих» аясын, шығармашылық және бұқаралық қарым-қатынас аясын түйістіре аласыз, – деп тұжырымдайды Г.К. Пондопуло (Пондопуло Г.К., 1983).

Фотосуреттің жалпы тілдік белгілері, кино мен телеарнада өзінің бастапқы кірпіші кадрдың әмбебаптығымен ғана емес, оқиғалығымен маңызды. Әрине, кадрдың әмбебаптық белгісі фото, кино, телеарналық шығармашылықта кеңінен пайдаланып, көркемдік бейнелеу ерекшеліктері, драмалық көрініс, бейнелі әңгіме элементі де қолданылады. Бұл процесс оқиғалық деп айқындалады, медиамәдениетті дәстүрлі, классикалық мәдениеттен ерекшелендіреді. Медиамәдениет тұтастай мәдениет сияқты функционалдық құбылыс. Бұл әлеуметтік жүйеде ерекше рөл атқаратындығын білдіреді. Мәдениет функциясының классификациялануы көптеген әлеуметтанушылар, философтар, мәдениеттанушылардың көптеген еңбектерінде сипатталды. Қазіргі кезде бұқаралық ақпарат құралдары мәдениетті сипаттайтын, әлеуметтік жаңғыруда маңызды факторға айналды. *Ақпараттық функциясы.* Бастапқы функциялардың бірі – ақпараттық функция, өйткені бұқаралық ақпарат құралдары ақпараттық процестің ерекше түрі. Медиамәдениет ақпараттық-коммуникациялық құралдар жиынтығы болғандықтан, біз мәдениетті тасымалдаушы болып табылатын әлеуметтік ақпаратпен айналысуымыз керек. Қоғамдағы медиамәдениеттің ықпалымен әлеуметтік ақпараттың жинақталуы мен көбеюі мүмкін болады. Ю.М. Лотманның айтуынша, қоғамның генетикалық естелігін сақтау немесе «мәдениет бұл – естелік» (Лотман Ю.М., 1994). Медиамәдениеттің ақпараттық функциясының рөлі соңғы онжылдықта компьютерлік техниканың арқасында күшейе түсті, заманауи медиамәдениет қоғамды ақпараттандырудың кепілі болып табылады. Сондай-ақ, медиамәдениеттің ақпараттық компонентін семиотикалық байланыстан тыс елестету қиын, бұдан келесі анықтаманы тұжырымдауға болады: медиамәдениет – адамдардың және символдық белгілер (құралдардың) ықпалымен сақталынған және жинақталатын әлеуметтік ақпарат (Кармин А.С., 2001). *Коммуникативті функция.* Бұл функцияны зерттеушілер ақпаратпен тығыз байланыстырады. Медиамәдениеттегі коммуникациялық функцияның мәні: билік пен қоғам, түрлі мемлекеттер, халықтар, әлеуметтік топтар, мүмкіндігі шектеулі адамдар және т.б. арасында қарым-қатынас әрекеті. Бұл диалогтық мәдениеттердің күшті катализаторы ретінде әрекет етуге мүмкіндік беретін бұқаралық ақпарат құралдарының коммуникативтік функциясы, соның арқасында тарихи-философиялық және тарихи-әдеби тұрғыда мәдени ақпарат алмасып, әлеуметтік прогресті күшейтеді. Коммуникацияның формалары мен тәсілдерінің дамуы, адамзаттың мәдени қызметіндегі ең маңызды аспекті. Оның дамуымен қоғам түрлі ақпаратпен алмасуға кең мүмкіндіктер ие болды, бастапқы барабан сигналдарынан заманауи спутниктік телевидение және компьютерден ақпараттандырылады. Баспа (жазбаша) мәдениет адамдарға

ғасырлар мен қашықтықты еңсеріп, уақыт пен кеңістікте қарым-қатынас жасауға мүмкіндік береді. Бүгінгі күні медиамәдениеттің ғылыми және күнделікті қарым-қатынаста кең таралған түрі – бұқаралық коммуникация құралдары (БКҚ). Бұқаралық коммуникация құралдары – баспа, визуалды және аудиовизуальды БАҚ-тардың кең ауқымды жүйесін қамтитын ұғым. Бұқаралық коммуникацияның дамуындағы қуатты фактор – кез келген ақпаратты компьютерлік және интернет желілерімен байланысуын қамтамасыз ету. Қазіргі жағдайдағы парадокс бұқаралық ақпарат құралдары арқылы қарым-қатынас массасының үлкендігі, әлеуметтік-мәдени және психологиялық мәселелердегі байланыстың болмауы. *Креативтік функция.* Медиамәдениеттің тағы бір іргелі функциясы – әлемді, қоршаған ортаны, мекендеу ортасын дамыту және трансформациялау. Бұқаралық коммуникация құралдары арқылы алынған ақпараттың көмегімен адам өзінің әлем туралы білімдерін кеңейтеді, оны әртүрлі көзқарастардан: философиялық, моральдық, экономикалық, эстетикалық, заңды және т.б. түсінеді; сондай-ақ қызығушылығы, айналасындағы әлемде өзін білуге деген ұмтылысы, табиғат пен адам өмірінің құпиясына ену. Медиамәдениет жеке тұлғаның «тікелей тәжірибесі» шекарасын кеңейтіп, идеологиялық көзқарастарға және жеке тұлғаны қалыптастыруға әсер етеді. Медиамәдениеттің шығармашылық қызметі адамға қазіргі өмірде, қоршаған ортаға бейімделуге, көптеген сұрақтарға жауап алуға, түрлі қарама-қайшылықтар мен катаклизмдерге дайын болуға мүмкіндік береді. Бұл үдеріс оқыту мен тәрбиеге ғана емес, сонымен бірге медитацияға, өйткені ол адамның өзіндік сезімін қалыптастыруға, оның өмір сүруіне және жасалуына қалыптасуына ықпал етеді. *Аралық (делдалдық) функция.* Әлеуметтік құрылымдар арасындағы байланыс орнатуда медиамәдениеттің әлеуметтік делдал ретінде рөлі зор. Бұл тұрғыда медиамәдениет қоғамды басқару құралы ретінде ерекше маңызға ие. Рейн газетінің редакциялаған К. Маркс әлі де мемлекет құрылымы мен билеушілер арасында өтетін «үшінші элемент» ретінде баспасөздің маңыздылығына назар аударды. Оның пікірінше, екеуі де (билік пен қоғам) «еркін баспасөзде» пайда болған мәселелерді бірдей шешу керек, «мемлекет азаматының басшысы және азаматтық жүрекпен» деген пікір білдірген (Маркс К., Энгельс Ф., 1978). Осыған байланысты БАҚ өкілдері бұрынғы үш заң шығарушы, атқарушы және сот сияқты қуатты функциялары бар «төртінші билік» болып табылады. Жер шарының барлық бұрыштарындағы адамдарға ақпараттың әсері туралы Э. Тоффлер «Билік метаморфозасында» (Тоффлер Э., 2003) атты еңбегінде сипаттаған.

Қорытынды

Медиамәдениет мәдениеттің басқа түрлеріне қарағанда әлеуметтік-басқарушылық функциясын орындайды. С.М. Гуревичтің пікірімен келісуге болатын шығар, «бұқаралық ақпарат құралдары тек билікті емес, өте маңызды, қоғамдық пікірді білдіретін және нақты билікке әсер ететін, тіпті мүмкіндіктерін шектейтін», – деп мәлімдейді (Гуревич С.М., 2004). Бұл жердегі тұжырым: медиамәдениет – қоғам мен мемлекет арасындағы, қоғам мен билік арасындағы делдал. Бұқаралық ақпарат құралдарының делдалдық функциясы демократия мен плюрализм, саяси еркіндік және жариялылық қағидаттарына негізделген азаматтық қоғамды қалыптастыру кезінде күшейтіледі.

Медиамәдениетті модернизм дәуірінің феномені ретінде қарастыра отырып, медиамәдениет техникалық революция мен қазіргі заман мәдениетінің синтезі болып табылады. Индустриалды қоғамдағы медиаинновация құралдарының арасында «бұқаралық» баспасөз, фотосурет, телеграф, радио, кино ерекшеленеді. XX ғасырдағы бұқаралық мәдениет тек әлеуметтік модернизация факторы ғана емес, сонымен қатар мифтік шығармашылықтың негізі. Бұл үдеріс тоталитарлық идеологияларда коммунистік және фашистік тепе-теңдік кезеңінде айқын көрінеді. Миф тарихи-саяси билік құрал бола отырып, баспасөз, кинематография, телевизия мифологиясын құрайды. Медиамәдениет – тарихи даму процесінде адамзат әзірлеген ақпараттық және коммуникациялық құралдардың мәдени ақпараттық жиынтығы; бұқаралық ақпарат құралдарында материалдық және интеллектуалды құндылықтар үйлеседі, қоғамның қалыптасуы үшін тарихи негізделген жүйе.

Әдебиеттер

Винер Н. Кибернетика, или управление и связь в животном и машине; или Кибернетика и общество / 2-е издание. – М.: Наука; Главная редакция изданий для зарубежных стран, 1983. – 344 с.

Нейдер Р. Горячий айсберг. – М., 2011.

Уилсон А.Р. Новая инквизиция. электронды баспа royallib.com., 2003.

Шилз Э. Общество и общества: макросоциологический подход// Американская социология: перспективы, проблемы, методы. – М.: Прогресс, 1972. – С.341-359.

Борев В., Коваленко А. Культура и массовая коммуникация. – М.: Наука, 1986. – С.301, стр. 215.

Гердер И.Г. Идеи к философии истории человечества. – М., 1977. – С.703, стр. 252.

Грушевицкая Т.Г., Попков В.Д., Садохин А.П. Основы межкультурной коммуникации. – М.: Юнити-Дана, 2003. С. 253, стр. 54

Лотман Ю.М. Об искусстве. – СПб.: Искусство, 1998. – С. 653, стр.115.

Борев В., Коваленко А. Культура и массовая коммуникация. – М.: Наука, 1986. – С.301, стр. 115.

Михалкович В. Изобразительный язык средств массовой коммуникации. – М.: Наука, 1986. – с. 222, стр. 3.

Маклюэн М. Понимание медиа: внешние расширения человека. – М. – Жуковский: Канон-пресс-Ц, 2003. – С. 464, стр. 356.

Жижек С. Киберпространство, или Невыносимая замкнутость бытия. // Искусство кино, 1998, № 1. – С. 125.

Лотман Ю.М. Об искусстве. – СПб.: Искусство, 1998. – С. 653, стр.19

Пондопуло Г.К. О взаимодействии художественных, научных и технических моментов в фото, кино и телевизионном творчестве // Философско-эстетические проблемы киноискусства. – М., 1983. – С. 199, стр. 95.

Лотман Ю.М. Беседы о русской культуре. – СПб, 1994. – С. 496, стр. 8.

Кармин А.С. Культурология. – СПб.: Лань, 2001. – С. 464, стр. 24.

Маркс К., Энгельс Ф. Сочинения, Том 1, 1978. – С. 415, стр. 206.

Тоффлер Э. Метаморфозы власти. – М.: издательство АСТ, 2003. – С. 669, стр. 358

Гуревич С.М. Газета: вчера, сегодня, завтра. – М.: Аспект Пресс, 2004. – С. 288, стр.13.

References

Viner N. Kibernetika, ili upravleniye i svyaz' v zhivotnom i mashine; ili Kibernetika i obshchestvo/ 2-ye izdaniye. – M.: Nauka; Glavnaya redaktsiya izdaniy dlya zarubezhnykh stran, 1983. – 344 s.

Neyder R. Goryachiy aysberg. – M., 2011.

Uilson A.R. Novaya inkvizitsiya.– www.royallib.com., 2003.

Shilz E. Obshchestvo i obshchestva: makrosotsiologicheskiy podkhod// Amerikanskaya sotsiologiya: perspektivy, problemy, metody. M.: Progress, 1972, s.341-359

Borev V., Kovalenko A. (1986) Kul'tura i massovaya kommunicasya [Culture and mass communication]. – Moscow.: Science, vol. 301, p.215.

Gerder I.G. (1977) Idei k filosofyi istory sheloveshestva [Ideas for the philosophy of the history of mankind] – Moscow.: Science, vol. 703, p. 252.

Gruweviskaya T.G., Popkov B.D., Sadohin A.P. (2003) Osnovyi mejkul'turnoy kommunicasyi: ushebnik dlya vuzov [Basics of Intercultural Communication] – Moscow.: Unity-Dana, vol. 253, p. 54.

Lotman U.M. (1998) Ob isskustve [About art]. – SPb.: Art, vol. 653, p. 115.

Borev V., Kovalenko A. (1986) Kul'tura i massovaya kommunicasya [Culture and mass communication]. – Moscow.: Science, vol. 301, p.115.

Mihalkovish B. (1986) Izbiratel'nyi yazik sredstv massovoi kommunikasyi [Fine language of mass communication]. – Moscow.: Science, vol. 222, p.3.

Makluen M. (2003) Ponymanie media: vneshnye rasshirenie sheloveka [Media Understanding: external extensions of a person.] – Moscow.: Jukovskii: Canon-press-C, vol. 464, p. 356.

Jijek S. (1998) Kiberprostranstvo, ili Nevinosimaya zamknutost' bitiya [Cyberspace, or the Intolerable Closedness of Being] // Art of cinema, № 1. – p. 125.

Lotman U.M. (1998) Ob isskustve [About art]. – SPb.: Art, vol. 653, p. 19.

Pondopulo G.K. (1983) O vzaimodeystvii hudojestvennih, naushnih i tehcnisheskih momentov v foto, kino i televizionnom tvorshestve [On the interaction of artistic, scientific and technical moments in photography, film and television creativity] // Philosophical and aesthetic problems of motion picture art. – Moscow, vol. 199, p. 95.

Lotman U.M. (1994) Besedi o russkoi kul'ture [Conversations about Russian culture] – SPb., vol. 496, p. 8.

Karmin A.S. (2001) Kul'turologya [Culturology] – SPb, Lan', vol. 464, p. 24.

Marks K., Engel's F. (1978) Soshineniya [Compositions], part 1, vol. 415, p. 206.

Toffler E. (2003) Metamorfozi vlasti [Metamorphoses of power] – Moscow.: publishing AST, vol. 669, p. 358

Gurevish S.M. Gazeta: vshera, segodnya, zavtra (2004). – Moscow.: Aspect press, vol c. 288, p.13.

ҒТАМР 17.09.91

Тілепберген А.

PhD докторанты, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: akmoldir@list.ru

ОРЫС ЖӘНЕ ШЕТЕЛ БАСЫЛЫМДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ТАҚЫРЫБЫ

Жарты ғасырдың тарихи дамуында қазақ кеңестік әдебиеті идеологиялық және көркем биіктерге жетті, бұл бүкіл одақтық көркем әдебиеттің қазынасын толықтырып, байытуға мүмкіндік берді. Батыс және шығыс тілдеріне аударылған кітаптарды таңдау кездейсоқ емес. Халықаралық тілдердің біріне айналған орыс тілінің арқасында әртүрлі халықтардың әдебиетімен байланыс саласы кеңейді. Қазақстан шетелде жарияланған шығармалардың саны жағынан Кеңес Одағы елдерінің арасында алғашқылардың бірі болып саналады. Әртүрлі және көптеген дереккөздердегі фактілер мен деректерді салыстырмалы талдау – осы зерттеудің субъективті түсіндірмесінен аулақ болуға және жалған пікірлер мен қорытындыларды шығаруға жол ашады. Мақалада ресейлік ғалымдардың, саяхатшылардың, шенеуніктердің, куәгерлердің және әскери қызметкерлердің шығармаларында қамтылған этнографиялық және тарихи материалдардың үлкен көлемін талдау негізінде қазақтардың ерекшеліктерінің тұтас көзқарасын қалыптастыруға әрекет жасалды. Шетелдік тарихшылар үшін қазақ әдебиетінің қоржыны, өзінің ерекше тарихымен, бірегей рухани өмірімен, таңғажайып эстетикалық әлемімен таңданыс туғызды. Мақалада қазақ әдебиетіне, дәстүріне, мәдениетіне, тарихына қызығушылық танытқан шетелдіктердің еңбектеріне сілтеме жасалып, елімізді әлемге танытқан ірі тұлғалар жайлы сөз етіледі. Сонымен қатар, олардың әлем әдебиетіне қосқан үлесі жайлы жазылады.

Түйін сөздер: қазақ әдебиеті, тарих, жазушы, шығармашылық жолы, шетелдіктер пікірі, мәдениет, дәстүр.

Tilepbergen A.

PhD student of Faculty of Journalism, Al-Farabi Kazakh National University,
Almaty, Kazakhstan, e-mail: akmoldir@list.ru

Kazakh thematic in Russian and foreign publications

In the historical development of the early XX century Kazakh Soviet literature reached ideological and artistic heights, allowing to enrich the values of the All-Union fiction. The choice of books translated into Western and Eastern languages is not accidental. Thanks to the Russian language, which became one of the international languages, the area of communication with the literature of different countries expanded. In the article the authors refer to the works of foreigners interested in Kazakh literature, traditions and culture, and talk about the great personalities of our country. Kazakhstan is one of the first countries of the Commonwealth of Independent States in terms of the number of works published abroad. A comparative analysis of the facts and data from various and numerous sources seems to the author to avoid the subjective interpretation of the questions of this study and to exclude biased judgments and conclusions. The author made an attempt to create a holistic view of the Kazakhs based on the analysis of a huge amount of ethnographic and historical material contained in the works of Russian scientists, travelers, officials, just witnesses and the military. For foreign historians the niche of Kazakh literature was filled with its unique history, unique spiritual life and an amazing aesthetic world.

Key words: Kazakh literature, history, writer, creative path, publications of foreigners, culture, traditions.

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

Тілепберген А.
PhD докторант факультета журналистики,
Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: akmoldir@list.ru

Казахская тематика в российских и зарубежных публикациях

В начале XX века казахская советская литература достигла идеологических и художественных высот, позволяя обогащать ценности всесоюзной художественной литературы. Выбор книг, переведенных на западные и восточные языки, не является случайным. Благодаря русскому языку, который стал одним из международных языков, расширилась область общения с литературой разных стран. Казахстан является одной из первых стран содружества независимых государств по количеству работ, опубликованных за рубежом. Сравнительно-сопоставительный анализ фактов и данных разнообразных и многочисленных источников, как представляется автору, позволяет избежать субъективной трактовки вопросов данного исследования и исключить необъективные суждения и выводы. Автором сделана попытка создать целостное представление о казахах на основе анализа огромного количества этнографического и исторического материала, содержащегося в трудах русских ученых, путешественников, чиновников, очевидцев и военных. Для иностранных историков корзина казахской литературы была наполнена ее уникальной историей, уникальной духовной жизнью и поразительным эстетическим миром. В статье автор ссылается на работы иностранных ученых, интересующихся казахской литературой, традициями и культурой, труды казахстанских писателей.

Ключевые слова: казахская литература, история, писатель, творческий путь, публикации иностранцев, культура, традиции.

Кіріспе

«Біз қазақ деген мал баққан елміз,
Ешкімге соқтықпай жай жатқан елміз.
Еліміздің құт-береке қашпасын деп
Жеріміздің шетін жау баспасын деп
Жылқы қылын найзасына таққан елміз.
Ешбір дұшпан басынбаған елміз,
Басымыздан сөз асырмаған елміз.
Досымызды сақтай білген елміз,
Дәм-тұзды ақтай білген елміз.
Асқақтаған хан болса,
Хан ордасын таптай білген елміз.
Атадан ұл туса,
Құл болам деп тумайды.
Анадан қыз туса,
Күң болам деп тумайд
Сен темір де, мен көмір – еріткелі келгенмін,
Қазақ-қалмақ баласын теліткелі келгенмін.
Танымайтын жат елге – танысқалы келгенмін,
Танысуға көнбесең – шабысқалы келгенмін.
Сен қабылан, мен арыстан – алысқалы келгенмін,
Тұтқыр сары желіммен жабысқалы келгенмін.
Бітім берсең – жөніңді айт, бермесең –
тұрысатын жеріңді айт» –

деп, Қазбек би бабамыз жырлағандай қазақ елі киелі қасиеттері мен қонақжайлығы жөнінен еш халықты алдына салмаған елміз. Бұл, өзіміз қазақ болғандықтан мақтанғанымыз емес, расында да солай. Оған дәлел біз туралы жазған өзге ұлттың тарихи деректері. Еліміз туралы тек көршілес жатқан мемлекеттеріміз ғана емес, сонау батыс-еуропа, шығыс елдерінің тарихи жазбаларынан оң пікірлер мен көзқарастарды кездестіре аламыз.

Ойталқы

Бейжінде Қытайдың тарихи мұражайында «Сиюй туцэ» атты сирек кітап кездеседі (Sungatay S., Ezhankhanuly B.2005). Бұл кітапты 1758-1787 жылдары үш рет Іле, Балқаш сияқты жерлерді аралап шыққан маньчжур шенеунігі Мин Фу жазған. Сол кітапта берілген суретте қазақ туралы мынандай түсіндірме беріп өткен:

«Қазақ дегеніміз – Хань патшалық дәуіріндегі Давань (Ферғана) елі. Бұл елде керемет арғымақтар көп болады. Ол арғымақтар ерекше сүйекті келеді. Ішінде жирендері көп болғандықтан, бұл арғымақтарға «ханьсюема» (хан терілік арғымақ) деген ерекше атау берілген. Адамдары көшіп-қонып өмір сүреді. Әрбір жерлерінде бір вандары болғанымен, адамдарының барлығы дерлік бұйрыққа бойсынбайды. Бұлар дәнді дақылдармен азықтанбайды. Тілдері және ұстанған наным-сенімдері «хуэйцзылармен» (Цин патшалық әдебиетінде ұйғырларды осылайша кемсітіп атайды) ұқсас. Әр жылы қар ерігеннен кейін осы қазақтар, жылқы, сиыр және қойларын Тарбағатай (Шәуешек) мен Ілеге» (Құлжаға) айдап әкеліп сатады». Бұл жерде елімізді аралап жүріп, мәдениетіміз бен өркениетімізді, дініміз бен тілімізді зерттеген Мин Фудың қазақ халқына деген ерекше көзқарасын байқаймыз.

Қазақ халқының діни наным-сенімдері, ырымшылдығы ойдан ала салынған жай ғана сенім емес. Бабаларымыздың әр нақыл сөздері өмірдің талай тәжірибесінен өтіп, сараланған

дүниелер. Қазақтың жүзге бөлінуінің өзінде бір философия жатыр. Жүзге бөліну туралы кейінгі кезде «Бөлінгенді бөрі жейді» деген де қарсы пікірлер айтылуда. (Х. М. Адильгереев 1951). 1951 жылы жарияланған «История оброзования казахского народа» атты мақаласында, автор қазақ халқының қалыптасу процесі қазақ жүздерінің қалыптасуынан басталатындығын айта келіп, ең алғаш үйсін одағының негізінде б.з.б. II ғасырда Ұлы жүз қалыптасты дейді. Сонымен бірге Масудидің оғыздар Х ғасырда үшке, яғни үлкен, орта және кіші ордаларға бөлінді деген мәліметін алға тартып, оны В. Радловтың «гуз» сөзі «юз», «жуз» деген мағына білдіреді деген пікірімен дәлелдеуге тырысады да: «Таким образом, государство IX-XII веков со сталицей в г. Саганаке на Сыр-Дарье состояло из трех главных частей или племенных союзов, называвшихся старшим, средним и младшим жузами. Поэтому мы имеем основание сделать вывод, что три жуза, из которых сложилась казахская народность, существовали уже в XII в.» деп өз ойын қорытындылайды. Автордың мұндағы Ұлы жүз б.з.б. II ғасырда қалыптасты деген пікірімен келісетіндер де жоқ емес. Мысалға, Н. Мыңжан б.з.б. III ғасырда hұндардың батыс жағында өмір сүрген Ұлы Йозыларды қазақтың ұлы жүзіне теңейді: «жазба жылнамаларда олардың аты «ұлы йосі», «ұлы йозі», «ұлы жүз» түрінде кездеседі. Кейін келе бұлар «ұлы йозі» және «кіші йозі» деп екіге бөлінген. Ежелгі хансу тілінде жазылған бұл ұлыстардың атын «ұлы иүз», «кіші иүз» (ұлы жүз, кіші жүз) деп оқуға да болады». У. Шәлекенов өзінің «Қазақтың жүзге бөлінуі» атты мақаласында (Шалекенов У, 2007) қытай деректеріндегі «ұлы және кіші йозілерге» сүйеніп, қазақтардың ұлы жүзі мен кіші жүзі антикалық заманда өмір сүрген деген тоқтамға келеді. С.А. Аманжолов қазақ жүздерінің шығуын VII-XI ғасырлар еншісіне жатқызып, олардың осы аймақта тайпалық одақ құрып, өздерін-өздері қорғаған деген тұжырымға келген (С. Аманжолов, 1997). Жоғарыда келтірілген пікірлер мен болжамдарға қарағанда, С.А. Аманжолов жүздердің шығу төркінін әріден бастағанын және олардың бөлінулеріне табиғи-географиялық жағдайдың үлкен әсер еткеніне тоқталған. Заманауи тарих беттерінде мұндай болжамдар, яғни жүздердің этникалық бастауларын сақтардың, ғұндардың, түріктердің дәуірінен іздейтін гипотизалар көп кездеседі. Зерттеушілер қазіргі Қазақстан территориясында өмір сүрген ерте тайпалық бірлестіктер мен мемлекеттердің әкімшілік жүйесінде үшке бөліну фактісін анықтап, қазақ жүздері сол ғасырда құрылған немесе сол дәуірден бастау алатынын айтады. Қазақтың жүздік құрылымын сонау Сақ дәуірінен бастап қарастыратын пікірдің иесі (З. Гасанов, 2002). Ол Геродоттың төртінші кітабындағы мына оқиғаны: «Тарғытайдың Липоксаис, Арпоксаис, Колаксаис атты үш ұлы бар екен. Олар билеп тұрған кезде Сақ жеріне аспаннан алтын соқа, кісен, саптаяқ және айбалта түседі. Ұлдардың үлкені оны алғаш көріп жетіп барса, әлгі заттар шаң-тозаң болып ұшып кетіпті. Ортаншы ұлына да сөйткен... Алтын заттар кішісінің қолына түсіп Колаксаис Сақ еліне хан болыпты... сақтардың жері кең болғандықтан Колаксаис елін үш ұлына бөліп беріп, алтын сақтаған бөліміне аталық жолын беріпті» негізге алып, осы үштікті қазақтың жүздік жүйесінің бастауы деп есептейді.

Келесі пікірлер тобына В.В. Вельяминов-Зерновтың, М. Красовскийдің айтқандарын жатқызуға болады (В.В. Вельяминов-Зернов,1864). Олар қазақ жүздері XV-XVI ғасырлар шегінде Қазақ хандығының іргетасын қалаған үш ұлыстың негізінде пайда болды дейді. Қазақ хандығының іргетасын қалаған үш ұлыстың негізінде пайда болды деген тұжырымды алға тартады. Ш. Уәлиханов жүздердің шығуын Алтын Ордадағы «аласапыран» кезеңімен байланыстырса, В.В. Бартольд бұл құрылымды географиялық ерекшеліктерге сай көшпелі мал шаруашылығының жағдайынан туындаған салдарлар деп түсіндіреді (В.В. Бартольд, 1992). М. Вяткин болса, жүздердің пайда болуына экономикалық ерекшеліктер мен саяси жағдайлар әсер еткен деп жазады (М. Вяткин,1941). Қазақ халқының көшпелі өмірі, олардың тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті де өзге елдің қызығушылығын арттырғаны тарихымыздан белгілі, ол туралы қоғам қайраткері, этнограф Масанов Нұрболат Едігеұлының (Н. Масанов, 1995) еңбектерімен қатар орыс журналисі Маев Николай Алексеевичтің (Н. Маев,1871) еңбектерінде көптеп кездеседі. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында көшпелі елдің тұрмыс тіршілігі мен салт-дәстүріне байланысты көптеген ғылыми еңбектер пайда бола бастады. (Смирнов, 1887; Алекторов, 1888; Васильев, 1890; Шмидт, 1894; Остафьев, 1895; Брем, 1896 Ковалевский, 1896; Кранихфельд, 1898; Герн, 1899; Бенкевич, 1903; Диваев, 1904-1905 т.с).

Өздеріңіз байқап көрсеңіздер, қазақ халқының жүзге бөлінуінің өзі өзге ұлт өкілдерінің қызығушылығын арттырып, еліміздің тарихын зерттеп ғылыми зерттеулерін бізге арнаулары құр халық еместігіміздің айғағы.

Қазақ халқының тарихынан өзге мәдениетіміз бен ауыз әдебиетімізге қызығушылықтарын танытқан батыс-еуропа публицистерінің еңбектері де бар. Болгарияның «Халық мәдениеті» баспасынан «Қазақ халық ертегілер» (Ш. Сатпаева, А. Мусинов, 1971) жинағы жарық көрді. 1956 жылы Германия Демократиялық Республикасында қазақтың халық эпосы жайында «Алтын киіз үй» ертегілер жинағы жарық көрді. Оны Берлиндегі «Мәдениет және даму» атты ең ірі баспа үйінің бірі жариялады. Жинақ екі бөліктен тұрады, алғашқы бөлімінде «Қозы-Көрпеш және Баян Сұлу», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек» эпостары енгізілген, екінші бөлімінде, «Балтеке би», «Жақсы мен жаман», «Ермек бала», «Қырық өтірік», «Жиренше шешен және Қарашаш сұлу», «Бала мен қасқыр» сияқты ертегілер енді. Бұл жинақтың құрастырушысы белгілі жазушы және қоғам қайраткері Бела Балаш (1884-1949) болып табылады. Б. Балаш қазақ батырлық эпосы мен ертегілерін «гүлдердің таңқаларлық толықтығы, формалардың тұтастығы бар өнер туындылары» деп санайды (Ш. Сатпаева, А. Мусинов, 1971). Ол әлі күнге дейін белгісіз қазақ халық шығармаларының әлемдік әдебиеттің биік сатысында пайда болуының тарихи оқиғаға теңестірілетініне сенімді болды. Балаш өзінің асыл ісінің жемісін көре алмады, ол осы бай материалды жүйелеп, басып шығаруға үлгерместен дүниеден өтті. Қазақтың халық шығармашылығын іріктеу және өңдеуді белгілі неміс ақыны және аудармашысы Эрик Мюллер жүргізді (Ш. Сатпаева, А.Мусинов, 1971, 10-11).

ГДР-да Т. Ахтановтың «Даладағы конфессиялар» және Ә. Әлімжановтың «Махамбеттің жебесі» романы жарияланды. Ә. Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романы француз тілінде жарық көрді. Сонымен қатар, шет елдердегі газеттер мен журналдарда қазіргі заманғы ақындардың жекелеген өлеңдері үнемі жарияланып отырды. Шетелдік тарихшылар үшін қазақ әдебиетінің қоржыны, өзінің ерекше тарихымен, бірегей рухани өмірімен, таңғажайып эстетикалық әлемімен таңданыс туғызды.

Қорытынды

Батыс және шығыс тілдеріне аударылған кітаптарды таңдау кездейсоқ емес. Халықаралық тілдердің біріне айналған орыс тілінің арқасында әртүрлі халықтардың әдебиетімен байланыс саласы кеңейді. Қазақ өнерінің әдебиеті әлемнің көптеген елдерінде ұлы ұлттық элемент ретінде қабылданады, ол өзін-өзі тану және халық мәдениетімен байланысы бар бай мәдениет ретінде ең бай социалистік өнердің органикалық бөлігі болып табылады. Бұл көптеген елдердегі ең үздік қазақ шығармаларын басып шығарумен қатар, олардың журналдар мен газет беттеріне, ғылыми кітаптарға және танымал оқулықтарға жоғары баға берген жетекші шетелдік жазушылар, сыншылар мен оқырмандардың көптеген мәлімдемелерімен де дәлелденді. Батыс Еуропаның Андре Стиль, Регион Бержерон, Альфред Курелла, Херберт Кремпьен, Эрхер Хекселшнейдер, Имре Тренчен-Вальдапфель, Людек Грзебичек, Франтисек Сукуп және т.б. сияқты жазушылар мен ақындардың пікірінше қазақ әдебиетінің идеологиялық және көркемдік құндылықтары шығармаларда айқын көрініс тапқанын айтады.

Қазақ әдебиеті ғасырлар тереңдігінде тамырланған эпикалық және лирикалық дәстүрлермен сипатталады. XIX ғасырдың ортасына дейін барлық жанрларды (әсіресе ерлік әндерін, лириканы, әндерді, ертегілер мен аңыздарды) қамтитын бай халықтық поэзия қазақ халқының бұрынғы және қазіргі өмір туралы өз көзқарастарын, әдемі болашағының армандарын жалғыз паш етті.

«...Мен Мұхтар Әуезовтің мұражайында болдым, содан кейін ғана мен қазақ және қырғыз халқының алдында қарыздар екенімді түсіндім. Әуезовті әйгілі жазушы ретінде танитынмын. Енді мен осы тұлғаның басқа қыры: әлем халықтарына көптеген еңбек жазғанын, шешен, ғалым, қоғам қайраткерлігімен таныстым. Бәлкім, өткен ғасырларда мұндай адамдарды пайғамбарға теңеуге болар ме еді» деп Хексельншейдер Әуезовтің мұражайынан кейін алған әсерін осылай жеткізген (Ш. Сатпаева, А. Мусинов, 1971, 15 б).

Өздеріңізге белгілі, XX ғасырдың тарихи дамуында қазақ кеңестік әдебиеті идеологиялық және көркем биіктерге жетті, бұл бүкіл одақтық көркем әдебиеттің қазынасын толықтырып, байытуға мүмкіндік берді. Жас қазақ кеңестік әдебиеті, ұлттық өмірдің барлық салаларындағы тың мәселелерді көтерді, соның арқасында оның бүкіл одаққа танылуына әкелген осындай көркемдік құндылықтар пайда болды. Нәтижесінде ол біздің елімізге деген тыс жерліктердің қызығушылығын туғызды. Орта Азия мен Сібірді зерттеп, еліміздің шетелге таныстыруда үлкен үлес қосқан орыс ғалымы, этнограф, тарихшы Г.Н. Потанин 1877 жылы, Ертіс өзені жайында «Ертіс өзенінің жоғарғы жағында болғанда көзімнің жеткені, бұл жер, адамзаттың нағыз

отанындай. Өзен алғашқы адамдардың анасындай болса, тау шыңдары олардың әкесіндей. Адам ата мен Хауа ананың жұмағы осы Ертіс өзенінің бас жағы» деп жазған (Е.К. Рахимов, Е. Касен, 2005). Ал, «Шығыстың алғашқы шұғылалары» атты өзінің еңбегінде, Ресей империясына қарасты бұратана халықтар өмірінен қызықты салыстырулар келтіре отырып, екі қайраткер ғалымның бурят ұлтынан шыққан Дорджи Банзаров пен қазақ ұлтынан шыққан Шоқан Уәлиханов туралы былай деп жазады: «Көптеген Сібір халықтарының арасынан тек қана бурят және қазақ ұлтынан ғана орыс білімділер қоғамының қатарына қосылған бурят Дорджи Банзаров және қазақ Шоқан Уәлиханов» деп жазады (Г.Н. Потанин, 2005).

Қазақстандық авторлардың шығармалары Батыс пен Шығыс халықтарының көптеген тілдеріне аударыла бастады. Қазақстан шетелде жарияланған шығармалардың саны жағынан Кеңес Одағы елдерінің арасында алғашқылардың бірі болып саналады. Шынында, Абайдың өлеңдері, М. Әуезовтің романдары, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Ғ. Мұстафин, Т. Ахтанов, Ә. Нұрпейісов, Б. Момышұлы, А. Әлімжановтың шығармалары көптеген шетел тілдеріне аударылып, жарық көре бастады. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында «Дала фольклорының антологиясын» жасау керек. Мұнда Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері – ертегілері, аңыз-әфсаналары, қиссалары мен эпостары жинақталады. Сонымен қатар, қазақтың қобыз, домбыра, сыбызғы, сазсырнай және басқа да дәстүрлі музыкалық аспаптарымен орындауға арналған маңызды туындылар топтамасын – «Ұлы даланың көне сарындары» жинағын басып шығару қажет...» (Н. Назарбаев, 2018) деген бағдарлы ойына сәйкес алдағы уақытта шетелдіктердің қызығушылығын танытатын тарихымыз, салт-дәстүріміз, ауыз әдебиеті мен фольклорлық әфсана ертегілерімізді шет тілдеріне аудару тыңғылықты қолға алынса құба-құп болар еді.

Әдебиеттер

Адильгереев Х.М. (1951) К истории оброзования казахского народа. // Вестник АН Каз ССР. №1 (70). – С. 81-96.

Аманжолов С. (1997) Вопросы диалектологии и истории казахского языка. – Алматы: «Санат», –608 с.

Бартольд В.В. (1992) История Туркестана // Труды Туркестанского государственного университета, выпуск II.-7-б

Брем А. Степные кочевники-скотоводы // нива. – 1896. – Ежемесячное приложение. – №1.

Вельяминов-Зернов В.В. (1864) Исследование о Касимовских царях и царевичах. Ч.2. СПб., – 382-383 с.

Вяткин М. (1941) Очерки по истории Казахской ССР. – М., – 97-102 б

Гасанов З. (2002) Царские скифы. Этноязыковая идентификация «Царских скифов» и древних Гузов. Нью Йорк

Герн В. Характер и нравы киргиз-казахов. Скотоводство у киргизов. Из записной книжки // ПКСО. – 1899. – Вып. III. – С. 1-33.

Диваев А. Из области киргизского скотоводского хозяйства // ТВ. – 1904. – №102; 1905, – № 4.

Ковалевкий В.И. Производительные силы России. Характеристика различных отраслей народного труда. – СПб., 1896.

Масанов Н. (1995) Кочевая цивилизация казахов. – Алматы: Социнвест.

Маев Н. А (1871) Очерки истории киргизского народа с 1732 по 1868 г.ТВ . – № 3.

Маев Н. А (1872) Топографический очерк Туркестанского края. Орография и гидрография края. Сборник издании по поводу политической выставки. – М., – С. 7-115.

Назарбаев Н.Ә. (2018) Ұлы даланың жеті қыры // «Айқын» газеті 21 қараша

Остафьев В.А. Колонизация степных областей в связи с вопросом о кочевом хозяйстве // ЗЗОРГО.-1895 – XVIII.-Вып. 2.-с. 1-61.

Потанин (2005) Г.Н. Избранное (в трех томах). – Павлодар, «ЭКО»

Рахимов Е.К., Касен Е. (2005) В поисках наследия Г.Н. Потанина. Звезда Прииртышья,

Сатпаева Ш. К., Мусинов А. О. (1971) «Казахская литература в оценке зарубежной критики». – Алма-Ата

Сұңғатай С., Ежанханұлы Б.(2005) «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері. II том». Алматы, Дайкпресс, 84-85 б.

Шәлекенов У. (2007) Қазақтың жүзге бөлінуі // Жалын №11. – Б. 2-9.

References

Adylgereev Kh.M. (1951) K istorii obrazovanya kazakhskogo naroda [To the history of education of the Kazakh people]. Vestnik An KazSSR, vol. №1 (70) – pp. 81-96

Amanzholov S. (1997) Voprosy dyalektologyy i istorii kazakskogo yazyka [Questions of dialectology and history of the Kazakh language]. Sanat-Almaty, vol. 608. pp. 106.

Bartold B.B (1992) Istorya Turkestana. [History of Turkestan] Tashkent, pp.7

Brem A. Stepnyye kochevniki-skotovody [Steppe nomadic herdsmen] //Niva.-1896.– Yezhemesyachnoye prilozheniye.-№1.

Vylyaminov-Zernov.V, (1864) Issledovanye o Kasymovskyh tsaryah I tsarevychakh [Study on the Kasimov kings and princes]. Ch.2.SPb-Moskow-Russia, 382-383

Vyatkyn M. (1941) Ocherky po istoryy Kazakhskoy SSR [Essays on the history of the Kazakh SSR]. Moskow-Russia, pp. 97–102

Gasanov Z. (2002) Tsarskye skyfy. Etnoyazykovaya identifikatsya 'Tsarskyh skyfov I drevnyh Guzov' [Royal Scythians. Ethnolinguistic identification of "Royal Scythians" and ancient Guz]. New York, vol. 300 pp. 159.

Gern V. Kharakter i nravy kirgiz-kazakov. Skotovodstvo u kirgizov. Iz zapisnoy knizhki [Character and morals of the Kyrgyz-Cossacks. Cattle breeding in Kyrgyz. From the notebook]//PKSO.-1899– Vyp. III.-S. 1-33.

Divaev A. Iz oblasti kirgizskogo skotovodcheskogo khozyaystva [From the region of the Kirghiz cattle farm] //TV.-1904.– №102; 1905,-№ 4.

KovalevskyV.I. Proizvoditel'nyye sily Rossii. Kharakteristiki razlichnykh otrasley narodnogo truda [Productive forces of Russia. Characteristics of various branches of national labor].– SPb., 1896

Masanov N. Kochevaia tsivilizatsiia Kazakhov [Nomadic civilization of the Kazakhs]. Almaty: Sotsinvest, 1995;

Mayev N.A. Ocherki istorii kirgizskogo naroda s 1732 po 1868 gg. [Essays on the history of the Kyrgyz people from 1732 to 1868.] //TV – 1871.-№ 3.

Mayev N.A. Topograficheskiy ocherk Turkestanskogo kraya. Orografiya i gidrografiya kraya [Topographical sketch of the Turkestan region. Orography and hydrography of the region] // Russkiy Turkestan. Sbornik, izdannyy po povodu politekhnicheskoy vystavki.– Vyp. I.– Geografiya i statistika.– M., 1872.-C. 7-115

Nazarbaev N. (2018) Uly dalanyn zhety kyry [Seven facets great steppe] Aigyn-Kazakhstan.

Ostafyev V.A. Kolonizatsiya stepnykh oblastey v svyazi s voprosom o kochevom khozyaystve [Colonization of the steppe regions in connection with the issue of nomadic farming] // ZZSORGO.-1895 – Kn. XVIII.-Vyp. 2.-S. 1-61.

Potanyn G.N (2005) Yzbrannoe (v trekh tomah)[Favorites in three volumes].-Pavlodar-Kazakhstan.

Rakhimov E.K., Kasenov E.V. (2005) V poyskax nasledya G.N Potanina.[in search of heritage] Zvezda Pryyrtyshya.

Satpayeva. Sh.K., Musinov A.O.(1971) Kazakhskaya literature v otcenke zarubezhnoy kritiki [Kazakh literature in the evaluation of foreign criticism]. Almaty-Kazakhstan

Sungatay S., Ezhankhanuly B. (2005) Kazakhstan tarykhy turaly Kitay derektemelery II tom [Chinese Requisites on the History of Kazakhstan]. Daykpress-Almaty, vol. 80, pp. 84-85

Shalekenov U. (2007) kazakhtyn zhuzge bolinuy [division of the Kazakhs into juzy]. Zhalyn №11-Kazakhstan. pp 2-9

ҒТАМР 19.01.05

[1]Әлімхан Ә., [2]Жетпісбаева М., [3]Мамырова К.

[1]магистрант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: aziza.alimkhan96@mail.ru
[2]филос.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: Meirkul.7668@gmail.com
[3]аға оқытушы, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: Kulaiym1801@gmail.com

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ИМИДЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БРЕНДИНГТІҢ ЫҚПАЛЫ

Мақалада ғылыми-теориялық, тұрмыстық ерекшеліктерді пайдалана отырып, талдау, салыстыру басты негізге алынған. Жалпы бренд қалыптастыру бүгінде сұранысқа неліктен ие, оның өзіндік қажеттілігі бар ма, тұтынушы үшін тиімділігі қаншалықты деген сұрақтарға жауап бере отырып, тақырыптың ғылыми қажеттілігіне де мән беру көзделді. Біздің елімізде ұлттық брендтің қалыптасуының дәрежесі, өсуі мен дамуы саралана отырып, ерекшеліктеріне тоқталды. «Қазақстанның имиджін қалыптастырудағы ұлттық брендингтің ықпалы» тақырыбына тоқтала отырып, ұғымның мәнін ашу, брендтің қазіргі заманға сай ерекшеліктеріне тоқталу мақаладағы басты негізге алынған нысан болды. Сонымен қатар, еліміздегі ұлттық брендтің қалыптасу маңыздылығы мен мәнін анықтау басты назарға алынды.

Мақаланың мақсаты – жаңа брендті жасау технологиясын дамытуға, қолдауға бағытталған брендингпен және көптеген шаралар кешенімен байланысты ғылыми маңыздылықты анықтау болып табылады. Ғылыми және қоғамдық мәні болғандықтан мақалада баяндау әдісі, сонымен қатар, БАҚ ақпараттарын салыстыру, талдау әдістерін қолдана отырып, тақырып өз деңгейінде талданды. Зерттеу барысында ғылыми айналымға отандық брендтің қалыптасу ерекшеліктеріне тоқтала отырып, бағыттарын ұғыну аясында қызығушылық білдіретін кейбір мәліметтер қолданылды. Негізінен бренд қалыптастыру бүгін сұранысқа ие ме, оның өзіндік қажеттілігі бар ма, тұтынушы үшін тиімділігі қаншалықты деген сұрақтарға тоқтала отырып, тақырыптың ғылыми қажеттілігі ескерілді. Еліміздегі ұлттық брендтің қалыптасуының дәрежесі, өсуі мен дамуы сараланып, ұсынылды.

Мақаланың негізгі міндетінің бірі – еліміздегі ұлттық брендтің қалыптасу маңыздылығы мен мәнін анықтау болып отыр.

Түйін сөздер: нарық, ұлттық бренд, бренд, брендинг.

[1]Alimkhan A., [2]Zhetpisbaeva M., [3]Mamyrova K.

[1]Master's degree in journalism, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty.
e-mail: aziza.alimkhan96@mail.ru
[2]Candidate of Philosophical Science, Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: Meirkul.7668@gmail.com
[3]Senior teacher, Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: Kulaiym1801@gmail.com

The influence of national branding on the image of Kazakhstan

This article analyzes and compares scientific, theoretical, and everyday phenomena. In general, the idea of creating a brand depends on the current demand: whether it has its own needs or not, and how effective it is for the consumer. Were identified features of our country, emphasizing the degree of formation, growth and development of the national brand. A link to the theme "The influence of national branding on the formation of the image of Kazakhstan" was the essence of the concept, and the emphasis on the modern features of the brand became the main object of the article. The importance and meaning of the formation of a national brand in the country were taken into account.

© 2019 Al-Farabi Kazakh National University

The purpose of the article is the scientific relevance associated with branding and a set of activities aimed at creating, developing and maintaining completely new technologies. According to their scientific and social significance, the article used the methods of reporting and descriptions, as well as comparison and analysis of the facts received from the media. The study took into account some facts of scientific interest on the concept of trends in the domestic brand. The article focuses on the relevance of the topic. The scientific relevance of this topic is also a subject of discussion: is it in demand today, is it needed, does it have concrete effectiveness for the consumer or not. The degree, growth and development of the national brand in our country were analyzed and presented in the article. One of the main goals of the article is to determine the importance and significance of the formation of a national brand in our country.

Key words: market, national brand, brand, branding.

[1]Алимхан А., [2]Жетписбаева М., [3]Мамырова К.

[1]магистрант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: aziza.alimkhan96@mail.ru
[2]кандидат философских наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: Meirkul.7668@gmail.com
[3]старший преподаватель, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: Kulaiym1801@gmail.com

Влияние национального брендинга на имидж Казахстана

В данной статье сделан анализ национального брендинга и сравнение научных, теоретических методов измерений репутации страны. В целом идея создания бренда зависит от нынешнего спроса: имеет ли он собственные потребности или нет и насколько он эффективен для потребителя. Были выявлены особенности нашей страны, подчеркивающие степень формирования, роста и развития национального бренда. Целью статьи является исследование степени воздействия национального брендинга на имидж Казахстана. В статье использовались методы отчетности и описания, а также сравнения и анализа фактов, информация из средств массовой информации. В ходе исследования были приняты во внимание некоторые факты, представляющие научный интерес в связи с развитием тенденций отечественного бренда. Научная актуальность этой темы также является предметом обсуждения: востребован ли национальный брендинг сегодня, нужен ли он, имеет ли конкретную эффективность для потребителя. Одной из основных задач статьи является определение важности и ценности формирования национального бренда в нашей стране.

Ключевые слова: рынок, национальный бренд, бренд, брендинг.

Тақырыптың өзектілігі негізінен бүгінгі заман талап етіп отырғандай, бренд қызметінің, жалпы осы терминнің қолданылуының қажеттілігінен туындап отырғаны анық. Жалпы алғанда бренд ұғымы, оның ішінде оның қалыптасуына байланысты мәселелер, соның ішінде ұлттық брендингтің қажеттілігінің өзекті болуы әр кезде де маңызды екені айқын. Ол заман талабына тікелей байланысты. Біз сөз еткелі отырған тақырыптағы брендингтің негізгі мақсаты – брендтің нақты бейнесін жасау және нақты бағытталған қызмет қалыптастыру, оның ерекшеліктерін айқындау. Брендинг негізгі нарықты зерттей отырып, өз мақсатына жетуді көздейді. Белгілі бір өнімге сұранысты арттыра отырып, негізгі атауды қалыптастырып, тауар белгісі, фирмалық стиль және тағы басқа мүмкіндіктермен жұмыс жасайды, брендтің негізгі идеясын айқындайды, жолға қояды. Ол негізінен тұтынушыны ұстаудың және өнімді тартудың жоғары тиімді технологиясы болып табылатыны белгілі. Сондықтан «брендинг» ұғымы бұл стратегиялық маңызды тұтынушылар тобын қалыптастыру, қалыптасқан топты дамыта отырып, қолдау көрсету қажеттігіне қызмет етеді. Мақсат етіліп қойған брендті қалыптастыру технологиясын жасау, дамыту, қолдау негізіндегі жұмыстар брендингпен тікелей байланысты болары сөзсіз.

Зерттеу нәтижесінен байқағанымыздай, «бренд» ұғымының екі қыры бар деп тану қажет: оның алғашқысы материалды тану, келесісі, моральды тану болып табылады. Сонымен қатар, бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланыста екені түсінікті. Енді материалды тануға тоқталсақ, қандай да бір белгілі сауда маркасын оның логотипі арқылы анықтау өзіндік маңыздылық танытатынымен байланысса керек. Ұсынылған сауда маркасының логотипін көрген кезде оның шығарған өнімдерінің қаншалықты сапалы, қызметі қаншалықты қолжетімді, ортадағы беделі қандай дәрежеде деген ой адам санасында жаңғырары анық (Аакер Д.А. 2003, 2007).

Енді бренд ұғымы айналамызбен тығыз байланысты екендігі сөзсіз. Оның ішінде ұлт және ұлттық құндылықтарымызға ұғымның тікелей қатысты екені де белгілі. Шынында бренд ұғымы туралы айтылғанда кез келген халықтың даналық ойы, өзіндік танымы мен ұлттық талғамы, айналаға қадір-қасиеті, зияткерлік қабілеті, бойындағы ар-намысы мұндалап тұрады. Біз өзіміз үшін құнды дүниемізді «ұлттық брендке» айналдыруды көздесек, сапасының дұрыстығымен ғана емес, аталуымен де «қазақтікі» дейтіндей «ұлттық брендтер» қалыптастыру басты мақсатта болуы керек. «Атау – кез келген брендтің әрі қарайғы тағдырына қатысты болатын алғашқы негізі болып табылады» деген ой дәлдікті қажет етеді (А.В. Буланов, 2013).

Біздің еліміздегі бренд атаулары лингвистикалық тұрғыдан жүйелі топтастырылмаған деген пікірлер бар. Жалпы алғанда атаулары ғана алуан түрлі емес, жасалуы мен орфографиялық нормасы, сондай-ақ, қолданыс белсенділігі түрліше болатындықтан, лингвистикалық тұрғыдан топтастыруды қажетті теориялық ақпараттарға негіздеп жасаған жөн (Капферер Ж.Н. 2007).

Негізінен ақпараттарға сүйенсек, Қазақстандағы белгілі атауларды ұлттық брендтер және кірме брендтер деп бөліп қарастырады.

Ал мақаланың негізге алған нысаны – ұлттық брендтер болмақ. Ұлттық бренд туралы сөз қозғағанда отандық тауарларды, яғни ұлттық өндіруші брендке тоқталамыз. Мысалы, ұлттық әлауқат қоры «Самұрық-Қазына», «Халық банк», «Қарағанды конфеттері», «Рахат», «Баян-Сұлу», «Таң», «Тандем», «Сарыағаш», «Қазақтелеком», «Қазпошта» сияқты бүгінде брендке айнала алған өзіміздің қазақтың иісі аңқып тұрған, атауы да ұлттық болмысқа тән дүниелерді атаймыз. Оны атап көрсетіп отырған себебіміз өнімнің атауы естілген кезде біздің ұлттық мүмкіндігіміз байқалып тұрғаны абзал. Міне, сол себепті кез келген өнімге атау беруде оған мән беру қажет екендігін есте ұстау қажет. Дегенмен, ұлттық құндылыққа байланысты атауды неге беріп жатырмыз дегенді ойлану аса маңызды. Мәселен, «Домбыра» атауы алкогольдік ішімдікке берілген, бұл қаншалықты құрмет немесе маңызды? Сондықтан, оған шектеу болғаны да абзал. Тіпті құлаққа түрпідей тиеді. Қазақы болмысты бұлай көрсетуге жол берілмеуі керек. Ал бұған керісінше, «Наурыз», «Рахмет» шайлары, «Қазпошта», «Айқап», «Атамекен», «Айналайын» сүтінің атаулары жақсы қойылған, бірақ, атау тауардың сапасына жауап бермейтінін есте сақтаған жөн. Жалпы өз елімізде өндірілетін тауарлардың атауларының (брендтердің) ана тілімізде аталып, осы елдің тіліне негізделгені дұрыс екені сөзсіз. Сондықтан, Отандық бренд жасауға әрекет жасаушылар осыны ескерулері қажет шығар деп ойлаймын (О. Қосай, 2015).

Біз сөз етіп отырған ұлттық бренд – көлемді тақырып, бұл жерде халқымыздың ұлттық ерекшеліктері басты назарда болады, менің ойымша, ұлттық құндылығымыз қазақтың киіз үйі мен қымызы, музыкалық аспабы қобызы мен домбырасын ұлттық брендіміз десек артықтық етпес, себебі, ол біріншіден, шындығында біздің ұлтқа ғана тән құндылығымыз, екіншіден, бізге ғасырлар бойы шынайы дарып, қалыптасқан құндылық. Яғни, тарих. Ал еліміздегі брендтің тарихына тоқталудың маңыздылығы дәл бүгінгі күні еліміздің имиджін көтеруге үлес қосу – бағытында қажетті фактордың бірі. Себебі, қандай мемлекет болсын, өз брендінің қалыптасуына көңіл бөле отырып, оның маңыздылығына мән беретін болса, ол елдегі нәтижелі істің жемісті болуына жетелеп, бағыттайды. Өзінің өндіретін тауарына ұлттық болмысымызға тән атау беріп қана қоймай, белгілі бір ортада мүмкіндігінше бренд жасап отырған кәсіпорындар елімізде бар екендігін жоққа шығара алмаймыз. Олардың дамыту, қолдау қоғамның үлесінде екендігі де даусыз. Алайда «қазақтікі» деп тайға таңба басқандай ерекшеленетін ұлттық брендті қалыптастыру әлі де уақыт еншісінде. Негізінде ұлттық рухқа, болмысымызға лайық ұлттық бренд атауларының көбеюіне кәсіпкерлер жұмыс жасаса мерейіміз өсе түсетіні рас.

Осыдан біраз уақыт бұрын Елбасының алдыңғы қатарлы 30 елдің қатарына енуге талпыныс жасау қажеттігін ұсыну Қазақстанның ұлттық имиджін қалыптастыруға бағытталған негізгі қадамның бірі екендігі түсінікті. Ал оны қалыптастыруда ұлттық брендтің өзіндік үлесі зор екендігі анық («Ана тілі», 2015).

Бізге қажетті ұлттық брендтің жоғары деңгейде болуының ерекшелігі неде? Ол инвесторлар мен сауда серіктестері үшін және елімізді көргісі келетін туристер үшін маңыздығы басым. Елді танытудың бір құралы десек артық емес. Брендті дамыту Қазақстан үшін экономиканы дамытуда маңызды және ол нақты қадамдармен жүзеге асырылуы тиіс. Ұлттық өзіндік имиджді қалыптастыру Қазақстанның ұлттық ерекшеліктерімен толықтырылса маңызды болатыны сөзсіз. Сондықтан, ұлттық өнімдерді өндіруге кәсіпкерлер мән берсе дұрыс болар еді. Осы орайда, халқымыздың болмысын танытатын брендтер қалыптасып жатқанын, мүлде жоқ деу-

ге болмайтынын айту керек. Яғни, аты да, заты да қазақы брендтер бар.

Мәселен, бүгінде елімізге белгілі ұлттық үлгідегі өнім өндіретін «Әдемі-Ай» компаниясы туралы сөз қозғасақ болады. Компания 19 жылдан бері өз жұмысын халыққа ұсынып келеді. Және бүгінде танымал, белгілі ұжымға айналды. Ұлттық ою-өрнекті қолөнер бұйымдарын, кәдесыйлар өндіретін компанияның өнімдері сұранысқа ие, халықтың көңілінен шығып отыр. Қазақстанның барлық қалаларында дерлік бөлімшелері бар. Алайда тауарларының нарықтағы бағасы арзан деп айта алмаймыз, қарапайым жұртқа оны алу қиындық тудырары сөзсіз. Ұсынылатын кәдесыйлардың бағасы 20 мың теңгеден жоғары, ал ұлттық нақыштағы жібек орамалдардың бағалары 11 мың теңгеге жуық, әрине бұйымдардың дизайны және сапасы басқалармен салыстырғанда ерекше, сондықтан сапасына қарай бағасы да қойылып отырғаны анық. Не десек те "қазақы" иісі аңқыған өнімдерімен нарықта өз орындарын анықтап алған ұлттық бренд өндіретін компания ретінде мойындауымыз қажет (M.Te, 2017).

Тақырыпты зерттей отырып, ұлттық бренд қазақы атымен елеңеткізген "Қуырдақтың көкесі" мейрамханасы болды. Шынында, мейрамханада қуырдақтың өзінің ғана 12 түрі жасалады. Бұл мейрамхананың тағы бір ерекшелігі апта сайын арнайы қонақ шақырылып, әңгіме-дүкен құрып, халыққа белгілі, беделді тұлғалар дастархан басында өздерін толғандырған тақырыптарды айтып, ортаға тастай алады. Бұл да ұлттық бренд қалыптастырудың бір жолы және өте дұрыс ұйымдастырылған жұмыс екендігіне дау жоқ.

Ұлттық бренд қалыптастыруға талпыныс жасап жатқан компанияның бірі – "Mukajan" – негізінен ұлттық бұйымдар жасаумен айналысатын жас компания болып табылады. Олар ұлттық бағыттағы жол дорба, әмиян, ұялы телефонға арналған чехолдар, сөмке жасауды жолға қойған. Барлық ұсынылатын бұйымдар қолдан жасалады, соған байланысты өнімдердің бағасы да қымбат. Шағын ғана шеберханадан шықса да, компания өнімдері сұранысқа ие. Бұл нені дәлелдейді? Өзіміздің ұлттық нақыштағы заттарды тұтынушылардың санының көптігін білдіреді. Яғни, нарықта қажеттілік туындап отыр.

"Бала болашығымыз" деген пікірді жиі айтамыз, естиміз. Дегенмен, осы балалар үшін, яғни болашақ үшін не істеп жатырмыз дегенге көп бас ауырта бермейміз. Осы орайда баланың танымдық дамуы туралы сөз қозғағым келіп тұр. "Ұлт боламын десең, бесегіңді түзе" деген екен заманымыздың кемеңгері М. Әуезов. Олардың болашағы кімді болсын алаңдатуы тиіс. Осы бағытта алғаш баланың дамуына қазақша ықпал ететін ойыншық өндіруді қолға алған Қыдырәлі Болмановтың компаниясы туралы айтқан орынды болар. Аз уақытта қазақы брендке айналған ойыншық өндіруге барын салып отырған Қазақстандағы бірден бір компания "Бал бала" екендігінен ақпарат көздерінен, интернет ресурстарынан қанықпыз. Ел ертеңі баланы жанжақты дамытуды көздейтін ойыншықтардың прототипі өзіміздің ертегі кейіпкерлері екені де қызығушылық тудырып отырғаны анық. Тазша бала, Алдар Көсе, Ер Төстік бейнесіндегі ойыншықтарға сұраныс қажет болғандықтан, брендке айнала бастады. Аталған ойыншықтардың ерекшелігі қазақша сөйлеп, қазақша ән айтатындығы, сонымен қатар, компания күй ноталары, мақал-мәтелдер, батырлар жыры жазылған кітаптармен де өз жұмысын жандандырып отыр. Бұл кітаптарда берілген интербелсенді қаламын кітаптың бетіне жүргізгенде бата не жыр айтылады, ол баланың тілінің дамуына, дұрыс сөйлеуіне өз үлесін қосатыны анық.

Жоғарыда атап өткеніміздей, ұлттық брендинг мәселесі ел экономикасын жолға қоюда маңызды рөл атқарады. Сондықтан, тәжірибе, яғни, басқа мемлекеттердің тәжірибесімен таныса отырып, қажеттісін өзімізге алу еліміздің әлемдік нарықтағы бейнесін жасауға атсалысады, сол себепті, ел брендін жасаудың дұрыс стратегиясын ұсыну жұмыстарын жолға қою осы жерде маңыздылыққа ие. Менің пайымдауымша, ұлттық брендингтің негізгі стратегиясы елді алдыға шығару болғандықтан мемлекеттік тұрғыда көптеген қолдаулар жүргізіп отыр (Е.Е. Румянцева, 2006).

Сөз етіп отырған ұлттық брендті қалыптастыруда талмай еңбектенумен бірге үлкен қаржы қажет екендігі айтпаса да түсінікті. Осыған байланысты мемлекет кәсіпкерлер үшін көптеген жобалар қарастырған. Алысқа бармайақ, өткен жылдары ел брендін қалыптастырып, елімізді таныстыруда көп ықпал еткен Азиада ойындары, 2017 жылғы EXPO көрмесі туралы ауыз толтырып айтсақ болады. Оның барлығы елімізді әлемге танытудың бір көрінісі, бір парағы. Менің ойымша, «Қазақстан», «Қазақ елі» деген брендті әлемдік тұрғыда таныту үшін бірінші ұлттық брендтің қажеттілігін өз халқымыздың санасында оятуымыз аса қажет. Сонда ол сұранысқа ие болады. Және адамның санасында менің ұлтыма, еліме қатысты деген сезім орнайды.

Ұлттық бренд ұғымының негізі елімізді жанжақты дамыған өнеркәсіпті ел ретінде таныту болып отырғаны айқын болғандықтан, оның маңыздылығы бәрімізге түсінікті. Мүлде жұмыс жоқ деп айтуға болмас, мәселен интернет ресурстарынан Германиядағы азық-түлік дүкендерінен біздің елдің ет кеспелерін, Испанияда – қазақстандық көксеркені, Швейцарияның мамандандырылған спортмаркеттерінен – велосипедті, Үндістан мен Еуроодақ елдерінде – көпшіліктің сүйікті тәттісіне айналған шоколадты, Нью-Йорктің шағын дүкендерінде отандық спорт костюмдерін көруге болатыны кез келген қазақстандықтың мақтаныш сезімін оятып, қуанышқа бөлері сөзсіз. Сондықтан, елді шет елге танытуға бағытталған бренд қалыптастырудың алғашқы қадамдары жасалып жатыр деп айтуға болады.

Жалпы бренд туралы сөз қозғағанда еліміздің сән саласында айта кетуіміз керек. Мысалы, белгілі сәнгер Құралай Нұрқаділованы көптеген елдер біледі. Еліміздің оның компаниясы шығарған өнімдер бренд екені белгілі. 1995 жылы өзінің авторлық сән үйі «Kuralai» негізін қалап, бүгінде танымалдылыққа ие болды. Оның дәлелі 2007 жылы «Harper's Bazaar» журналының нұсқасы бойынша «Жыл адамы» және «Ernst & Young» компаниясының ұсынысы бойынша «Жыл кәсіпкері» атануы десек болады. Бұл бренд қалыптастыруда өз ықпалын жасамай қойған жоқ. Сонымен қатар, Кореяда 2010 жылы қазақстандық сән әлемінің тарихында алғаш рет халықаралық деңгейдегі «Әлемдік шебер» атағын алуы Құралай Нұрқаділованы ел мақтанышына айналдырып, оның басқа елдегі мерейін үстем етті. Еліміздегі брендтерді қалыптастыруда біраз еңбек етіп жүрген сән саласының өкілдерінің бірі – италяндық сән мектебін аяқтаған Аида Кауменова. Ол 2006 жылы өзінің «Aida KaumeNOVA» атты авторлық үйін ашып, 2008 жылы Қазақстанның олимпиадалық құрама тобының спорттық киімдерін жасайтын комиссия құрамына енуі арқылы өз еңбегінің жемісін көрсетсе керек. Аида Кауменованың киімдері отандық шоу-бизнес өкілдерінің арасында сұранысқа ие екендігі әр қазақстандыққа мәлім.

Бүгінде елімізде бренд қалыптастырып отырған, әйгілі қазақстандық сәнгер, суретшілер еңбегінде айта кетсек жөн болар, яғни, «Сымбат» сән үйінің арт-директоры – Балнұр Асанованың еңбегі, ол Мәскеуде өткен ұлттық костюмдердің халықаралық жоғары сән байқауларының бірнеше дүркін жеңімпазы атанған, және де Вашингтон, Мәскеу және Дубай сияқты қалаларда өтетін сән апталықтарының қатысушысы ретінде өзінің тәжірибесін үнемі жетілдіріп отырады. Балнұр Асанова өзінің "Сымбат" сән үйін аяғынан тік тұрғызып, белгілі кәсіпке айналдырып отырғаны ел экономикасына қосқан үлестерінің бірі деп қабылдаған дұрыс. Енді осы салада Лария Джакамбаеваның 2008 жылдан бері өзінің Lariya атты өз брендін шығаруы, Photoartta өткізілген көрсетілімдерге қатысуды, қазақстандық сән апталығына қатысуды дәстүрге айналдырған сәнгерлердің бірі. 2012 жылы «Вся Европа» журналының нұсқасы бойынша Лария «Үздік сәнгер» атанғанын, Сант-Петербургте өткен AuroraFashionWeek көрсетіліміне қатысуын атап өтсек болады. Яғни, сәнгер өз брендін жасауды мақсат ете отырып, Қазақстанды шет елге танытуға да атсалысып отыр. Бұл сәнгерлерді атап өтуіміздің де себебі, әр кәсіпкер өз кәсібін дөңгелете отырып, ұлттық брендингтің қалыптасуына мүмкіндік тудыратынын айту болатын.

Бренд мықты және әлсіз болуы шарт. Осыны анықтауда сапалық және сандық сараптаудың түрлі тәсілдерін қолдану маңызды. Осыған байланысты ел брендингін бағалаудың маңызды критерийлерінің бірі БАҚ, ғаламтор, әртүрлі шақырулар болып табылатыны да бізге таңсық емес. Міне, сол себепті де имидж бен Қазақстанға деген барлық көзқарастарды сараптап, елімізге басқа мемлекеттердің қарым қатынасын, шетелдік БАҚ-қа жарияланған материалдарды сараптау арқылы, қорытынды шығарып, қателіктерді түзету, сол бағыттардағы жұмыстарды дұрыс жоспарлау мемлекет үшін қажетті. Басты мақсат Қазақстанның ұстанымдарын нығайта отырып, елдің әлемдік аренадағы беделін көтеру – имидж, бренд қалыптастыру болса керек. Бүгінгі қолданыстағы терминдермен түсіндірсек, бренд – мемлекеттің визиттік карточкасы деп айтуға толық негіз бар. Сондықтан, бұл мәселені қалыптастырудың дұрыс жолын таңдап, жоспарлы жұмыс жасауға талпынған дұрыс.

Қазіргі таңда қазақстандық брендтер дамып, тұтынушы оны алуға қызығушылық танытып отырған мезетті пайдаланып, бренд қалыптастыруға ұмтылу кәсіпкер үшін де, мемлекет үшін де маңызды бола бермек (Е. Арын, 2015).

Қазақы бренд қалыптастыру – қазақ ұлтын кең танытуға зор ықпал жасайтыны анық екенін білсек те, оған санаулы кәсіпкерлер болмаса, барлығы бірдей ұмтылып отырмағанын көз көріп отыр. Сондықтан ұлттық бренд қалыптастыру алдымен осы бағытта жұмыс жасауға мемлекет

тарапынан қолдау көрсетіліп отырған кәсіпкерлерден талап етілгені дұрыс деп ойлаймын. Ол үшін нақты жоспарлар жасалып, оның жүзеге асырылуы қадағалануы керек. Және мақалада атап өтілгендей ұлттық бренд қалыптасуы үшін ұлттық сананы қалыптастыру маңызды.

Әдебиеттер

Аакер Д.А. (англ./русск.) Создание сильных брендов = Building strong brands. – М.: Издательский дом «Гребенников», 2003, 2007 (переиздание). – 440 б. – ISBN 5-93890-003-4

«Алматының әлеуметтік-экономикалық дамуының драйвері қызметі» // «Алматы ақшамы» газеті. 2017 ж. 29.09.

Жаңғаразов И. «Тәуелсіздікті тұғырландыру қадамы» // «Ана тілі». 5-бет. 2015.

Исламбек А. «Көрші елдердің көршілік хақысы» // «Ана тілі» газеті. №40 (1350) 2016 ж.

5.“Әл-Фараби – даналықтың жібек жолымен” ғылыми форумының материалдары. 2016 ж. (112 б) .

Буланов А.В. «Бренд 2.0. От философии к практике». – М.: ОАО «Красная звезда», 2013. – С. 496.

Брэнд / Румянцева Е.Е. // Большой Кавказ – Великий канал. – М.: Большая российская энциклопедия, 2006. – С. 260. (Большая российская энциклопедия: [в 35 т.] / гл. ред. Ю.С. Осипов; 2004-2017, т. 4). ISBN 5-85270-333-8.

«Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» // «Егемен Қазақстан» газеті. №20 (29001).2016 жж.

«Мақсатымызға жұмыла ұмтылатын ел екенімізді көрсетейік» // «Егемен Қазақстан» газеті. №94 (29922) 2016 ж.

Қанат Ескендір. «Мәңгілік Қазақстан – мәңгілік ел болсын!»// «Егемен Қазақстан» газеті. №83 (288811). 2016 ж.

«Өрісті кеңейтер өзара ықпалдастық // «Егемен Қазақстан» газеті. №96 (28924). 2016 ж.

Самрат Ж. «Париж келісіміне – парасатты көқарас» // «Егемен Қазақстан» газеті. №207(28935). 2016 ж.

«Қазақстан қасиетті мекніміз» // «Егеменді Қазақстан» газеті № №229.29.11.2016 ж.

Базар Ж. «Еркін сауда есігі» // «Егемен Қазақстан» газеті. №206.2016.

Қосай О. «Заман тудырған талап» // «Егемен Қазақстан» газеті. 11 ақпан. 2015 жыл.

James K. Gregory. Leveraging the Corporate Brand. McGraw-Hill; 1 edition (July 11, 1997)

Дмитрий Анатольевич Шевченко, доктор экономических наук, профессор, заведующий кафедрой маркетинга и рекламы РГГУ, член совета Гильдии маркетологов, из книги «Реклама. Маркетинг. PR». Учебно-справочное пособие.

Капферер Ж.-Н. Бренд навсегда: создание, развитие, поддержка ценности бренда = Strategic Brand Management. – М.: «Вершина», 2007. – 448 с. – ISBN 5-9626-0015-0.

Келлер К. Л. (англ.)русск. Стратегический бренд-менеджмент: создание, оценка и управление марочным капиталом = Strategic Brand Management: Building, Measuring, and Managing Brand Equity. – М.: «Вильямс», 2005. – 704 с. – ISBN 5-8459-0682-2.

Кеннеди Д., Уолтер Ф., Кевэл Д. Жесткий бренд-билдинг: Выжмите из клиента дополнительную маржу = No B.S. Guide to Brand-Building by Direct Response. – М.: Альпина Паблишер, 2015. – 290 с. – ISBN 978-5-9614-4840-5.

Котлер Ф. Маркетинг от А до Я. 80 концепций, которые должен знать каждый менеджер = Marketing Insights from A to Z: 80 Concepts Every Manager Needs to Know. – М.: «Альпина Паблишер», 2012. – 216 с. – ISBN 978-5-9614-1943-6.

KN. Республикалық қоғамдық-рухани –мәдени журнал. Арын Е. №4(14).2015ж.(59-60б)

Ньюмей М. (англ.) русск. Разрыв бренда. Как возвестимость между стратегией бизнеса и креативностью = The Brand Gap: How to Bridge the Distance Between Business Strategy and Design. – М.: «Вильямс», 2006. – 192 с. – ISBN 0-7357-1330-8.

Павловская Е. Дизайнрекламы. Изд. – «Питер». – СПб., 2004.

А. П. Панкрухин и др. «Маркетинг: Большой Толковый Словарь». – 2-е изд. – М.: Издательство «Омега-Л», 2010. – С.29. Принципы брендинга

Перция В., Мамлеева Л. Анатомия бренда. – М.: «Вершина», 2007. – 288 с. – ISBN 5-9626-0282-X

Питерс Т. Человек-бренд: 50 верных способов превратиться из рядового сотрудника в бренд оригинальности, преданности и инициативности! = The Brand You 50: Or : Fifty Way to Transform Yourself from Employee into a Brand that Shout Disctintion, Commitment and Passion. – М.: «Вильямс», 2006. – 240 с. – ISBN 0-375-40772-3.

Тамберг В., Бадьин А. Бренд: Боевая машина бизнеса = Бренд: Боевая машина бизнеса. – М.: «Олимп-бизнес», 2005. – 240 с. – ISBN 5-9693-0007-1.

7kun.kz.

«Казахстанская правда». «Большие планы» . М.Те. №75 (28454).2017ж.

«Казахстанская правда». «Экономика на вырост». №64 (28446).2017ж.

«Казахстанская правда» «Еуразиялық даму банкінің қызметі». №79 (23060). 2017ж.

Цапенко А.М., Данилина Е.А. «Товарный знак в системе брендинга информационных технологий». – М.: ИНИЦ «Патент», 2007. – С. 3.

References

Aaker D. A. Sozdanıe sılnyh brendov [Build Strong Brands] // «Grebennıkov», 2007 – 440

«Almaty aqshamy» gazeti. «Almatynyń áleýmettik-ekonomıkalyq damýynyń draıveri qyzmeti» [Almaty city’s social and economic development driver] 2017 j.29.09.

«Ana tili». «Táýelsizdikti tuǵyrlandyrý qadamy». [The step of independence] I.Jańǵarazov. 5-bet. 2015j.

«Ana tili» gazeti. «Kórshi elderdiń kórshilik haqysy» . №40 (1350) . A.Islambek. 2016 j.

«Ál-farabı – danalyqtyń jibek jolymen» ǵylymı forýmynyń materıaldary. 2016j. (112 b) .

Býlanov A. Brend 2.0. Ot fılosofıı k praktıke [Brand 2.0. From philosophy to practice] «Krasnaıa zvezda». 2013. – S. 496.

Djeıms Dj. Ispolzovanıe korporatıvnogo brenda [Leveraging the Corporate Brand]. McGraw-Hill; (July 11, 1997)

«Egemen Qazaqstan» gazeti. «Qazaqstannyń úshinshi jańǵyrýy: jahandyq básekege qabilettilik». [The third modernization of Kazakhstan: global competitiveness] №20 (29001).2016 jj.

«Egemen Qazaqstan» gazeti. «Maqsatymyzǵa jumyla umtylatyn el ekenimizdi kórseteıik». [Let's show that we are a country that seeks to reach our goal] №94 (29922) 2016j.

«Egemen Qazaqstan» gazeti. «Máńgilik Qazaqstan – máńgilik el bolsyn!». [Eternal Kazakhstan is an eternal country] Qanat Eskendir. №83 (288811(. 2016 j.

«Egemen Qazaqstan» gazeti. «Óristi keńeıter ózara yqpaldastyq. №96 (28924). 2016 j.

«Egemen Qazaqstan» gazeti. Parıj kelisimine – parasatty kóqaras. [Parisian agreement – a wise opinion] J.Samrat. №207(28935). 2016 j.

«Egemendi Qazaqsta» gazeti. «Qazaqstan qasıetti meknimiz». [Kazakhstan is a sacred place] № №229.29.11.2016 j.

«Egemen Qazaqstan» gazeti. «Erkin saýda esigi». [Free trade door] J.Bazar. №206.2016.

«Egemen Qazaqstan» gazeti. Zaman týdyrǵan talap. [Time required] O.Qosaı. 11 aqpan. 2015 jyl.

«Kazahstanskaıa pravda» . «Bolshıe plany» [Big plans]. M.Te. №75 (28454).2017j.

«Kazahstanskaıa pravda» . «Ekonomıka na vyrost».[Growth Economy] №64 (28446).2017 j.

«Kazahstanskaıa pravda» .»Eýrazıialyq damý bankiniń qyzmeti». [The function of the Eurasian Development Bank] №79 (23060). 2017j.

Kapferer J.-N. Brend navsegda: sozdanıe, razvıtıe, podderjka tsennostı brenda [Strategic Brand Management]— «Vershına», 2007. – 448

Keller K. L.Strategıcheskıı brend-menedjment: sozdanıe, otsenka ı ýpravlenıe marochnym kapıtalom [Strategic brand management: the creation, evaluation and management of branded capital] – 2005. – 704b.

